37
Д-19

Р. ДӘУЛЕТБЕКОВА

ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Сөз мәдениеті және шешендік

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

11

МЕКТЕП БАСПАСЫ

Ж. Дәулетбекова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Сөз мәдениеті және шешендік

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы
11-сынып мұғалімдеріне арналған құрал

Өңделген екінші басылымы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен

TOSHKENT VILOYATI CHIRCHIQ
DAVLAT PEDAGOGIKA INSTITUTI
AXBOROT RESURS MARKAZI
3- FILIALI

Алматы "Мектеп" 2011

УДК 373(072)
ББК 74.268.1Қаз
Д19

Дәулетбекова Ж.

Д19 **Қазақ тілі. Сөз мәдениеті және шешендік: Әдістемелік нұсқау:** Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. — Өнд. 2 бас. — Алматы: Мектеп, 2011. — 104 б.

ISBN 978—601—293—346—8

Д $\frac{4306010200—075}{404(05)—11}$ 1(2)—11

УДК 373(072)
ББК 74.268.1Қаз

© Дәулетбекова Ж., 2007
© "Мектеп"баспасы,
көркем безендірілуі, 2011
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары
"Мектеп" баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—346—8

Алғы сөз

Өздеріңізге белгілі, жоғары сыныптарға арналған "Қазақ тілі" пәні "Сөз мәдениеті" саласы бойынша түзіліп, 10-сыныпта "Сөз мәдениеті", 11-сыныпта "Сөз мәдениеті және шешендік" тақырыптары оқытылып келеді. Бұл жүйе бағдарлы мектеп жағдайында біршама толықтырылып беріліп отыр. Өйткені қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының бейімділігі, мүмкіндігі ескерілді. Өзінің болашақ мамандығына сәйкес тілдік білімі мен білігін "Сөз мәдениеті" тұрғысынан тереңірек меңгеруге деген мүдделілік туғызу мақсатында бұл бағыттағы теориялық материалдар да, практикалық жаттығу-тапсырмалар да кеңейтіліп ұсынылды.

Мазмұны жаңа, соқпағы бөлек бұл саланы меңгертудің өзіндік ерекшелігі де, қиындығы да жеткілікті екені рас. Әйтсе де, бүгінгі қоғам талабы, болашақ заман қажеттілігі жас ұрпақтың өмірге бейімделіп, сапалы білім алуын керек етіп отыр. Сондықтан тілдің адам тіршілігіндегі, қоғамдық өмірдегі мәні мен қолданыс жүйесін мәдениет тұрғысынан меңгерту көзделді. Қолыңыздағы "Әдістемелік нұсқау" оқушының сөйлеу шеберлігін шыңдауға, оқулықпен жұмыс жасаудың, әртүрлі бағыттағы шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі бағыттарын айқындауға бағдар береді деп сенеміз.

"Әдістемелік нұсқау" екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде "Сөз мәдениеті және шешендік" курсын оқытудың ғылыми-теориялық мәселелері сөз болады. Онда сөз мәдениетінің қоғам талабымен өзектестігі, 11-сынып оқушысының психологиялық ерекшеліктері, танымдық мүмкіндіктері туралы мағлұматтар беріледі.

Екінші бөлімде "Сөз мәдениеті және шешендік" бойынша берілген тақырыптарды оқытудың жолдары ұсынылады. Әрине, бұл жалпы бағдар, негізгі жүйе түрінде болғандықтан, оны жетілдіріп, өзгертіп, түрлендіріп беру мұғалімнің өз еркінде.

Ісіңізге табыс тілейміз!

I бөлім

"СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК" КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. 10-11-сыныптарда қазақ тілін оқытудың тұжырымдамалық бағыттары

Жалпы білім беретін мектептер бағдарлы оқытуға бет алды және оқу мерзімі де ұзарды. Ал оның әлеуметтік тиімділігі неде болуы тиіс деген сұрақтың жауабын табу әрбір пән әдістемесінің негізгі мәселесіне айналды. Бұл мәселенің түйіні білім философиясының жаңаруы, жаңа парадигманың енуі, білім мазмұнының қоғам талабымен ұштасуы, жаңа технологиялардың қолданылуы, т.б. тенденциялардың маңыздылығын ескере отырып, оқытуды интеллект дамытудың қайнар көзіне айналдырудың тетіктерін айқындау арқылы шешілері сөзсіз.

10-11-сыныптардағы қазақ тілі пәнін оқыту тілдік қатынастың жекетұлға мәдениетімен бірлігіне негізделіп жүйеленді. "Сөз мәдениеті" деп аталатын бұл салада 9-сыныпқа дейін қазақ тіл білімінің ғылыми негіздерімен жан-жақты таныс болып келген жеткіншектің игерген білімдерін біліктілік тұрғысында пайдалануға бағыт беріледі. Бұл оқушының жеке адами қасиеттерін, бейімділік қабілеттерін арттыруды көздейді. Мұндай бағытты таңдап алуымыздың негіздемелерін төмендегіше айқындауға болады:

Біріншіден, бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда да өздігінен жол таба білуге бейім адам тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасында әр оқушыны дара тұлға деп танып, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға алғышарт жасауға мән берілуі тиіс. Олай болса, білімнің мәні — өткеннің тәжірибесін танытып, пәндік іскерліктерді қалыптастыруында ғана емес, ең бастысы, оқушының өздік әрекетіне бағыт беруде, оны әрдайым дұрыс шешім қабылдай білуге үйретуінде.

Мектеп бітіруші жас ұрпақ болашақтағы өз бағытын дұрыс белгілеп, саралай білуі үшін оларға берілетін білім өзегінде, біріншіден, өзіндік сана, көзқарас, дүниетаным мен

сенім қалыптастыратын; екіншіден, қай ортаға болсын тез бейімделіп, жаңа ақпараттарды тез түсіну, қабылдау қабілеттігін, іскерлік қасиетін дамытатын компоненттер қатар қамтылуы тиіс. Сонда ғана білім потенциалдық күштен оқушы әрекетін дамытудың тетігіне, яғни практикалық қажеттілікті ақтайтын тегеурінді күшке айналады. Сондықтан жоғары сатыда жеткіншекке тілдің танымдық сипаты мен коммуникативтік қызметін өмір-тіршілік жағдайларын ескере отырып, жан-жақты меңгертудің тиімді жолдарын айқындау көзделеді. Бұл сөз мәдениетін қарым-қатынастың нақты түрлері бойынша жүйелі үйрету арқылы шешілмек. Тілдік мәдениеті, білігі қалыптасқан адам ғана қай ортада да өзіне сенімді бола алады және айналасындағылармен өзара тіл табыса білуге қабілетті болады. Ал тіл табыса білу — еңбек нәтижелілігінің ең қажетті шарты.

Екіншіден, тіл адам санасында шындықты бейнелеу мен жинақтау құралы болғандықтан, ол адамдардың интеллектуалдық әрекетінің де ерекше түрі болып саналады. Яғни тіл мен сөйлеу — сол адам болмысының, оның жалпы табиғатының көрсеткіші. Бұл тұжырым оқушының коммуникативтік дағдыларын дара тұлға мәдениеті тұрғысынан қарастыруды қажет етеді. Олай болса, бүгінгі білім жүйесінде кең өріс ала бастаған мәдениеттану бағытының білім мазмұнымен анық та айқын кіріктірілуі қазақ тілі пәнінде оқушыға сөз мәдениетін үйретудің қаншалықты деңгейде шешілуімен қамтамасыз етілетіні даусыз.

Сондықтан 10-11-сыныптар бағдарламасында мынадай ауқымды тақырыптарға басымдылық беріледі: қарым-қатынас және сөз әдебі, іскерлік қатынас және жазба тіл мәдениеті, сөз мәдениеті және шешендік, пікірталас мәдениеті.

Үшіншіден, бүгінгі білім мазмұны оқушыға теориялық терең мағлұмат берумен қатар баланың өзіндік көзқарасы мен дүниетанымын қалыптастыруға қарай бейімделіп құрылуы тиіс деген қағида тұрғысынан келгенде және оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктерін ескерсек, нақты практикалық маңызы бар тілдік іскерліктерді жүйелі қалыптастырудың орны бөлек. Мұндағы басты талап ой-пікір алмасудың, сөз мәдениетіне жетік болудың тиімді тәсілдерін, құралдары мен түрлерін, жолдарын анықтауды керек етеді. Жеткіншек сөз әлемінің өзіне әлі де беймәлім

ықпыл-жықпылдары бар екенін, одан өркім өзінше жол тауып шығуы қажет екенін мойындататын схоластикалық идеалды малданып отырмай, оның сол сөйлеу талаптарымен бетпе-бет келгенде не істей алар едім деген сауалға жауап табуға қажетті білім-біліктерді меңгеруіне икемделген оқыту жүйесі қажет. Міне, сол себепті де ой тереңдігімен, сөз сиқырымен танылған таңғажайып дарынды шешендердің не дегенін ежіктеп баяндаудан гөрі, өзін әртүрлі тілдік жағдаятқа қоя отырып, толқу, толғану сезімдерін бастан кешіруге, нақты тапсырмалар арқылы сынға түсуге орайласқан оқу процесінде ғана баланың ойы да, тілі де дамитыны ескерілуі мәнді. Бұл оқыту жүйесінде шешендік өнерден бас тарту емес, сол шешендік сөздерді өз деңгейінде, өз орнында пайдалана отырып, оны сөз мазмұнын, ой түйінін жеткізетін құрал ретінде түсіну деген сөз. Сөз мазмұнын түсіну ғана баланың логикалық ойын дамытады, одан әрі қарай берілетін жаттығулар арқылы тілі ширайды. Сондықтан тарихта болып өткен шешендердің сөздерінің теориялық негіздерін танытатын ережелерден гөрі, сол шешендердің сөз үлгілеріне еліктеп ой айтуға үйрету әлдеқайда тиімді. Әрі мұндай әдістер оқушының жас ерекшеліктерімен де іштей қабысып жатыр. Себебі жоғары сыныптағы мектеп оқушысы үшін темірдей теорияларды қабылдаудан гөрі, өз тәжірибесіне сүйене отырып, ой түйіндеулерін жасау, жеке ой қорытындыларын жүйелеу қызықты болады. Өйткені олар қандай жағдаятта да өз бетімен жол табуға құштар. Оның үстіне XXI ғасырдың табалдырығын аттағалы отырған жас буынды білімнің сипаты немесе тиістілігі емес, өзінің оқу еңбегінің қандай нәтиже беретіні көбірек алаңдатады. Бұл — өте табиғи талап. Егер тұрлаусыз уақыттың сынынан сүрінбей өтудің бір шарты — тіл табысу, өз көзқарасын айқын дәлелдей білу болса, онда соған қажетті тілдік талғамды, сөйлеу қабілетін тек тәжірибелік әрекет арқылы дамытуға болатыны ақиқат, шындық. Сондықтан да шешендікке баулу, ана тілін сүюге, құрметтеуге үйрету теория түрінде емес, жүйелі түрдегі эмпирикалық ережелерге, заңдарға сәйкес берілетін білім мен біліктің бірлігіне негізделеді.

Төртіншіден, жаңа білім мазмұнында ұлттық дәстүр мен жалпыадамзаттық құндылықтар бір-бірімен түйісіп, өзара

сабақтасып берілуі де маңызды талаптардың бірінен саналады. Олай болса, тілді оқытуды баланың қарым-қатынас жүйесіндегі сөз әдебімен, жазба тіл мәдениетімен орайластырудың негізінде де жас ұрпақтың бойына халықтық салт-сана мен жаңа деңгейдегі мәдени талаптарды қатар сіңіру; оларды тілдік талғампаздыққа үйретудің бүгінгі уақыттың жаңа талаптарымен, ізгілендіру, демократияландыру тенденцияларымен тамырластығын түсіндіру арқылы қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік маңызына көз жеткізіледі. Оқушының өз тіліне деген құрмет сезімдерін ояту мақсат етіледі.

Бесіншіден, ана тілін оқытудың мәні мен әлеуметтік қызметі — тілдің табиғи қызметі қарым-қатынас құралы болу екендігіне көз жеткізу. Бұл сөйлеу әрекетін дамыту арқылы жүзеге асатыны белгілі. Психологияда сөйлеудің әрекет деп танылуы тілді оқыту әдістемесінің әдістанымдық негізі ретінде алынады. Сөйлеу, яғни практикалық әрекет, тілдік білімнің адам қажетіне айналуы. Сол себепті бағдарламада оқу материалдары логикалық-семантикалық ұстаным негізінде сөз мәдениетінің ауқымында беріліп отыр.

Міне, осы қағидаларды топтастыра отырып, 10-11-сыныптардағы **қазақ тілін оқытудың мақсаты** ана тілінің тарихы, шешендік өнердің сан алуан сипаттары туралы берілетін мағлұматтар негізінде оқушының сөз мәдениетін жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету, шебер сөйлеу қабілеттерін арттыру деп айқындалады.

10-11-сыныптардағы қазақ тілінің білім мазмұнын анықтауда, негізінен, тілдің танымдық, коммуникативтік, кумулятивтік, т.б. қызметтері қатар ескеріліп, оқу материалдары соған сай практикалық бағыттылық, коммуникативтік белсенділік, қоғам талабы мен оқыту жүйесінің бірлігі, интеграция, жүйелілік, сабақтастық, т.б. ұстанымдар негізінде іріктеліп алынды. Тілдік білім мен білік негізіне оқушының жекетұлғалық мәдениетін қалыптастыру тірек етілді. Бұл білім берудің жаңа деңгейіндегі адам-қоғам қатынастарындағы жалпыадамзаттық өркениет пен ұлттық құндылықтарды сабақтастыру мақсатына сай келеді деген сенімдеміз.

1.2. "Сөз мәдениетін" оқытудың заман және қоғам талабымен үндестігі

Кез келген тілдің ең басты қызметі — қарым-қатынас құралы болуы. Сондықтан ол ана тілі ретінде я екінші тіл, немесе шетел тілі ретінде оқытылсын мейлі, осы табиғи қызметіне сай деңгейде меңгертілуі өзекті мәселе болып табылады. Егер тіл пәндерінде тек оның грамматикалық жүйесіне ғана назар аударылып, теориялық білім көлемін меңгерумен шектелсек, онда пән де, оқу процесі де оқушының өмірлік қажеттерін толық өтей алмай, сыңаржақ бағытта жүзеге асырылмақ. Дәл қазіргі жағдай бұл сөзіміздің растығын дәлелдеп те отыр: бүгінгі мектеп түлектері қарым-қатынастың қарапайым қағидаларының өзін біле бермейді; өз ойын, пікірін, көзқарасын мәдениетті түрде жеткізуге шорқақ; жұрт алдында сөйлеуден қашқақтап тұрады; өзінің дұрыс ойын ашып айтуға жасқанады; тілдік-грамматикалық білім көбіне схоластикалық жолмен игерілетіндіктен, ережелерді де толық түсінбей, жалаң жаттауға бейім екені байқалады. Әрине, озық тәжірибелі санаулы мұғалімдердің алдынан білім алған я өзінің жалпы жаратылысында, отбасындағы тәрбиесінде, тегінде тілге икемділігі айрықша қабілетті балалардың бар екенін жоққа шығаруға болмас, дегенмен мектеп оқушыларының қазіргі күндегі білім, біліктерін саралаудан түйген пікіріміз осындай. Себебі: сол жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деген балалардың өзінің жауабынан да шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бойынша тосын сұрақтар төңірегінде көңіл тұшынтарлық нәтижелер көріне бермейді. Бұл — қазақ тілін оқытудағы елеулі олқылықтың бар екенінің дәлелі.

Жалпы білім беретін мектептің үш сатысында да қазақ тілі үзбей, жүйелі оқытылып келді. Оған бөлінген сағат саны да аз емес-ті. Бірақ ол сағаттардың басым көпшілігі грамматикалық тақырыптарға арналып, енді біраз бөлігі диктант, қайталау бағытындағы жұмыстармен шектелді. Бағдарлама соңында берілген "Оқушының білім-білік, дағдыларына қойылатын талаптарда" да тек грамматиканы меңгерту мәселесіне көңіл бөлінді, мұғалімнен де осы талап бойынша білім беру сұралды.

Оқушы бойында тілдік сезімді, тілдік-эстетикалық талғамды, тілдік қабілеттерді дамыту жайына жете назар аударылмады.

Бүгінгі педагогика өзінің арнаулы міндеттерімен қоса мәдени иммунитетті дамытудың ең басты шарты ретінде оқушының ана тіліне сүйіспеншілігін ояту, жалпы тілді оқытудың әуезділік мәселелерін айқындап, негіздеу, оны мектеп тәжірбиесіне нық енгізуді атап отыруы оқыту мен тәрбие ісінде бұл пәннің атқарар рөлінің қаншалықты маңызды екенін дәлелдесе керек.

Бізде әлі де ана тілін көп пәннің бірі деп санау басым, оның бірегейлік рөліне үстірт қараумен келеміз. Тілді сүю, оны құрметтеу, шебер сөйлеу дегендер ұран қалпынан аса алмай жүр. Ана тілі адам өмірге келген сәттен бастап-ақ оның дамуының бірден-бір мәдени факторы болып саналатынына мән берілмейді. Егер тіл сол табиғи ортада өз деңгейінде бағаланбаса, баланың тілдік сезімін қалыптастырмаса, ана тілінің бүкіл ұлттық сипаты ашылмаса, онда мектеп я басқа да білім мекемелерінде оқулықтарды, білім стандарттарын жетілдірудің пайдасы аз болмақ. Әрине, бұл оқу процесі ешқандай қамсыз отыруы керек дегенді білдірмейді. Тек оқуды жетілдірудің ғылыми-әдістемелік жүйесіндегі өзгерістер мен тілдің қоғамдық-әлеуметтік рөлінің артуындағы бағыттар қатар қамтылуы ғана білімді жетілдірудің басты шарты болып табылады. Яғни баланың бойында өзінің ана тілінде сөйлеуге деген қажеттілік тууы керек. Ол тілді меңгеру өзін танытудың, мойындатудың алғышарттарының бірі екенін саналы сезінуі тиіс. Бұл — ауызша сөйлеуде ғана емес, оқушының жазба мәдениетіне деген көзқарасын да дұрыс қалыптастыруға итермелейтін үлкен күш. Өйткені тілдің екі формасының да адам үшін маңыздылығы бірдей. Әсіресе қазіргі уақыт адам сауаттылығының барлық салада да қажеттігін дәлелдей түсуде. Себебі бәсекелестік тек экономикалық салада емес, ақыл-ой дәрежесінің жоғарылығын талап ететін қоғамдық салалардың барлығында көрініс тауып отыр. Кез келген мекеме өз қызметін жандандыру үшін ғана емес, бұдан былайғы жерде келешегін орнықтыру үшін де білікті, білімді мамандарға зәрулік танытуы — табиғи құбылыс.

"Сөз мәдениеті" атты саланың мектеп бағдарламасына арнайы енгізілуіне де осы табиғи заңдылық негіз болып отыр. Бұл — бір.

Екінші жағынан, негізгі сатыда мектеп оқушылары тілдің грамматикалық жүйесін толық меңгеріп шығуы тиіс. Яғни

тіл білімі бойынша білуге тиістің бәрі осы сатыда ұсынылады. Ал келесі, жоғары сатыда оқушылар өз тілектері, қалаулары бойынша бағдарлы мектептің бірін қалайды: не қоғамдық-гуманитарлық бағдарды, не жаратылыстану-математика бағдарын таңдайды, не кәсіптік бағдарды қалайды. Олай болса, бұл сатыда берілетін білім (қай пәннен болса да) оқушының жекебасы дамуымен, олардың қажеттілігімен сәйкес келуге тиіс. Егер, кейбір мамандар айтқандай, қоғамдық-гуманитарлық бағдарда тілдің теориялық негіздерін тереңдетіп оқытсақ, қалған екі бағдарға не ұсынылады? Оларға тілдің теориясының қажеттілігі жоқ екені белгілі. Ал қай бағдар болса да стандарт талабы бірдей, ортақ болуы тиіс деген шарт бар. Ендеше, бұл мәселені оң шешудің бір жолы қай саланы таңдаса да, әр оқушыға сөз мәдениетінің талаптарын білгізу, оларды сөз шеберлігіне баулу екендігі дау тудырмайды.

Тіпті қоғамдық-гуманитарлық бағдарды қалайтын оқушылардың бәрі бірдей филологияны ғана таңдамайтыны анық. Олардың бір тобы тарихты, бір тобы журналистиканы, енді бір тобы заңгерлікті ұнатады, болашақта да осы мамандық бойынша білімін жалғастыратыны сөзсіз. Ал тарихшы мен заңгерді я журналисті тілдің теориясынан гөрі оның қолданыс жүйесінің заңдылықтары қызықтырарына ешкім таласа қоймас. Міне, осындай себептердің қай-қайсысы да бағдарлы мектептер үшін "Сөз мәдениетін" оқытудың қажеттілігі мен тиімділігін бекіте түседі. Ал тереңдетілген теориялық материалдар болашақ филолог болуды қалайтын топтарға таңдау курсы түрінде "Тілдің теориялық жүйесі", "Тіл тарихы", "Көркем шығармалар тілі", т.б. бағдарламалар 34 сағаттық, 17 сағаттық көлемде ұсынылатын болады. Сол сияқты тарихшыларға, журналистерге, заңгерлерге өз салалары бойынша аса қажетті материалдар таңдау курстары сипатында оқытылады.

"Сөз мәдениеті" орта мектептің 10-сыныбында "Сөз мәдениеті", 11-сыныпта "Сөз мәдениеті және шешендік" болып меңгертіледі. 10-сыныпта сөз мәдениетінің негіздері, адамның өмір тіршілігіндегі бейресми, ресми қарым-қатынастардағы сөйлеу әдептерімен байланысты білім-біліктер жүйеленіп беріледі. Онда тұрмыстық-әлеуметтік және іскерлік қатынас түрлерінің өзіндік ерекшеліктеріне

қарай тілдік қабілеттерді жетілдіру мәселелері қамтылады. Оған қоса жазба тіл мәдениеті талаптары, іскағаздары мен шығармашылық сипаттағы жұмыстарға сай тілдік іскерліктер жүйеленіп ұсынылады. Бағдарлы мектептегі іскағаздар екі топқа жіктеліп беріліп отыр: жеке адам өміріне және мекеме-ұйым жұмыстарына қатысты іскағаздарының түрлеріне тән тілдік ерекшеліктер. Сонымен қатар іскағаздарының стиль түрлерімен байланысы туралы нақты мағлұматтар да беріледі.

11-сыныпта "Сөз мәдениеті және шешендік" тақырыбы аясындағы білім-біліктер ұсынылады. Бұл жерде "шешендік" ұғымын ажыратып алу қажет. Кейбір әріптестеріміз "Ауызекі сөйлеу тілінің өзін дұрыс білмеген баланы қалай шешендікке үйретеміз?" немесе "Шешендердің сөзін оқытқанмен, біздің балаларымыз оларды жете түсінбейді", "Шешендік балаларға ауыр болады, оның теориясы күрделі", "Барлық оқу орындарында тест жүйесімен оқуға түседі, сондықтан 10-11-сыныптардың "Қазақ тілінде" сол тестілермен жұмыс істеу жағы қарастырылуы тиіс емес пе?" деген сауалдар береді. Әрине, қазіргі оқу процесі тұрғысынан қарағанда, сөйлеуге төселмеген балаларға шешендікті үйретем деу асыра сілтеу сияқты көрінуі әбден мүмкін. Себебі бүгінгі мектеп бағдарламаларында, оқулықтарда оқушыларға грамматиканы меңгертуге басымдылық беріліп отырғаны шындық. Ал сөйлеуге үйрету, шығармашылық сипаттағы жұмыстарды ұйымдастыру мұғалімнің өзіне жүктеліп келе жатқаны да рас. Бірақ көзі қарақты мұғалім соңғы жылдары республикалық баспасөз беттеріне жарияланып жатқан ғылыми-әдістемелік бағыттағы мақалаларда, арнайы еңбектерде қазақ тілі сабақтарында оқушының тілдік қабілеттерін дамыту қажеттігі негізделіп беріліп, бүгінгі қоғам талабының оқушының сөз мәдениетін жетілдіруді қажет етіп отырғанына назар аударылып жатқанынан хабардар болар деп ойлаймыз. Ал біз ұсынып отырған шешендік осы сөз мәдениетінің жетілген, шеберлік деңгейіндегі тілдік қабілеттерді жетілдіру деген ұғымда ұсынылады.

Шешендік екі түрлі ұғымды білдіреді: а) шешендіктану мәселелері, ә) шешен сөйлеуге үйрету. Мұның біріншісі "риторика" да, ал екіншісі "ораторство" деген мағыналарға

сай келеді. Біз осының екіншісіне тоқталдық. Теория қанша тегеурінді болғанмен, оның адам қажетіне айналуы тек практика арқылы мүмкін болады. Сондықтан бүгінгі жастарға керегі *бізге дейін қандай шешендер болды, олардың қоғамдағы орны қандай маңызға ие еді, олар сөйлеудің қандай әдіс-тәсілдерін пайдаланды* деген сұрақтар төңірегіндегі ақпараттардан гөрі жүре қалыптасатын *шешендік өнердің сыры қандай, оған қалай қол жеткізуге болады, дайындық сатысы қандай болу керек, шешенге қойылар талап қандай, шешен сөйлеуге қалай қол жеткізеді, ойды анық, дәл, түсінікті, жүйелі, дәлелді жеткізудің амал-тәсілдері қандай* деген мәселелер бойынша нақты бағдар алып, сыннан өтуге лайықталған тапсырмалар бойынша жұмыс жасап жаттығу әлдеқайда пайдалы. Ал бұл жұмысты жүйелі ұйымдастыру деген өз алдына бөлек әңгіме.

Шешендікті үйрену оқушыларға ауыр болады деушілерге айтарымыз, біздің үйрететініміз мақалдап, тақпақтап, астарлап сөйлейтін бұрынғы шешендік сөз емес. Бізге керегі — бүгінгі өмір сынына төтеп беру үшін өз ой-пікірін жүйелі, тартымды, түсінікті етіп жеткізе аларлық дағдысы, қарым-қатынастық біліктілігі дамыған жастардың жаңа заманға лайық шешендігі. Ең болмағанда, қаптаған ақпараттар тасқынында адасып қалмау үшін асыл мен жасықтың парқын ажырата аларлық дәрежедегі сөз түсіну, түйсіну, өзіндік ой түйе білу іскерлігі қалыптасқан жастарды тәрбиелеуде ана тілінің мүмкіндігін қолдану көзделіп отыр.

Тест мәселесі тұрғысынан сөз етсек, шынында, қазіргі қолданып жүрген тест үлгілері — білім тексерудің ең қарабайыр, ең шектеулі формалары. Бұл тестілер арқылы оқушының ақыл-ойы, зерделілігі, сөйлеу әрекеті деген ең қажетті қабілеттер деңгейін ажырату мүмкін емес. Әлемдік тәжірибеде ана тілі түгілі екінші я үшінші тілді меңгеру деңгейін анықтау үшін берілетін тестілердің ішінде де біз жаппай қолданып отырған тест сұрақтары оның бір шағын бөлшегі ғана болып саналады. Олардың бәрінде де тілдік қабілет сөйлесім компоненттері (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым, тілдесім) бойынша кешенді түрде тексеріледі. Бұл, әрине, тестің бірінші кезекте грамматика емес, оқушының өзіндік, шығармашылық қабілеттерін бағалауға бағдарланып жасалу қажеттігін көрсетеді. Олай болса, ендігі жерде мәтінмен кешенді жұмыс жасау, тыңдау, жазу, айту, оқу арқылы ғана білім деңгейі сараланууы

тиістілігі біздің білім беру жүйемізге де енуі қажет деген сөз. Сонда шешендікке, шеберлікке жетелейтін дағды-іскерліктерді қалыптастыруға пән мұғалімдерінің, оған қажетті ғылыми-әдістемелік жүйені ұсынуға ғалым-әдіскерлердің мүдделілігі артады. Сол кезде сөз мәдениетінің биік сатысы шешендікке үйретудің мәні мен маңыздылығын өмір өзі дәлелдеп бермек.

1.3. "Сөз мәдениеті және шешендік" курсын оқытудың ұстанымдары

Тілдік талдау мәтінді түсініп оқудың жоғары мәдениетін қалыптастырады. Оқушының сөйлеу мәдениетін көтереді. Тілдік құбылыстарға сергектігін арттырады, эстетикалық сезімі мен талғамының ұшталуына жәрдемдеседі. Мәтінді талдау тілдік тұлғалардың барлық деңгейлерін — фонетикалық, лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жақтарын қамтуы қажет.

Білімді әрі саналы, әрі қызықты етіп меңгертудің бір жолы ретінде ғылыми терминдерге түсінік бере отырып оқыту басшылыққа алынады.

Осындай ретпен берілетін білімнің жан-жақты әрі кешенді түрде бекітілуі, профессор С.Рахметова атап көрсеткендей, "ана тілін ұғындыруды, біріншіден, тілді оқытуды сол тіл табиғатына сүйене отырып жүргізгенде, екіншіден, сол білімді баланың ұғыну психологиясынан туындатып беруге негізделгенде" нәтижелі болады.

Ғалымның бұл пікірі ана тілінің ең басты қызметі — қарым-қатынас құралы екендігіне үнемі назар аударып, тілді оқыту процесінде тіл құралдарын меңгертуді оқушылардың сөйлеу әрекетімен ұштастырудың қажеттігін танытады. Яғни тілді меңгеруге қарым-қатынас тұрғысынан қарау мектеп қабырғасында қазақ тілі пәнін оқытудың мақсатын да, әдістемелік жүйесін де өзгертуге жол ашады. Олай болса, оқу пәнінің білім мазмұнында тілдің коммуникативтік қызметін, грамматикалық жүйесін бір-бірімен тығыз байланыстырып меңгерту міндеті айқындалады. Оқыту жүйесінде мұндай міндеттің алға шығарылуы қарым-қатынас жетекші әрекет түрі болып саналатын жеткіншек кезеңде білім беруде үлкен мәнге ие болады. Мұндағы басты мәселе — қарым-қатынастың түрлерінде, сөйлеу әрекеттерінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру

және жалпы дидактикалық ұстанымдарды тілді оқытудың әдістемелік жүйесімен ұштастырып отыру.

Ескере кететін мәселе — тіл мәдениеті деген ұғым тілдің тек мәдениетке қатысты екенін аңғартпайды, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелеу дәрежесінің қандай екенін анықтайды. Сондықтан сөйлеудегі, жазудағы, тіл жұмсаудағы өнегелі үлгілер, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік тіл мәдениеті деген ұғымға енеді. Мақсат — сол мәдениетті дамыту, сол үшін күресу. Күнделікті сабақтарда жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарында да, арнайы ұйымдастырылатын тіл ұстарту бағытындағы алуан түрлі тапсырмаларда да оқушының тіл мәдениетін жетілдіруге үздіксіз көңіл бөлгенде ғана оған нұқсан келтіретін басты кемшіліктерден: орфографиялық, орфоэпиялық, стильдік қателерден арылуға қол жетеді.

Еліміздің егемендік алуымен байланысты қоғамның барлық салаларымен қатар білім беру ісінде де түбегейлі өзгерістер жасау міндетіне орай қазақ тілін оқыту жүйесін жаңарту талабы туды. Бұл орайда қазақ тілінен білім берудің айқын тұжырымдамасын жасау қажет болды. 1992 жылы профессор Р.Әміровтің "Қоғам реформасына сай қазақ тілін оқыту концепциясы" жарық көрді. Бұл еңбекте қазақ тілін оқыту жүйесіндегі белең алған басты кемшіліктер аталып, оның қоғамдық-әлеуметтік себептері жан-жақты айқындалды; тілді оқытуда басшылыққа алынуға тиіс бірқатар педагогикалық-психологиялық және дидактикалық ұстанымдар ғылыми тұрғыда негізделді. Қазақ тілін меңгертудің әдістемелік, практикалық жолдары сараланды.

1997 жылы Ғ.Қалиев, Г.Қосымова, Ж.Дәулетбековалардың авторлығымен "Қазақ тілін оқыту тұжырымдамасы (жоба)" жарық көрді. Бұл тұжырымдамада қазақ тілін оқытудың бүгінгі жайына нақты талдау жасалып, болашақта берілетін білім мазмұнының басты бағыттары көрсетілді. Осы тұжырымдамалардағы идеялар мен бағыттар негізінде "Қазақ тілін оқыту бағдарламасы" жасалды. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымындағы озық ой-пікірлерді қорыту нәтижесінде айқындалған әдіс-тәсілдер жүйеленді. Пән бойынша оқу уәждерін қалыптастыруға негіз болатын субъективтік, объективтік факторларды саралай келе және осы мәселені арнайы зерттеген ғылыми еңбектердегі қағидаларға сүйеніп, қазақ

тілін оқытудың басты бағыттары төмендегідей болып белгіленді:

1. Білім мазмұнында теориялық мәліметтерді оқушылардың тілдік дүниетанымын қалыптастыруға, оқушының практикалық іс-әрекетінің базасы ретінде қолдануға, тіл құралдарының қарым-қатынастық біліктілікке негіз болатынын ұғындыруға, тілдің танымдық қызметін түсіндіруге, оқушының ана тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға негіздеп қамту.

2. Оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың әдістемесі бойынша: балаға оқу әрекеті компоненттерін меңгерту, проблемалық оқыту негізінде оқушылардың өздігінен ізденуіне, шығармашылықпен әрекеттенуіне жол ашу. Тілдің өмірлік қажеттігін танытатын жаттығулар арқылы пәнге қызығушылығын қалыптастыру.

3. Пәнді оқыту процесіндегі психологиялық ахуалды тұрақтандыру бойынша: оқушылардың өзара қарым-қатынасын қалыптастыру, оқушы мен мұғалімнің түсіністігіне қол жеткізу, әр оқушыға өзінің қоғамдық рөлі мен жауапкершілігін сезіндіру, т.б.

Әрине, бұл факторлар шартты түрде бөлініп беріледі. Себебі олар жеке-дара күйінде жемісті нәтиже бере алмайды. Баланың даму процесінде оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыруға бұлардың әрқайсысы өзінше үлес қосады. Сондықтан оқу-оқыту процесінде бұл аталған факторлар бір-бірімен өзара ұштасқанда ғана көзделген оң нәтижелерге қол жеткізіледі.

Сонымен, оқытудың әдістемелік жүйесі, оның әрбір бөлігінің атқаратын қызметіне сай негізгі дидактикалық ұстанымдар сараланды. Біз оларды кешенді түрде былайша жүйелеп беруді жөн деп санаймыз:

Қазақ тілін оқытудың мақсатына сай басшылыққа алынған басты ұстаным — *оқыту мақсаты мен қоғамдық әлеуметтік талаптардың ұштастырылуы.* Мұнда бүгінгі қоғамның мектеп алдында қойып отырған басты міндеті өмір сүруге бейім, тілдік қабілеті жоғары дара тұлғаны дамыту болғандықтан, қазақ тілін ана тілі ретінде субъектінің дамуының ең басты құралы ретінде таныту көзделеді. Ол үшін оқушыға тілдің өзін-өзі, басқаларды танудың құралы екендігін, тілдің адам тіршілігінде маңызды рөл атқаратындығын түсіндіре отырып, білімнің мәнін саналы ұғынуына бағыт беру қажет. Мұндай білім оқушыны өз

әрекетінің субъектісі ретінде бағалап, оқытудың жекетұлғалық бағдарын барынша кеңейту арқылы меңгертіледі. Сондықтан 11-сынып жалпы білім беретін мектептің қорытындылаушы сыныбы екенін ескеріп, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік жүйені саралауды мақсат еттік. Бұл, әрине, оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарының өзара сабақтастығы, бірлігі арқылы жүзеге асырылады. Дамыта оқыту идеясының негізінде тілдік білімнің, білік пен дағдының оқушы үшін мәнін сезіндіре отырып меңгерту пәнге деген саналы көзқарас қалыптастырудағы ең өзекті мәселе болып саналады. Оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп бағалайтын жаңа әдістемелік жүйенің мәні де осында.

Қазақ тілі пәні бойынша оқушыға ұсынылатын білім мазмұнында тілдің грамматикалық мәселелерімен қатар ана тілінің қоғамдық қызметін таныту да оқу уәждерін дамытуға үлкен ықпал етеді. Бұл бағыттағы басты ұстанымдардың бірі — *теориялық білім мен оқушы практикасының байланыстығы.* Оны жүзеге асырудың шарты ретінде тақырыптарды оқушының білік дағдыларын қалыптастырудың базасы деңгейінде меңгерту, әр тілдік фактінің оқушының сөйлеу мәдениетін жетілдірудегі рөлін, орнын таныту алынады. Теориялық тақырып аясынан өзіне қажетті, маңызды мәселені тани алу оқушының пәнге деген танымдық қызығушылығын оятады, пәнге жағымды қатынасын қалыптастыруға себеп болады. Сонымен қатар өзін танытуға құштар жеткіншектің білімінің жекелік мәнін дұрыс түсінуі қажет. Білімге оқушы ынтасының артуы — оқытудың тиімділігі мен сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Білімнің оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы ұстанымы білім көлемінің балалардың танымдық деңгейіне сай келуінің қажеттігін көрсетеді. Күрделі тапсырмалар, ауыр тақырыптар баланы қалай тез шаршатса, тым жеңіл, қарабайыр оқу материалдары да солай жылдам жалықтырады. Сондықтан әрбір жас кезеңдегі жетекші әрекет түріне лайық білім беруді ұйымдастыру ғана бала дамуына мүмкіндік туғызады. Жеткіншек шақтағы баланың өзіндік санасының оянуы мен құндылық бағдарының өрістеуі, осы сатыда қарым-қатынастың шешуші мәнге ие болуы оқу әрекетінің барлық кезеңдерінде бұл мәселеге ерекше ден қоюды қажет етеді.

Әдістемелік жағынан жүйелі, сатылы жолмен оқушының тілдік дағдыларын жетілдіріп отыру ұтымды болып есептеледі.

Сабаққа оқушы зейінін кездейсоқ, жеке-дара тапсырмалар арқылы аударудан гөрі неғұрлым бір-бірімен іштей сабақтасып, мазмұн жағынан өзара байланысып жатқан оқу материалдары арқылы дамыту, сөз жоқ, үлкен шеберлікті қажет етеді. Ол үшін оқушыға ұсынылатын материалдар танымдық қабілетті дамытуына қарай іріктеліп берілуі тиімді. Оқушылардың таным әрекетін субъектінің зерделік дамуының басты негізі ретінде ұйымдастыру кезінде базалық білім мазмұнында оқушының жас ерекшеліктеріне сай деңгейдегі білім көлемін анық айқындап алудың маңызы жоғары. 11-сыныпта ғылыми ұғымдарды меңгертуде оқушыларды өздігінен ой қорытуға, шешім жасауға үйрету мақсат етіледі.

Ғылымилық ұстаным бойынша оқулықтағы тілдік материалдардың мазмұны тіл білімі саласындағы ұғымдар мен олардың құрылымына сәйкес келуі ескеріледі. Тілдік мәліметтер мынадай талаптарға сай болуы тиіс: 1) білім көлемі сол сыныптағы балалардың жасына лайық болуы; 2) тілдік мәліметтердің өзіндік белгілерінің сараланып берілуі; 3) анықтамалар мен ережелердің нақты болуы; 4) тілдік тақырыптар бойынша меңгерілетін білік, дағдылардың дәл белгіленуі, т.б. Сондай-ақ әр тақырыптың жалпы тіл мәдениеті жүйесіндегі орнына көңіл аудартып отыру оқушының білімді саналы игеруіне көмектесумен қатар оқушылардың танымдық уәждерін де дамытады әрі балалардың лингвистикалық дүниетанымының тұтастығын қамтамасыз етеді. Тіл біліміндегі мұндай байланысты меңгерту арқылы оқушылар тектік, түрлік ұғымдарды бір-бірінен ажырата білуге де төселеді.

Білім мазмұнын анықтауда *коммуникативтік ұстанымның* алға шығарылуы тілді оқытуға қойылған жаңа талаптардан туындайды. Бұл білім мазмұнын анықтауда басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне салынады. Себебі тілді меңгеруде грамматизациядан арылуға бірден-бір мүмкіндік беретін жүйе тілді оқушының сөйлеу қабілетімен, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру болып саналады.

Білім берудің *жүйелік, сабақтастық ұстанымдары* оқушы меңгеретін білім мен біліктердің жеңілден ауырға қарай

дамытылып отыруын қажет етеді. Сондықтан тілдегі әрбір бірлік тілдік мәдениетті жетілдіру жүйесіндегі орнына қарай берілуі тиіс. Оларды түзуде белгілі бір ішкі заңдылыққа сүйеніп, өз ретімен орналастыру қажет.

Білім мазмұнына байланысты айтылған осы мәселелерді жинақтай айтқанда, көрсетілген ұстанымдар негізінде сараланатын оқу материалдары оқушылардың әрекетіне, ұғым-түсініктеріне қозғау салу үшін мынадай құрылымдық жүйеге сай болуы керек. Оқу материалдарында танымдық (грамматикалық тақырыптардың қажеттілігін саналы ұғындыратын), коммуникативтік (сөйлеу мәдениетін жетілдіретін), психологиялық (ойлауға үйрететін), эстетикалық (адамгершілік мәдениетіне баулитын), эмоциялық (жағымды көңіл күй тудыратын) факторлар біртұтас, толық қамтылғанда ғана оқуда оң нәтижелерге қол жеткізіледі, саналы білім берудің басты шарты оқу уәждерінің оянуына ықпал етеді.

Оқушыларға оқу әрекеті уәждері негізінде сапалы білім беру, әрине, **оқыту әдістері мен құралдарын дұрыс таңдауға** да тікелей тәуелді. Оқушыларға ана тілін жан-жақты меңгерту, олардың пәнге деген қызығушылығын ояту дамыта оқыту идеясының негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан оқу құралдарын таңдау кезінде басшылыққа алынған дидактикалық ұстанымдар баланың ақыл-ой, таным көкжиегін кеңейтудегі орнына қарай сараланады.

Білім беру мақсаты мен оқу материалдарының сәйкестік ұстанымы. Сабақта қолдану үшін іріктелген жаттығулар әр тақырып бойынша меңгерілуге тиіс білім көлемін белгілі бір уақыт аралығында оқушының игеруін қамтамасыз етуіне қарай сараланады. Себебі тақырыпты меңгерудегі білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттардың бірлігі де, оқушылардың білім, білігінің жетілуі де оқу құралдарының қаншалықты дәрежеде дұрыс пайдаланылуына байланысты шешіледі. Сондықтан әдіс таңдаудың төмендегідей өлшемдері толық сақталуы қажет: 1) пәннің басты мақсаты мен оқыту әдістерінің сәйкес болуы; 2) оқыту міндеттері мен әдісінің сәйкестенуі; 3) әдістің жеке тақырыптың ерекшелігін танытуға қолайлылығы; 4) әдістің оқушының жасы мен психологиялық ерекшелігіне, мүмкіндігіне қолайлылығы; 5) мұғалімнің мүмкіндігіне сәйкес болуы; 6) әдістің оқуда белгіленген уақытқа сыйымдылығы мен

білім берудегі тиімділігі; 7) оқушының өздік дамуына жол ашуға ықпалы. Біздің басты идеямыздың өзі оқушылардың жекетұлғалық рөлін бағалау болғандықтан, тілдік білім негізінде оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыруда да, сөйлеу мәдениетін, қарым-қатынастық біліктілігін жетілдіруде де оқуда баланың, мұғалім сөзінің мейлінше көркем, айшықты болуы да оқудың сапасын арттырудың бір жолы ретінде аталады.

Ал оқушылардың оқу әдістерін таңдауда олардың өздік жұмыстарын ұйымдастыруға тірек ретінде ұсынылатын әдістердің де (индуктивтік, дедуктивтік, репродуктивтік) саналы әрекетке бағыт беруі ескеріліп отырады. Олар баланың ойлау машықтарын, сөйлеу дағдыларын, бір-бірімен адамгершілік қатынастарын жетілдіруге қызмет етеді.

Көрнекілік ұстанымы. Білім беру барысында оқыту әдістері мен құралдарын талғауда бұл ұстанымның да өзіндік орны бар. Көрнекіліктердің сабақ мақсатына сай таңдалып, эстетикалық сапасының жоғары болуы, білімдік, танымдық мазмұнының мұғалім сөзімен ыңғайлас келуі ескеріледі, әрі баланың көру сезімі арқылы есінде ұзақ қалады, ал екінші жағынан, сабақта көрнекіліктерді қолдануды науқанға айналдырған жағдайлар да болған. Дегенмен көрнекілікті қолданудың мәні формальды түрде, санының көптігімен емес, оқушының білім мен біліктілігін жетілдіруге тигізетін үлесімен өлшенеді. Плакаттар, кестелер, сызбалар, сюжетті суреттер, бейнелеу, мүсін өнері туындыларын, диафильмдер мен бейнефильмдер, үнтаспаларды сабақ жүйесіне кіріктіріп, үйлесімді қолдану оқушылардың эмоциясы мен көңіл күйіне де жағымды әсер етеді. Олардың сыртқы көрінісі талғампаздыққа, ішкі мазмұны ойлылыққа жетелеуін ескеру оқушылардың білімді жеңіл де толық алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ал кейбір тақырыптарды оқытуда оқушылардың өздері жасаған сызба, кестелерін пайдалану балалар бойындағы пәнге құштарлықты ұштай түсері даусыз.

Білім мазмұны анықталып, сапалы білім беруде тиімді деп танылған әдістер мен құралдар таңдалғанда, оларды оқытудың қандай формасында жүзеге асыруға болатынын шешіп алудың да мәні айтарлықтай. Оқытудың өзекті мәселесі тіл мәдениетін қалыптастыру оқушылардың жас,

психикалық ерекшеліктеріне сай жұмыс түрлерін талғап қолдануда да жауапкершілікті қажет етеді. Сабақты түрлендіру деген тек формалық өзгешелікті қуаламай, оқушының білім, білік дағдыларының толығуына қызмет еткенде өзінің мақсатына жетеді. Сабақтың дағдылы қалпынан шығып, жаңаша жол табу ұстаздардың үлкен іздемпаздығын, мамандық шеберлілігін талап етеді. Алғашқыда жаңа түрдің элементтерін дағдылы сабақтарда ішінара қолданып, бірте-бірте кеңейту қажет. Бұл жердегі негізгі ұстаным — *оқытудың мақсаты мен түрлерінің сәйкес болуын* қадағалау. Сабақ мақсатына сай келмейтін жаңа түрдің қандайы болса да, оқушыға танымдық, эмоциялық тұрғыдағы пайдасы аз.

Сабақта қолданылатын әдістемелік жұмыстардың логикалық жүйесі білім мазмұны мен оқушылардың білім деңгейлеріне сай құрылымдық сипатта болуы қажет. Сондай-ақ мынадай педагогикалық шарттардың жүзеге асырылуына мүмкіндік берілуі тиіс: біріншіден, оқытуды түрлендіру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге жол ашу; екіншіден, даралап, саралап оқыту арқылы балалардың жекебасы ерекшеліктерін ескеру; үшіншіден, оқушымен дара тұлға ретінде қарым-қатынас жасау; төртіншіден, балалардың топтық, ұжымдық түрде бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамыту; бесіншіден, мұғалімнің білімді ізгілендіруін қамтамасыз ету; алтыншыдан, оқушылардың өз еңбегін бағалай білуіне бағыт беру; жетіншіден, олардың танымдық белсенділіктерін арттыру, т.б. шарттардың қай-қайсысы да оқудың уәжділік өрісін кеңейтуде шешуші мәнге ие болады. Сондықтан олар оқыту түрлерін анықтаудың өлшемдері ретінде де бағаланады. Сабақта қолданылатын жұмыстар міндетті, қосымша, қосалқы деп ажыратылмай, біртұтас білім берудің сатылары ретінде жұмылдырылғанда дұрыс нәтижеге қол жеткізіледі.

Сонымен, жоғарыда айтылған мәселелерді түйіндеп келсек, оқытудың қай түрінің болсын нәтижесі оқу әрекетінен оқушының леззат алуы мен қанағаттануынан көрінеді. Бұған жетудің алғышарты оқушының ішкі уәждерінің оянуы болып табылады. Оның ойлануын дамытатын, танымдық белсенділіктерін арттырып, жекетұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда елеулі рөл атқаратын оқыту түрлерінің тәрбиелік қуатының мол болуы да маңызды шарттардың бірі.

1.4. Жеткіншек дамуының ерекшеліктері және қоғамдық-әлеуметтік талап

Әлеуметтендіру — оқушының қоғамның толық мүшесі ретінде қызмет етуіне мүмкіндік беретін білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеруге жол ашатын барлық әлеуметтік және психологиялық процестердің жиынтығы. Оған тек қана саналы түрде қатаң бақыланатын, мақсатты түрде жүретін оқу-тәрбие ғана емес, кездейсоқ, үздік-үздік процестер де жатады. Себебі адам өмірі тек жоспарлы әрекеттерден тұрмайды, оған осындай қосалқы әрекеттердің де әсері мол болады.

Қазіргі кезеңдегі баланың ақпараттар тасқынымен бетпе-бет келуінен болып жататын кері ықпалдар көп деген қауіп бұған дейін де сан ойшылдың тұжырымдарында кездескен екен.

Қазір біздің балалар тәрбиені үш жақтан, бір-бірімен сәйкесе бермейтін, кейде тіпті қарама-қарсы келіп қалатын үш арнадан: 1) ата-ана мен мұғалімдерден; 2) ақпарат құралдарынан; 3) өз ортасынан алады. Бұның, әсіресе соңғысының ықпалы күшті. Оның, тіпті, алдыңғы екеуін жойып жіберуге де әлі келеді.

Антикалық дәуірдің өзінде ойшылдар отбасындағы тәрбие мен одан тыс жердегі болып жатқан түрлі әрекеттердің бала үшін екіжақты екенін көрсеткен-ді.

Бір нәрсені есте тұтқан жөн: әр ұрпақтың өзінше дамуы — қоғам дамуының тетігі. Егер бала тек өз әкесінің деңгейінде қалса, қоғам қалай алға басар еді?! Оның үстіне бүгінгі күн, бүгінгі алапат өзгерістер жас ұрпақтың "ескіше" өмір сүре алмайтынын дәлелдеп келеді. Мысалы: ең тұрақты құндылық — білім болса, осы білімнің өзіне адамдардың қатынасы өзгеріп отыр. Бұрын білімі бар адам қайтсе де қоғамда өз орнын иемденеді, оған ешкім кедергі келтіре алмайды дейтін пікір болатын. Ендігі жерде білімділік адамның қоғамдағы орнын белгілеудегі ең басты фактор екенін ешкім жоққа шығара алмағанымен, білім иесінің өмірге икемділік қыры, өзін-өзі дәлелдеп шыға алуы, өз ортасында сөзінің, пікірінің өтімділігі секілді қасиеттердің болуы ғана оның жекетұлғалық рөлін айқындайтынын түсінді. Яғни білім тек потенциалдық күш түрінде қалмауы керек, ол адам, маман біліктілігінің негізі, қоры болып қалуы қажет.

Оның үстіне бір кезде тек адамның ақыл-ойы, іскерлігі, қабілеті ғана шеше алатын нәрсенің көбін жаңа техника атқаратын болды. Ғылыми-техникалық прогресс тудырған жаңалықтар: компьютерлер бұл сөздің нақты айғағы. Аға ұрпақтың ендігі міндеті — өзі не білсе соны ғана меңгерту емес, жас ұрпақты өз бетінше өмір сүруге, өзі шешім жасауға дайындау. Бұл жеке бір мемлекеттің емес, бүкіл әлемдегі білім беру жүйесінің ең басты проблемасына айналып отыр.

Бүгінгі отандық білім беру жүйесіндегі кедергілер тек қана оның қоғам мүшелерінің білім алудағы экономикалық мәселелеріне: ауыл мектептерінің жабылуына, оқу-техникалық базалардың әлсіреуіне, мұғалім мамандардың жетіспеуіне, сыныптағы балалар санының күрт қысқаруы нәтижесінде шағын жинақталған мектепке ауысуына немесе, керісінше, бір сыныпта 35 — 40 оқушыдан отыруына ғана байланысты емес. Сонымен қатар "қазіргі білім бала болашағына қызмет ете ала ма?" деген сауалға берілер жауап та бұл мәселені түбегейлі қарауды қажет етіп отыр. Сол себепті білім жүйесіндегі реформа талаптары да осы жүйеге сәйкес сараланауы тиіс.

Бүгінгі жас ұрпақ үшін екі мәселе ерекше мәнге ие болып отыр: біріншіден, оның бойында жекетұлғаға тән тұрақты әрі берік негіз, яғни дүниетаным, әлеуметтік және адамгершілік нормаларына сәйкес қасиеттер болуы тиіс. Өйтпеген жағдайда асты-үстіне түсіп өзгеруі өте жылдам өмір иірімдерінде оның адасып қалуы ғажап емес. Екіншіден, осы өзгермелі ортада өмір сүретін болашақ қоғам мүшесіне психологиялық жағынан бейімділік, жаңа ақпараттарды жылдам түсініп, ой елегінен өткізе алатын, одан өзіне қажетін саралай, екшей білетін алымдылық қажет. Мұндай жағдайда тәрбие де әбден қалыпқа түскен, қатып қалған қағидаларға негізделмей, баланың өзіндік шешім жасауына, шығармашылық бастамаларға, әлеуметтік жауапкершілікке қарай бағытталуы керек. Әлбетте, шығармашылық қабілет шығармашылық әрекет пен өзін-өзі басқаруға үйрену барысында қалыптасатыны белгілі. Баланы өздігінен өмір сүруге даярлау қай дәуірдегі де педагогтердің басты мақсаты болды. Бірақ қоғамдағы қалыптасқан жүйе, жағдай оған толық мүмкіндік бермеді. Мәселен, кеңестік кезеңде қоғамдағы жекетұлғаның ой еркіндігі, шығармашылық қабілеті деген мәселелер сөз

жүзінде айтылғанмен, коммунистік идеология жеке қабілеттің дамуына кедергі келтірді. Әр әрекет пен ойдың астарынан кір іздеді. Тек кеңестік, социалистік ұрандарға иек артқан жасанды, жалаң дүниелер асыра марапатталып жатты.

Қазіргі қоғамдағы жағдай одан басқаша. Демократияға бет бұрған заман жеке адамдардың, топтардың арасында қатаң бәсекелестікті тудырып келеді. Ал кез келген бәсекенің шарты — мықтының жеңісі. Мықтылық деген не? Мықтылық — сол қоғамға өзіңнің қажеттігіңді дәлелдеу. Мұнда сөз де, іс те бірдей маңызды. Себебі құр сөзбен ешкімді алдарқата алмайсың, ол үшін ісің нық болуы тиіс. Ал істеген ісіңді көрсете білу үшін қуатты сөз болуы міндетті. Қуатты сөз шеберлік пен шешендікті қоса қамтиды.

Білім жүйесіндегі демократиялылықтың нышандары өріс алып келе жатқаны да бала бойында, ойында жаңа құндылықтардың өрістеуіне мүмкіндік береді. Мәселен, оқушыны субъект деп тануға негізделген жаңа педагогикалық парадигма мұғалім мен оқушы қатынасына өзгерістер енгізуге табиғи түрде мүмкіндіктер туғызып отыр. Бірақ мұның оң ықпалы да, теріс жағы да бірдей. Себебі, бір жағынан, бала қалай да жаңа қадам жасай алуға мүмкіндік алады, ал екінші жағынан, ол әлі мұндай талапқа сай іскерліктерді толық меңгермегендіктен, психологиялық та, әлеуметтік те тұрғыдан дайын емес. Оған осы уақытқа дейін алған білімі мен меңгерген білігі іргетас қалай алмаған. Осындай екіжақты дүдәмал сезім шешуші сәттерде шешімді қадам жасауға кедергі келтірері сөзсіз.

Мұндай кедергінің түп-төркіні қазіргі қоғамда белең алып кеткен бір келеңсіздікпен тікелей байланысты. Ол — ата-ананың балаға өмір бойы қамқор болуға шексіз берілгендігі. Бұл, әсіресе кешегі ашаршылық, Ұлы Отан соғысы жылдарында өздері жетім қалып, адам төзгісіз қиындықтардан, сындардан қинала шығып, бүгінгі күнге аман жеткен аға ұрпақтың көзсіз махаббатынан туындап жатқан сезімнен бастау алады десек қателеспейміз. "Менің көргенімді ұрпағым көрмесін" деген тілек, ең соңында, ұрпағының өз мойнына масыл болуына әкелгенін күнделікті өмір мысалдары дәлелдеп отыр. Алпысқа келгенше қарт әке-шешесіне аузын ашқан, өмірге қабілетсіз, қайырымсыз бала өзімен қоса бүкіл отбасын, бала-шағасын ата-анаға міндет етуден еш тайсалмайды. Өз парызын түсінбейтіндей деңгейге

құлдырауының да сыры ата-ананың қамқорлықпен "матап тастауынан" туып отырғаны даусыз. Ал олардың өз ұрпағына қандай өнеге, үлгі беретіні айтпаса да түсінікті. Оның үстіне "қоғам өлтірмейді" деген тамыры таяз, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен өмір сүруге бейім адамдардың күйкі тіршілігі де ұрпақ тәрбиесінің ақсауына себеп болды. Ата-ананың сөзі мен ісіндегі алшақтық баланың оларға, олар арқылы бүкіл қоғамға деген сенімсіздігін тудырады.

Оның үстіне қоғамда өріс алған түрлі ұйымдардың көбеюі, олардың үгіт-насихаты мен кері ықпалдарына түсіп қалмай, өз жолын табу да жас өскіндер үшін оңай емес. Мектеп те бұрынғыдай ең басты орын алып тұрған жоқ. Күн сайын ашылып жатқан жаңа, мүлде жаңа тұрпатты қоғамдар мен ұйымдар оған бәсекеге түсуде. Ал мұғалім беделі ендігі жерде оның қоғамдық орнына қарай емес, жекебасының, адамдық қасиеттерінің сапасымен бағаланады. Ұстаз деген ұғымның мамандық атауынан, адамдық сапаға лайық айтылуы да осыны аңғартады.

Жеткіншек кезең (14-15 пен 18 жас аралығы) — балалық пен ересек кезең аралығындағы "үшінші әлем". Биологиялық жағынан баланың әбден қалыптасып болатын шағы. Жеткіншектің әлеуметтік мәртебесі әрқилы. Жеткіншек шақ — әлеуметтенудің соңғы аяқтаушы сатысы. Бұл жастағы басты әлеуметтік міндет — мамандық таңдау. Жалпы білім алуға енді мамандыққа бейімделу мәселесі қоса жүктеледі. Сондықтан білім беруді реформалаудың бір нақты көрінісі — жалпы білім беретін мектептің жоғары сатысын 10-11-сыныптарды бағдарлы мектеп деп бөлу маңызды болып саналады. Бұл — мектептегі демократиялық бағыттың нақты белгісі әрі қоғамның жас ұрпақ қажеттігімен, мүддесімен санасуының дәлелі. Өкінішке орай, дәл бүгінгі күні бұл сатының мақсаты мен міндетін, ондағы білімді оқушы қажетіне қарай ұйымдастыру жолдарын тиісті деңгейде жүргізудің ғылыми-әдістемелік мәселелері педагогикалық жұртшылық тарапынан да, ғылыми жағынан да, жалпы қоғамдық тұрғыда да толық шешімін тауып отырған жоқ. Сол бұрынғы білімді идеологияға бағындырған сыңаржақ көзқарас, стереотипке негізделген қасандық жаңа заман талап етіп отырған жаңашылдықтың жолына кедергі келтіруде. Оған жаңа талап деңгейіне сай білім жүйесін реформалаудың негізгі тұғырнамалық

тұжырымдарынан бастап нормативтік, әдістемелік құжаттарға шейін сапалық тұрғыда түбегейлі өзгеріс жасалмайынша; мектеп мұғалімдерін даярлайтын педагогтік жоғары оқу орындарынан бастап білім беру жүйесі қызметкерлері мен педагог кадрларды қайта даярлау институттарындағы біліктілікті дамыту бағдарламаларының мазмұны мен жүйесін өзгертпейінше; егемен елдің болашағын тәрбиелеп отырған мектептік оқыту жүйесінен бастап ондағы оқу-әдістемелік кешендердің оқушының ой еркіндігін, жекебас мүмкіндіктерін жетілдірудің тетігі болардай қызметін күшейтпейінше қол жеткізу қиын. Осы факторлар толық, өз мәртебесіне лайық дәрежеде жұмыс жасауға тірек болғанда ғана қазіргі кертартпалықтардан арылуға жол ашылады.

И.С.Кон жеткіншек кезеңдегі "баланың танымдық қызметі мен зердесін дамытудың екі жағы: сандық және сапалық жағы бар" дей келе, "сандық жағы бала дамуының сатысындағы, деңгейіндегі өзгерістерден — жеткіншектің зерделік тапсырмаларды төменгі сынып оқушысына қарағанда жеңіл, жылдам әрі тиімдірек орындауынан көрінеді. Ал сапалық жағы ойлау үдерісінің құрылымындағы өзгеріске байланысты: бала үшін қандай тапсырманы шешуден гөрі оны қалай, қандай жолмен шешемін деген мәселе маңыздырақ", — дейді *(И.С.Кон. Психология ранней юности. М., 1989. 69-бет)*.

Алыпұшпа сезім, еліккіш, өзгермелі көзқарастар, біріншіден, жеткіншектердің зерделік қызығушылығының да тым кеңеюіне жол ашады, екінші жағынан, мұндай ауа жайылу олардың ойының, таңдануының жүйесіздігіне әкелуі де мүмкін. Оның үстіне бұл жастағылардың басым көпшілігі өз деңгейін асыра бағалайды да, өз бағасы мен басқалардың өзі туралы көзқарастарының сәйкестенбеуінен іштей арпалысқа түседі. Жеткіншектердің енді бір тобы сабаққа мүлде енжар, ешқандай қызығушылық танытпай, тек сабаққа қатысуды парыз санағандықтан ғана келеді. Олардың ойының орныкпауы, өз болашағын дұрыс болжай алмауы теріс жолға бастауы да әбден мүмкін.

Зердені дамыту оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытумен бірлікте жүреді. Мұнда баланың айтылған ақпараттарды жай түсініп, меңгеруі ғана емес, сол ақпаратқа зерделі қызығушылық танытуы, өзінше жаңа жол табуы маңызды болып саналады.

Өзіндік сананың дамуы — өтпелі кезеңдегі ең негізгі психикалық үдеріс. Жеткіншек ең әуелі өзін тануға, өзінің ішкі әлеміне үңілуге бейімделеді. Сыртқы дүниенің бәрін өз сезімі арқылы бағалауға ұмтылады. "Ішкі" мен "сыртқының" байланысына мән береді. Бұл жерде олар сыртқы нәрселерді тек көріп, баяндап қоймайды, барлық жағдайда оның ішкі сырын тануға бейімделе бастайды. Сондықтан жаттығу материалдарын, мәтіндерді орындатқанда, сөз болып отырған оқиғаның немесе баяндаушы автордың әрекеті мен сөзінің астарына мән бергізу оқушы үшін қиындық келтірмейді, қайта оның пәнге қызығуын тудырады.

Білім мен тәрбие жүйесінде әбден қалыптасқан теңгермешіліктерді жоя отырып, оқушының даралық қабілеттерін танытатындай оқу үдерісін ұйымдастыру қажеттігі дәлелденіп келеді. Оқу бала үшін әрі күрделі, әрі қызықты, әрі шығармашылық сипатта болуы керек. Әр тапсырма оқушының өз ішкі әлемінен хабардар болуына мүмкіндік беруге, оның өзін-өзі сыйлауына, өз жетістіктерін дұрыс бағалауына қарай құрылуы тиімді.

1.5. Жеткіншектің (бозбала) жас және психологиялық ерекшеліктері

Әрбір даму сатысының өзіне тән ерекшеліктері болатыны даусыз. Әсіресе, білім беру жүйесінде оны нақты білудің маңызы өте зор. Себебі әр сынып оқушысының өзіне тән жас және психологиялық ерекшеліктерін ажырата білмейінше олармен жүргізілетін жұмыстың нәтижелілігін арттыру да мүмкін емес. Оның үстіне қазіргі оқыту жүйесіндегі демократиялылық, ізгілендіру бағыттарының өріс алуына жол ашатын да осы бала психологиясын танумен сабақтасып жатыр.

11-сынып оқушысы — қазақи, шығыстық тәрбиедегі "баланы 7 жасына дейін патшандай күт, 7-ден 14 жасына дейін құлындай тұт, 14-тен әрі қарай досым деп ұқ" қағидасымен қарағанда, сыйласымдылықты жоғары бағалайтын адам. Сондықтан онымен жүргізілетін барлық жұмыс аясында ізгілік қатынас орнығуы ұтымды.

Жалпы адамзат дамуындағы әр жас кезеңіне тән, ортақ жайттарды көрсететін еңбектер де баршылық. Соның бірі — Грейс Крайгтың "Психология развития" атты халықаралық басылыммен Санкт-Петербургтегі "Питер" баспасынан 2000

жылы шыққан еңбегі. Біз жеткіншек дамуы туралы қағидаларды сол еңбекке негіздеп беруді жөн санадық. Ал әр оқушының қайталанбас дара тұлға екенін ескерсек, бұл қағидалар тек жалпы бағыт екені сөзсіз.

Бұл кезеңде жас адам әлеуметтік қысымдарға бейімделіп, ішкі және сыртқы құндылықтарын теңестіруге төселеді. Ол қоршаған ортадағы әрбір нәрсеге жіті мән береді. Өзінің болашағын жоспарлайды, ал ол жоспар көп жағдайда өздері өмір сүріп жатқан мәдени және тарихи жағдайлармен өте тығыз байланыста құрылады.

Жасөспірім бойындағы қарама-қайшылықтар оның өзіндік "мені" мен қоғам арасындағы сәйкессіздіктен туады. Тарихқа жүгінсек, барлық кезеңдерде де жастар үшін мәдени жұтаңдық кездесіп отырады екен. Ал олар жастар өмірінің барлық жағын қамтиды: киінуінен бастап экономикалық, білімдік мүмкіндіктері, тамақтануы, денсаулығы, т.б. Бұл көп жағдайда балалықтан есеюге өтудің ұзақтық мерзімін айқындайды.

Мәселен, дәл қазіргі жаңа ғасыр басындағы рухани қайыршылыққа себеп болып отырған негізгі факторлар: 1) жас (сегрегация); 2) ұзақ экономикалық тәуелділік; 3) әлемдегі және БАҚ-дағы тұрақсыздық. Сонымен, жеткіншектің психологиялық ерекшелігі немен байланысты?

1. Бұл жастағы балалар өзінен кішіден де, үлкендерден де қашқақтап тұрады. Кішіден алыстау оларды өзінен кейінгілерді басқару, оқыту, үйрету секілді мүмкіндіктен айырса, үлкендерден қашу олардың өз болашағына тиісті нәрселелерді дәл уақытында игеруіне кедергі жасайды. Сонымен қатар олар әр күн сайын бірнеше сағаттар бойы тек өз тұстастарымен ғана болған кездерінде халықтық салт-дәстүрлерінен де алыстайды. Әрине, олардың арасында бауырына қарайтындар, сабақтан тыс кезде коммерциямен айналысатындар да бар. Бірақ олар санаулы.

2. Біздің қоғамда негізгі жұмыстың бәрі ата-анаға жүктеледі де, жастар соларға тәуелді болып отырады. Ал жастарға олардың қалауына қарамай-ақ қызықсыз, жалықтыратын жұмыстарды жүктей салады.

Кейбір ғалымдар жастық кезеңде адам құқығының көп шектелетінін, мүмкіндігінің ескерілмейтінін, содан барып олардың шыдамсызданатынын айтады. Ал екінші бір тобы, керісінше, бұл кезеңде жас адамның жан-жағын еркін

танып, олардан өзіне сабақ алуға көбірек жағдай жасалады дегенді айтады. Осы кезде олар әлеуметтік және кәсіптік қызметті қоса атқаратынын көрсетеді.

3. Қазіргі кезең өте құбылмалы. Қауіп те аяқастынан болуы мүмкін, экономикалық, рухани дағдарыстар бала психологиясына үлкен күш түсіреді. Әр жақтан алып жататын жайсыз ақпараттар да жас адам жүйкесіне көп тиеді (радио, теледидар хабарлары).

Жеткіншек (бозбала) кезеңдегі танымдық өзгерістер

Жеткіншек өз маңайында болып жатқан әр жағдайға саналы түрде қарай бастайды. Бір мәселені қазбалап талқылауға бейімделеді. Осы ерекшеліктің білімді де жылдам игеруге оң ықпалы бар. Ол өзін толғандырып жүрген сұрақтар мен мәселелерге терең мән беруге тырысады. Осы кезде олардың абстрактылы ойлау қабілеті артады, метакогнитивтік дағдылары қалыптасады. Бұл факторлар баланың ойының мазмұны мен кеңдігіне әсер етеді, екіншіден, моральдық ой талқысын жасауына жол ашады.

Пиаже: "Жеткіншектердің абстрактылы ойлауы формальды операциялар деңгейіндегі ойлау" деп анықтама береді. Оған не кіреді? Біріншіден, мүмкіндіктер туралы ой; дәл қазіргі шындық өмірді болуы мүмкін нәрселермен салыстыру. Жеткіншек "егер былай болса ше?" деген сауал төңірегіндегі қиялға жүйрік болады. Ойлаудың бұл түрі олардың *қалыптастыру, тексеру, бағалау* қабілеттерін талап етеді.

Жеткіншектердің жоспарлау, алдын ала болжау қабілеттері арта түседі. Яғни бұл — шындық пен қиялдың арасындағы кезең.

Сонымен осы жас кезеңдегі ойлауға тән белгілер:

1.Мәселені шешудің жолдарын қарастыруда барлық мүмкіндіктерді ескеру қабілеті.

2. Олардың бір-біріне қалай әсер етуін болжау қабілеті.

3. Бәрін ойша қосып, ажыратып бере алу қабілеті.

Формальды-операциялық ойлауды дамыту үшін белгілі бір деңгейдегі зерде болуы керек. Мәдени және әлеуметтік факторлар, әсіресе білімдік деңгей бұл жерде үлкен маңызға ие. Бұл нақты операциялардың кеңеюі, бірақ ол зерде дамуының сатысы деп саналмайды. Әйтсе де ойлаудың бұл түрінің элементтері жаңа ғылымдарды игеруде маңызды орын алады.

Есте болатын бір мәселе — осы жастағы ойлаудың бұл түрі балалар үшін аяқастынан пайда болмайды. Ол баланың дамуымен бірге өрістей береді. Мүмкін жеткіншектердің мұндай қабілетінің пайда болуы жаңа бір "секіріс" емес, бұл олардың тілдік қабілетінің, дағдыларының жақсаруы нәтижесінде, оның қоршаған ортамен өзара әрекетінен жинақталған тәжірибелері арқылы қордаланады.

Көптеген психологтер жеткіншек кезеңдегі метатанымға: ойларды *талдау* қабілеті, стратегияны *қалыптастыру* мен *жоспарлау* қабілетіне көп мән береді. Мұндай жаңа танымдық іскерліктердің нәтижесінде жеткіншектер өзінің ойлау үдерісіне талдау жасауға және саналы түрде өзгертуге үйренеді.

Бұл кезеңде танымдық дамуға тән белгілер:

1. Естіген ақпараттарды есте сақтау мен басқаға жеткізудің түрлі механизмдерін барынша тиімді қолдануы;

2. Тапсырмаларды шешудің түрлі жолдары мен күрделі стратегияларының дамуы;

3. Ақпаратты алу мен оны рәміздік түрде сақтаудың мейлінше тиімді тәсілдерінің болуы;

4. Орындаушылық қызметтің жоғары деңгейіне талпыныс, шешімді жоспарлау, қабылдау және оның тәсілдерін таңдауға ерекше бейімді болуы.

Роберт Стернберг зерденің 3 құрауышын, яғни ақпаратты талдаудың механизмдерін бөліп көрсетеді. Ғалым олардың әрқайсысының орны, қасиеті бар дейді:

1. Метақұрауыш — шешімді жоспарлауға, қабылдауға байланысты жоғары деңгейдегі басқару үдерісі. Мысалы, есте сақтаудың белгілі бір стратегиясын таңдау қабілеті немесе элементтерді жатқа айта білу сапасына бақылау жасай білу.

2. Орындау құрауыштары — тапсырмаларды шешуді жүзеге асыруда қолданылатын үдерістер. Бұл жерде қажет емес ақпараттарды естен шығару да енеді.

3. Білімді меңгеру (сақтау) құрауыштары — жаңа ақпараттарды меңгеру үдерістері.

Зерде дамуы дегеніміз: білімнің қордалануы және ақпараттарды талғап қолдану. Ол екеуі өзара тығыз байланысты.

Жеткіншектер сценарийлер (тілдік жағдаят) мен сызбаларды дұрыс қолдана білуге бейім келеді. Олар күрделі сценарийлерді ерекше жағдайларда қолдануды қалайды. Ол үшін жеткіншіктер болатын нәрсенің мәнін түсінуге

ұмтылады. Олар өзіне, отбасына және барлық әлемге қатысты мәселелерді зерделік тұрғыда да, моральдық тұрғыда да талдаудан жүрексінбейді.

Жаңа танымдық іскерліктердің пайда болуымен байланысты олардың ойлау ауқымы кеңейеді, ойлау мазмұны байып, тереңдей түседі. Олар фантастикалық (қиял-ғажайып) дүниелерді ұната бастайды. Абстрактылы ойлаудың әсері әлеуметтік мәселелерді тануға да жетелейді. Жеткіншек кезеңге өзін таныту мен эгоцентризм де, біршама дамыған моральдық сана да тән.

Жеткіншектер өз ата-аналарына да сын көзбен қарай бастайды, әлеуметтік институттарға сынай қарайды. Отбасында дау көбейеді. Өзіне адам ретінде қарауды талап етеді. Ата-аналарымен "келіссөздер" жүргізеді. "Досым деп ұқ" деген шығыс тәрбиесі қағидасы жанданады. Оларға неғұрлым еркіндік көп берілсе, соғұрлым ата-анаға жақындай түседі.

Жеткіншектер әлеуметтік, саяси және моральдық мәселелерді талқылауға құмар болады. Өздерінше тұжырым жасауға талпынысы артады. Жеткіншек өзінің өткенін, бүгінін, келешегін іштей сабақтастыруға тырысады. Олар өзі арман ететін деңгейге, әлдебір үлгі тұтқан адамына ұқсауға тырысады.

Осы кезде балалардың өзінің келешек жолын, мамандығын таңдау кезеңі келеді. Жеткіншектің әрқайсысы өзінің мүмкіндіктерін саралауға ұмтылады. Әсіре бағалау да осы кезде орын алады. Егер өзіне-өзі берген баға мен ортаның бағасы сәйкес келмесе, жеткіншек үшін ол — үлкен соққы. Дегенмен олар өз талаптары мен қабілеттерін бағалауға біршама дайын болады. Соған орай кәсібін де таңдауға іштей даярланады.

Жеткіншектер өзінің ойын ең дұрыс ой, өзінің шешімін ең дұрыс шешім деп санауы өбден мүмкін. Сондықтан ол айналасының өзі ойлағандай болуын талап етеді. Екінші жағынан, басқалардың өзінің бойындағы кемшіліктерді біліп қоюынан да қауіптенеді.

Жеткіншектерге ойша аудитория "жасап алып" олармен үнемі таласып отыру да жат емес. Бұл жағдайда олар барлық адам тек оны ғана бақылап, аңдып тұрғандай қабылдайды. Өзінен-өзі қысылып, ұялып жүреді. Біреу шамалы сын айтса, соған қатты алаңдайды. Болмашы

нәрседен "тау қалап", қатты қайғырады, "аспаннан қара бұлт төндіріп" отырады.

Моральдық мәселелерге қызығушылығы арта бастаған жеткіншектер шындық өмір мен қиялы арасындағы сәйкессіздіктердің астарына үңіле бастайды. Жақсы оқу мен жақсы ақша табуға, еркіндік пен дінге қатысты нәрселерден тұжырым жасауға ұмтылады. "Жеткіншектер этикалық мәселелерге көбірек көңіл бөлгенді ұнатады".

Жеткіншектің психологиялық-әлеуметтік дамуы

Жеткіншек кезеңде бала алдында екі үлкен мақсат тұратынын психологтердің бәрі де мақұлдайды. Олар:

1. Ата-анаға тәуелділіктен арылу, "автономияға" ұмтылу.
2. Өз бойында жекетұлғаға тән элементтердің үйлесімді бірігуіне икемделу.

Бұл кезеңде жеткіншек тек ата-анасымен емес, өз құрбы-достарымен де, тіпті өз-өзімен де "арпалысқа" түседі. Анна Фрейд сондықтан да: "Жеткіншек кезеңде бәрі жатық болса, онда оның өзі дұрыс емес деген сөз", — дейді. (Быть нормальным в период отрочества — само по себе ненормально).

Бірте-бірте олар өздерінің басқалар алдындағы өзара тәуелді қатынастар негізінде жатқан жауапкершілікті сезіне бастайды, өзінің "мені" бой көтереді. Мұның алдындағы балалық, жөсөспірім кезеңдердегі әлеуметтік рөлдердің өзін басқаша түсінеді. Ал осы түсінік оның әрі қарай қалай қалыптасуына тірек болады. Бұл түсінік оның өзі үлгі тұтатын немесе жиі көретін, араласатын адамдарынан "жұғады", сол арқылы құндылықтар қалыптасады, қарама-қайшылықтар да осы арқылы өсе бастайды. Мысалы: ата-ана мұсылмандықтың пайдасын айтса, бала көшеден бөлек діннің уағызын тыңдайды. Немесе ата-ана адал еңбек жөнінде айтса, көрші аға лас жолмен өздерінен әлдеқайда бай-қуатты өмір кешуде.

Жеткіншекке ерекше әсер ететін жеке адамдар да болады. Ол оның әкесі ме, ұстазы ма, ағасы ма, көршісі ме, бәрібір, оның пікірі өте ықпалды болуы мүмкін. Оны психологтер "еліктеу моделі" деп те атайды. Әрине, бұл орайда ондай тұлға барлық жағынан үлгілі жүріс-тұрысы, киім киісі, сөзі, әдебі келісті, үйлесімді болса, жеткіншектің жолының болғаны.

Өзін-өзі білу, тану үдерісі (формирование идентичности) — өте күрделі әрі ұзақ үдеріс.

Джеймс Марсиа бұл үдерістің қалыптасуының 4 негізгі нұсқасы немесе қалпы болады деп көрсетеді:

1) *алдын ала шешім жасау* — ешқандай дағдарысқа ұшырамай тұрып-ақ өзінің жауапкершілігін алдын ала қабылдау;

2) *диффузия* — дағдарысқа да түспеу, ешқандай жауапкершілікті де сезінбеу;

3) *мотатор* — дағдарыстың дәл ортасында тұру;

4) *өзін-өзі тануға жету* — дағдарыстан да өту, өз бетінше шешім қабылдау нәтижесінде жауапкершілігін де анықтау;

P.S. *дағдарыс — "Мен кіммін? Мен қайда барам?" деген ең маңызды сұрақтарға қатысты шешім қабылдау кезеңі.*

Жеткіншектердің өз достарымен, жолдастарымен қарым-қатынасы тіпті жақындай түседі. Себебі олар өзіне түскен салмақты өзгелермен, өзі тұстастармен бөлісуге мүдделі. Әлеуметтік құдіреттілік артады. Өзінің жолының дұрыс я бұрыс екенін ажырату үшін де олардың бір-бірімен жақындасуы маңызды. "Ұлың өскенде ұлы жақсымен, қызың өскенде қызы жақсымен ауылдас бол" деген я "Қызым үйде, қылығы түзде" деген мақалдар да осыны бекіте түседі.

Жеткіншектер достыққа да басқаша мән бере бастайды. Достың саны мен сапасына көңіл бөледі. Өзін көрсетуден гөрі, өзгелерді бақылауға, іштей бағалауға ұмтылады.

"Ең сенімді дос", "Жақсы достар" арасын ажырата алады. Досқа тұрақтылық қатынас қалыптасады. Достарының өзімен көзқарасы, ойы бірыңғай болуымен қатар, сатпайтын қасиетін де жоғары қояды. Ата-анасынан гөрі, достарымен ақылдасуды артық көреді. Достарымен көбіне әлеуметтік мәселелерге қатысты: қалай киіну, кіммен киноға бару, қандай үйірмеге қатысу, қандай журнал алу, қандай кітап оқу, т.б. ақылдасса, білім, мамандық, болашақ жоспар мәселелерін ата-анасымен ақылдасады.

Жеткіншектердің топтарға бірігуі екі түрлі: құрамында 15 — 30 адам болса — компания; құрамында 3 — 9 адам болса — клик. Компанияның өз ішінде бірнеше клик болуы да мүмкін.

Жеткіншектердің ең бір қиналатын тұсы — қазіргі жағдайда баса-көктеп кіріп жатқан батыс әсері мен ұлттық құндылықтар арасындағы қайшылықтарды қалай шешу жайы. Ата-ана, ата- әжелерімен келісе алмайтын тұс та осы.

Әсіресе өзін ұстау, киіну, құндылық мәселелері балалардың ойын әртарапты етеді. Заманына да сай болғысы келеді, ата-ана сөзінің дұрыстығын да саналы түрде түсінеді. Сондықтан сабақ үстінде олардың нақты шешімге, дұрыс шешімге өз еріктерімен келгеніне көңіл аударылғаны жөн. Ешкімнің нұсқауын, ешкімнің зорлығын сезінбей, барынша ақылды жолды өзі таңдауға тиіс.

Әлеуметтендіру үдерісінде ар-ұят пен моральдық нормалардың дамуына да осы кезеңде мол мүмкіндік туады.

Жеткіншектердің негізгі құндылық бағдарлары оның өмір тіршілігіне — мәдени байланысы мен тарихи дәуіріне көп тәуелді. Осы кезде олар өз адамгершілік бағыттарын айқындауға тырысады. Әр буынның өз құндылық бағдарын құруы — табиғи нәрсе.

Құндылық жүйесін құру, оны бағалау — жеткіншек кезеңдегі моральдық та даму үдерісі. Моральдық дамудың бір-бірімен ішінара ғана байланысып қалатын үш жолы бар. Бірінші — жазаланудан қорыққаннан болатын күй. Бірте-бірте ол қорқыныш ыдырап, олар дұрыс жолға түсуі мүмкін. Екінші жол — басқалардың қамын ойлаудан туған күй. Өзін басқалардың орнына қойып, олардың басындағыны толық сезініп, олардың ішкі ойларын өзгерте алуы да мүмкін. Үшінші жол — формальды операциялар деңгейіндегі ойлау. Бұл жерде жеткіншек болжаған нәрселерін тексеріп, олардың дұрыстығына көзі әбден жеткенде оң жол табуы мүмкін. Бұл үшеуі де үш бөлек жол. Мүмкін, бірте-бірте бала оның бірінен екіншісіне өтуі де кездеседі.

Жеткіншектердің психикасындағы құбылмалылық олардың тез "адасуына" да, тез "жол табуына" да әсер етуі мүмкін. Сондықтан оларға "білдіртпей" жақсы жолға нұсқау беру — ең сауап іс.

Жеткіншек үшін **сыртқы түр** мен **мәртебе** (статус) маңызды болып саналады. Сондықтан оқулықтағы сұрақ пен тапсырмаларда бұл мәселелерге де біршама көңіл бөлінген. Мейлі шешендікке үйрену, мейлі пікірталас әдістерін меңгеру болсын, бәрінде де оқушының өзіндік ізденістерін дамыту көзделеді.

Сонымен, жеткіншек кезеңнің осындай өзіндік ерекшеліктерін білу оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыруға және білім сапасын арттыруға тірек болуы қажет. Сонда ғана оқушы мектептің, мұғалімнің беделін дұрыс түсінетін болады.

II бөлім

"СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК" КУРСЫ МАТЕРИАЛДАРЫН ОҚЫТУ

2.1. Күнтізбелік жоспарлардың үлгі-жобасы (жылдық сағат — 68, апталық сағат — 2)

N	Тақырыптар	Бөлінген сағат	Тақырыптың мазмұны
1	2	3	4
1.	Кіріспе сабақ	1	Курстың мақсат-міндеттері. Оқулықтың мазмұндық-құрылымдық жүйесі.
2.	Сөз мәдениеті және шешендік өнер	1	Сөз мәдениетінің шешендікпен қатысы. Шешендіктану және шешендік өнер, шешендік сөз ұғымдарының бірлігі мен өзгешіліктері. Шешендіктің қазіргі қоғамдық-әлеуметтік талаптармен байланысы. Шешен адам қасиеті. Шешендік сөздің тектері.
3.	Практикалық сабақтар	3	
	I тарау. Шешендік өнердің тарихы		
4.	Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі шешендіктану арналары	1	Шешендіктанудың негізін қалаушылар — софистердің ұстанған бағыттары; "Шынайы сөздің теориясы" өкілдері; римдік шешендіктанудың өзіндік ерекшелігі.
5.	Практикалық сабақ	1	
6.	Ресейдегі шешендіктанудың дамуы	1	Ресейдегі мемлекеттік реформа мен шешендіктанудың сабақтастығы; ресейлік шешендіктанушылар, олардың еңбектерінде әлемдік үрдістердің жалғасын табу мүмкіндіктері. Шешендіктің білім жүйесіне қатысы, т.б.

1	2	3	4
7.	Қазақ ұлттық шешендіктануының алғашқы бастаулары	1	Орта ғасырлардағы тарихи-қоғамдық дамулар; "Өрлеу" кезеңінде шешендіктің ғылым нысанасына алынуы; бұл еңбектердің шешендіктің бастаулары деп аталуының сыры; шығыстық шешендікте адам болмысының рөлі, т.б.
8.	Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің дамуы	1	Көне түркі жазбаларындағы ұлттық шешендік негіздерінің көрінісі; қазақ шешендері; шешендік өнердің дамуының басты факторлары; қазақ шешендерінің қоғамдағы орны; шешендіктің өрістеуіне ұйытқы болған институттар.
9.	Қазақ шешендіктану ғылымы: қалыптасуы мен дамуы	1	Қазақ шешендіктануы — ғылым, оның көрнекті өкілдері; қазақ шешендіктанушыларының негізгі ойлары; бүгінгі шешендіктанушылар еңбегінің маңызы; қазіргі шешендердің орны мен рөлі.
10.	Қорытынды сабақ (қайталау)	1	
	II тарау. Шешендік сөздің табиғаты		
11.	Шешендік сөзге қойылатын талаптар	1	Шешендік сөздің ерекшелігі; олардың қызметі мен көркемдік сапасына қойылатын талаптардың бірлігі; шешендік сөздің сапасына әсер ететін факторлар; шешендік сөзге тән қағидалар...
12.	Практикалық сабақ	1	
13.	Шешендік сөздің сазы	1	Шешендік сөздің әсерлілігін арттыратын нәрсе — сөйлеу техникасы; сөйлеу техникасының бөліктері: дауыс, саз, мақам, ырғақ, кідіріс, т.б.; сөз мәдениеті және орфоэпиялық нормалар, оларды сақтаудың маңызы мен шарттары.

1	2	3	4
14.	Практикалық сабақ	1	
15.	Шешендік сөздің көріктеуіш құралдары	2	Шешендік сөздегі көріктеуіш құралдарды пайдаланудың маңызы; өрнекті сөздің өлшемдері; көріктеуіш құрал және заман талабы; шешендік сөздің көркемдік қырлары; көріктеуіш құралдардың түрлері: айшықтау, ажарлау тәсілдері, құбылту түрлері.
16	Шешендіктің тектері мен түрлері	1	Шешендік сөздің тектерін ажырата білудің мәні, әр тектің өзіндік ерекшелігінің белгілері: қолданыс аясы, түрлері, мақсаты, тілдік сипаты, тілдік құралдары, т.б.
17.	Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік	2	Әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің маңызы, рөлі, сипаты, қолданылатын орындары. Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздің түрлері.
18.	Әлеуметтік-саяси шешендік сөз	1	Әлеуметтік-саяси шешендік сөздің ерекшеліктері: мақсаты, сипаты, тілдік құралдары, негізі, сазы, т.б. Қоғамының әр мүшесінің оны айтуға құқығының бары.
19.	Академиялық шешендік сөз	1	Академиялық шешендік сөздің арнайы салаға қатыстылығы. Оны айтушылардың сол саланы жетік білуі қажеттілігі. Академиялық шешендіктің әлемдік өрісі, ғылыми құндылықтардың өрісі. Академиялық шешендіктің ғылыми негізділігі, дәйектілігі, дәлдігі, анықтығы. Шешенге қойылатын шарттар.
20.	Соттағы шешендік	1	Соттағы шешендіктің өзіндік белгілері. Бұрынғы және

1	2	3	4
			қазіргі шешендіктегі ортақ белгілер мен ерекшеліктер. Соттағы шешендіктің заңдық негіздері, шешеннің жекебас қасиеттерінің соттағы шешендіктегі рөлі.
21.	Діни (уағыз) шешендік	1	Діни шешендіктің өзіндік белгілері. Діни шешендіктің салауаттылықпен байланысы. Діни шешендіктің түрлері. Уағыз айтушы шешеннің болмысы.
22.	Практикалық сабақ	2	
23.	Шешен. Шешенге қойылатын талаптар	1	Шешен болмысы. Шешенге қойылатын талаптар. Шешеннің адамгершілік қасиеттері, тілдік қабілеті, танымдық қабілеті, т.б.
24.	Шешеннің өзін ұстау әдебі мен мәдениеті	1	Шешен мәдениеті; шешен мен тыңдаушылар арасындағы байланыстағы кинетикалық факторлар. Шешеннің бет-жүз, қол, дене қимылдарының рөлі. Оларды қолданудың талаптары мен принциптері. Ым-ишаралардың ұлттық сипаттары.
25.	Тарауды қорытындылау сабағы	1	
	Ш тарау. Шешендікке машықтану жолдары		
26.	Шешендік сөздегі риторикалық канондар	1	Риторикалық канон ұғымы. Риторикалық канондардың компоненттері, олардың әрқайсысының қамтитын мәселелері, мақсаты, құрамы; жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін қағидалар.
	Жұрт алдында сөйлеуге дайындық жолдары		
27.	Психологиялық дайындық	1	Психологиялық дайындықтың компоненттері, олардың өзара сабақтастығы. "Репитиция", ішкі дайындық.

Жалғасы

1	2	3	4
28.	Нақты сөзге дайындық	2 2	Нақты сөзге дайындықтың мәні. Нақты сөзге дайындықтың бірнеше сатылары. Тақырып — мақсат — сөз жоспары — әдебиеттермен жұмыс — материалдың нақты сөзге айналуы — сөздің жеткізілуі.
29.	Күнделікті дайындық	2	Күнделікті дайындықтың қажеттілігі. Үздіксіз ізденіс — төселу — талдау—зерделеу — жаттығу.
	Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы		
30.	Негізгі бөлім, оның міндеті мен тілдік ерекшеліктері	2	Негізгі бөлімнің міндеті, тілдік құралдары. Негізгі бөлімнің өзегі — сөздегі жетекші ой. Талдаудың логикалық тәсілдері: талдау, синтез, салыстыру, жинақтау. Баяндаудың түсіндіру тәсілдері: дедукция, индукция, анология, дәлелдеме.
31.	Қорытынды сөз, оның міндеті мен тізбек ерекшеліктері	2	Қорытынды сөздің міндеті мен тілдік құралдары. Қорытынды сөздің шешендік сөздің түрлерімен, тектерімен байланысы. Қорытынды сөзге тән белгілер. Қортынды сөздегі негізгі сөз орамдары.
32.	Сөздерді байланыстырудың әдістері	1	Шешендік сөздегі тұтастықты сақтайтын, сабақтастықты қамтамасыз ететін сөз орамдары. Сөйлеушінің жеке, субъективтік көзқарасын білдіретін сөз орамдары.
33.	Шығармашылық сабақ	2	Жаттығу — тапсырмалармен жұмыс.
34.	Тарауды қорытындылау сабағы	1	Пысықтау, қорыту сипатындағы жұмыстар.
	IV тарау. Пікірталас мәдениеті		
35.	Пікірталастың қоғамдағы орны, маңызы, қажеттігі.	1	Пікірталас туралы ұғым. Пікірталастың қажеттігі, маңызы, түрлері, сипаттары.

Жалғасы

1	2	3	4
			Пікірталастың өзіндік белгілері. Пікірталастың шешендікпен қатысы. Өркениет және пікірталас мәдениеті. Пікірталас — өмір сүрудің шешуші тетігі.
36.	Пікірталас мәдениетінің талаптары	1	Пікірталасқа қатысушы адамның жекебас қасиеттері, қабілеті, ол игеруге міндетті біліктер, пікірталасқа қатысты анықталуы тиіс мәселелер, айтыскерге қойылатын ортақ талаптар.
37.	Пікірталас түрлері: әңгіме және "дөңгелек үстел"	1	Пікірталастың бірнеше түрге бөлінуінің негізгі белгілері. Әңгіме мен "Дөңгелек үстелдің" өзіндік ерекшеліктері, мақсаты, қатысушыларға қойылатын талаптар, ұйымдастыру мәселелері. Пікірталастың бұл түрін дұрыс жүргізуге кері ықпал ететін факторлар.
38.	Пікіралмасу (дискуссия)	1	Пікіралмасудың өзіндік белгілері, мақсаты, сипаты. Пікірталасудың нәтижелілігіне әсер ететін факторлар. Төрағаның міндеті, рөлі.
39.	Ойталқы (диспут)	1	Ойталқының өзіндік ерекшеліктері, мақсаты, сипаты, ұйымдастырылуы. Ойталқының түрлері. Оның пікіралмастырудан өзгешелігі. **Ескертулер.**
40.	Ойкөкпар (дебат)	1	Ойкөкпардың өзіндік ерекшеліктері, мақсаты, сипаты, ұйымдастырылу жүйесі. Ойкөкпардың басқа пікірталастардан артықшылықтары. Қатысушылар мәдениеті.
41.	Сөзталас	1	Сөзталас — пікірталастың ең қарапайым түрі. Сөзталастағы ұлттық дәстүрлердің көрінісі. Сөзталас мәдениеті.

1	2	3	4
42.		2	Пікірсайыс — пікірталастың ең биік шыңы. Пікірсайыстың өзіндік белгілері, мақсаты, сипаты. Пікірсайыстағы тұлға мәдениеті. Пікірсайыс түрлері.
43.	Айтыс	2	Қазақ даласындағы пікірталас түрінің өнер деңгейіне көтерілгені — айтыс екендігі. Айтысқа тән белгілер, орындалуы тиіс шарттар, оның мақсаты мен сипаты. Айтыскерге қойылатын талаптар. Айтысу мәдениеті.
44.	Пікірталаста жиі қолданылатын тәсілдер	1	Пікірталастың барлық түріне ортақ тәсілдер, олардың мақсаты, ерекшелігі, жүзеге асырылу шарттары мен мүмкіндіктері. Шабуыл және қорғаныс тәсілдері.
45.	Қарсыласқа тойтарыс берудің шарттары	2	Қарсыласқа тойтарыс берудің қажеттігі, маңызы. Шарттардың мақсаты, жүзеге асырылу жолдары.
46.	Пікірталас шеберлігіне үйренудің жолдары	2	Пікірталас түрін, мақсатын, сипатын анықтауға үйренудің маңызы. Пікірталастағы сөз мәдениеті талаптарын білу. Сөз сапасына, көркемдігіне қатысты білімді игеру қажеттігі.
47.	Пікірталасын ұйымдастыру жолдары	2	Пікірталасты ұйымдастырудағы негізгі міндеттер. Жүргізушіні тағайындау, сарапшыларды анықтау. Пікірталас түрлеріне сай ұйымдастырудың жолдары.
48.	Тарау бойынша қорытынды сабақ	1	
49	Күрста өткенді қорытындылау сабақтары	4	

Р. S. Жалпы сағаты — 64.
4 сағ мұғалімнің қалауына қарай шығармашылық жұмыстарға беріледі.

2.2. Оқу материалдарын түсіндірудің негізгі бағыттары

Ғалымдар оқушылардың оқу материалдарын дұрыс түсінуінің барлық мүмкіндіктерін, заңдылықтарын қарастыруда. Соның бірі — В.Зайцевтің "түсінуді қамтамасыз ету технологиясы" болып саналады. Мұнда теория мен практиканы мейлінше біріктіруге, кіріктіруге айрықша көңіл бөлінеді. *(Народное образование. № 2, 2001 ж. "Диогностико-технологическое управление процесом обучения." Стр. 114—120.)*

Материалды түсіну бір-бірімен жалғасып жатқан үш кезеңнен: сезінуден (осознания), түйсінуден (осмысление), жинақтаудан (обобщение) тұратындығын айта келе, ғалым олардың әрқайсысындағы негізгі заңдылықтарды, кездесетін қиындықтарды, жаттығуларды төмендегідей сызбамен көрсетеді.

Кезеңдер	Заңдылықтар	Қиындықтар	Жаттығулар
1	2	3	4
Сезіну	ЮНЕСКО арақатынасы	Жаңа сөздер мен терминдер санының көптігі	Сөзді көрнекілік түрінде түсіндіруге назар аудару. Сөзжұмбақтар мен түсіндірме сөздіктер жасау.
		Естің әлсіреуі. Нақты образдың туа қоймауы. Мұғалімнің ежіктей түсіндіруінің ұғымға кері әсері	Өздік шешім жасату әдісімен байланысты жаттығуларды жиі қолдану. Кесте түріндегі көрнекіліктерді көп қолдану (мүмкіндігінше оқушының өзіне жасату). Түсіндіруде түрлі қосалқы деталдарды қаптатудан арылып, ең басты нәрсеге назар аудару.
Түйсіну	Үш байланыстың ережесі: логикалық сабақтастық — құрылымдық — логикалық сызба; — жүйелеу.	Оқушының сенімсіздігі. Өзара байланыстылықты түсінбеуі. Материалдағы логиканы түсінбеуі.	Құрамында қажетті сөз түсіріліп қалған мәтінді қолдану. Мәтіндер бойынша

Жалғасы

1	2	3	4
		Ең басты нәрсені бөле алмауы.	сұрақтар қою. Мәтіндегі ой жүйесінің берілуін анықтау. Арнайы жаттығулар.
Жинақтау және жүйелеу	Қарапайымнан күрделіге қарай. Ақпаратты реттеу қажеттігі.	Ұғымдарға тән, ортақ заңдылықтарды анықтай алмау. Заңдылықтарды түсінбеу. Тақырыптық жинақтаудың қиындығы.	Негізгі ұғымдарды кесте түрінде жасату. Өзара байланыстарды талдау мен жинақтау. Ақпараттардың бөліктерін қолдану.

Шешендік сөздерге қатысты материалдарды да, пікірталас түрлерін меңгертуде де осы көрсетілген сызба жүйесіндегі мәселелерді ескерген жөн. Мәселен, мейлі теориялық материал болсын, мейлі сол ережелерді дәлелдеп, дәйектеуге негізделген жаттығу мәтіндері болсын, оларды талдату қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымымен жүргізіледі. Әрине, оқушының бәрінің қабылдауы, есте сақтауы, түйсінуі тең дәрежеде болмайтынын ескере отырып, тапсырмалардың өзін деңгейлік түрде саралап беру тиімді. Мысалы, бір материалды талдатқанда бірінші деңгей үшін оқу материалы бойынша нақты сұрақтар жаздыру (себебі түсінгенін айта білу қаншалықты маңызды болса, оған қатысты бір шарт — сұрақтың дұрыс қойылуы екені белгілі); екінші деңгей үшін мәтіндегі ой жүйесін тезис түрінде жаздыру; үшінші деңгейде мәтін мазмұнын қарапайым құрылымдылық-логикалық сызбаға түсірту; төртінші деңгейде мәтіндегі өзекті ойды дәлелдеп, дәйектету тапсырылғаны тиімді. Мұнда оқушылар өз мүмкіндігін өзі бағалауға үйренеді.

Әрбір үлкен тарауларды өткеннен кейін міндетті түрде жүргізілетін қайталау, жүйелеу сабақтарында осы сызбада көрсетілген жалпылау мен жүйелеуге қатысты бөлікті назарда ұстау қажет. Бұл оқушылардың жекеден жалпыға қарай, нақтыдан абстрактылыға қарай ой түйіндеулерін жасауына жол ашады. Оқулықтың әр тарауы бойынша соңынан "Түйіндер" беріліп отыр. Мұғалімнің міндеті — осы түйіндерді оқушының дәлелдеуін, не таратып түсіндіруін талап ету. Озық тәжірибелі мұғалімдердің ең ұтымды деп

санайтын әдісі — білімді тақырыптық жүйелеу. Бұл орайда олар түрлі жолдарды таба біледі.

Көпшілік алдында сөйлеуге қойылатын талаптардың бірі — *жинақылық*. Ол үшін оқушыларды санаулы уақыт ішінде өз ойын сыйғызып айта білуге ұмтылдыру тиімді. Мұғалім өте қысқа регламент белгілеп, белгілі бір тақырыпта әркім өзінің сөзін дәлелдеп әрі дәйектеп отыруын талап етеді. Бұлай сөйлеп үйренудің пайдасы аз емес: біріншіден, пікірталаста қысқа сөйлей алатын адам үлкен жетістікке қол жеткізеді, бірақ бұл жерде сөздің логикалылығы мен әсерлілігін де ескерген жөн; екіншіден, жоғары оқу орнына түсер алдындағы емтихандарда жауап берушінің көпсөзділікке бой алдыруы оның өз біліміне деген сенімсіздіктің көрінісі ретінде саналады; үшіншіден, ойды жинақтай алмау — жаңадан студент болғанда да конспект жасауға кедергі келтіреді; төртіншіден, жазып алып оқып беретін адамдардың сөзі тыңдаушыларды мезі етеді; бесіншіден, статистикалық және психологиялық мәліметтерге қарағанда қысқа сөйлейтін отбасыларында ажырасу аз болады екен (бірақ олардың арасында жылылық та жоққа тән делінеді); алтыншыдан, саяси алаңдарда қызылсөзділік өз ісін білмеушілік, кейде тіпті көзалдаушылық деп саналады да, оған деген сенім азаяды.

Сонымен, сөз жинақтылығын өмірдің өзі қажет етіп отыр, бірақ, өкінішке орай, көптеген адамдар оған мән бере бермейді.

Қарама-қайшылықтарды шешу жолдары. Бұл қарама-қайшылықтың үш аспектісі бар: 1) мектепте оқу үдерісінде оқушылардың жинақы сөйлеуіне мән берілмейді; 2) сезімдік еріктік саланы дамытуға көңіл бөлінбейді; 3) тәрбиедегі кемшіліктер — тек өзін ғана сүйетін, өзгенің уақытымен, тілегімен есептеспейтін адамдар көпсөзділікке әуес болады. Бұл ондай адамның сөз, қарым-қатынас мәдениетінің төмендігін де көрсетеді.

Әдіскерлер оқушыны жинақы сөйлеуге үйретін жаттығу ретінде мыналарды ұсынады:

— ойды қысқа айтуға, түсіндіруге үйрету;

— ойды ең қысқа жолмен дәлелдеуге жаттықтыру;

— минимазмұндама, минишығарма жаздыру;

— ең қысқа сөйленген шешендік сөздерді талдату, сол үлгіде сөйлету.

— мақал-мәтелдердегі ойды таратып айтқызу;

— бүкіл ойын мақал-мәтел түрінде түйіндеуге баулу.

Осылай жаттыққан оқушының өзі-ақ көпсөзділіктен бойын аулақ салуға ұмтылады. Яғни бұл шұбалаңқылыққа қарсы оқушының өзі жасаған алғашқы қадамы болып саналады.

Конспектілеу ережелері

Конспект жазуға дағдыландыру да мектептің соңғы сатысында нақты жолға қойылуы тиіс міндеттердің бірі. Олай болса, конспект жазудың өзіндік жолы, реті бар.

Конспект жеңіл шолу жасауға, жеңіл оқуға ыңғайлана жазылуы тиіс. Ол үшін мынадай мәселелерді басшылыққа алған жөн:

1. Тақырыптар түрлі-түсті сиямен жазылып отырылады. Мысалы, бас тақырып қызылмен, қосалқылар жасылмен, тараушалар сарымен, т.б.

2. Дәптердің сол жағындағы үштен бір бөлігі оқушының өз ойын түсіруі үшін бос қалдырылады да, қалған бөлігі конспект жазуға арналады.

3. Мәтін абзацтары бір-бірінен бөлектеніп тұрса, оқу жеңіл болады.

4. Әр абзацтағы кілт сөздердің асты сызылғаны жөн. Бұл да ойдың негізгі түйіндерін жылдам түсінуге ықпал етеді.

5. Конспектінің соңында 0,5 — 1 беттей ашық жер қалдырылады да, тақырып мазмұны жинақталып, қорытылып жазылады.

2.3. Оқу материалдарын меңгерту жолдары

I бөлімде айтылған сөз мәдениетін меңгертудің ғылыми-теориялық негіздеріне сүйене отырып, оқулықта берілген әрбір тараулар, тараушалар, тақырыптар, түрлі қосымша деректер мен мағлұматтарды оқушыға саналы түрде меңгерту, ұсынып отырған жаттығу-тапсырмаларды, ағымдық және аралық бақылау үшін берілген сұрақтарды, шығармашылық сипаттағы жұмыстарды орындату мұғалімнің тікелей шеберлігіне қатысты екені сөзсіз. Оқулық авторлары теориялық мағлұматтардың бір-бірімен сабақтаса берілуіне, тілдік білімнің практикалық дағдымен ұштастырылуына мүмкіндік беруді көздеді. Сондықтан мұғалім оқулыққа енген барлық білім компоненттерімен алдын ала танысып, өзінің күнтізбелік жоспарында оған айрықша назар аударарына сенеміз.

Оқулықпен танысу, әрине, оның алғы сөзінен басталады. Жасыратыны жоқ, біздің дәстүрлі оқулықтарымыздың

көпшілігінде алғы сөз болмайтын, ал бола қалса, оны елеп-ескеріп оқушыға түсіндіру жағы ескерусіз қалатын. Біз осыны ескеріп, оқулықта берілген алғашқы беташар тапсырманы алғы сөзбен әдейі орайластырып бердік.

Кіріспе сабақ — ең бір шешуші қадамның бірі. Өйткені оқушы осы сабақ үстінде өзінің қазақ тілінен осыған дейін алған білімі мен біліктерін жинақтап, қорытындылайтынын, сол алған білімінің шешендік негіздерімен қалай байланыстырылатынын түсініп сезінуі тиіс. Ол үшін "Алғы сөзді" мұғалімнің өзі оқуы немесе сыныптағы бір оқушыға мәнерлеп оқытуы керек. Әр абзац, тіпті әр сөйлем оқушыны ойландыруы көзделетіндей дауыс мәнерін, сазын сақтап отырудың ықпалы зор. Алғы сөз оқылып біткеннен кейін мұғалім қорытындылаушы сыныптағы қазақ тілінің мақсатын тағы бір қайталата отырып, оқулықтың құрылымдық-мазмұндық жүйесімен тұтас таныстырғаны орынды. 11-сыныптың оқушысының жас және психологиялық ерекшелігіне сай оның ертеңгі тағдырының, қалаған мамандығының шешендікпен байланысы өзара түсіністікке негізделген сұхбат, әңгіме арқылы өрбігені дұрыс.

Осы сабақта мұғалім қазақ тілінің мазмұндық ерекшелігіне сай оқушының қандай дәптер арнауын да ескерткені жөн. Себебі бұл сыныпта берілетін жаттығулардың дені оқушының өзіндік ізденісіне, шығармашылығына бағытталатыны белгілі. Олай болса, оқушы жүргізетін жұмыстар бір-бірін толықтырып отыратын дәптер түрлеріне де көп байланысты. Мәселен, "Теориялық мағлұматтар" дәптері әр тақырып бойынша оқушы білуі тиіс ғылыми ұғымдарды, тілдік заңдылықтарды қамтиды. Бұл жалаң ережелерді емес, өтілген тақырып бойынша оқушы жасайтын түйін-тұжырымдарды, өздері жасаған кестелерді жазуға арналады. Мысалы, алғы сөздің үшінші абзацындағы негізгі тұжырым тиянақталып, осы дәптерге түсіріледі. Бұл оқушының оныншы сыныпта алған білімін бекітуге, ал жаңа курстың онымен қалай ұштасатынын түсінуге септеседі.

Оқушы арнауы тиіс екінші дәптер "Асыл сөз" деп аталып, оған әр тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, афоризмдерді, белгілі қаламгерлер мен қоғам қайраткерлерінің өзіне қажетті деген сөздерін жазып жүру тапсырылады. Бұл дәптердің де, біздіңше, беташар сөзі осы алғы сөздегі Цицеронның шешендік туралы айтқан сөзі болуға тиіс.

Үшінші оқушы дәптері "Шығармашылық дәптер" деп аталғаны жөн. Себебі бұл сыныптағы тапсырмалар, негізінен, оқушының өзіндік ізденісіне, өзіндік ой-пікір білдірулеріне арналады (әрине, оны кім қандай деңгейде орындайтыны жеке қабілетіне, жауапкершілігіне орай болатыны сөзсіз). Сонда алдыңғы екі дәптердегі жинақталған материалдар оқушының оларды дұрыс пайдалана алу іскерлігіне қарай шығармашылық жұмыстарда көп көмегін тигізеді. Бұлардан өзге оқушының арнайы картотека жүргізуіне, шағын жеке кітапханасын ұйымдастыруына, ағымдағы баспасөз материалдарынан алынған тігінділер, түрлі көрнекіліктер жинақтауына да мұғалімнің бағыт беріп отыруы — қазақ тілі сабақтарының қызықты әрі мазмұнды өтуіне оң әсер етеді.

Кіріспе бөлімге арналған сабақтың келесі мәселесі — бірінші параграфта берілген мағлұматтардың игертілуі. Мұндағы тұжырымдар алғы сөзбен тікелей астасып жатқандықтан, оны мұғалім өз қалауына қарай 2 сағ-қа бөліп жоспарлауына болады. Яғни екеуіндегі теориялық мағлұматтарды бірінші күні жинақтап, үй тапсырмасына сүйеніп, келесі сабақтарды практикалық негізде ұйымдастыруға да мүмкіндік мол. Немесе оны арнайы сабақ түрінде өткізуіне де болады.

Оқушыға берілетін тапсырмалардың саны — кіріспе бөлім бойынша 13. Байқасаңыз, тапсырмалар мейлінше түрлендіріліп берілген әрі оқушыны қызықтыра жетелеуді көздеген. Мұнда дайын мәтіндермен жұмыс, жекелеген мақал-мәтелдерді талдау, даналық сөздерді мазмұнына қарай топтап, іріктеп отырып өзіндік байлам жасату, оны дәлелдету, өзара ой бөлісу, өтілген теориялық мағлұматтарды бекіту, өздеріне тест құрату секілді тапсырмалар мол қамтылған. Сондай-ақ бір мәтінге негізгі шартымен қоса бірнеше тапсырманың берілуі де оқушының ізденісін дамытуға бағытталған. Кіріспе бөлімдегі мақсат жалпы курсқа жағымды мотив туғызу болғандықтан, бұл тапсырмалардың оқушылардың білім деңгейлеріне қарай сараланып берілгені тиімді. Мәселен, • деген шартты белгі қойылған тапсырмаларды оқушылардың қабілет-қарымына қарай мүмкіндік деңгейдегі жұмыс түрінде беру қажет болса, қалғандары осы берілген үш сағатқа лайықталып жүйеленуі қажет. Сондай-ақ 11-сынып оқушысының жас ерекшелігіне қарай тапсырмаларды олардың өз еркімен таңдауына

мүмкіндік бергеннен де ұтылмасыңыз анық. Әрине, мұнда орындалуы тиіс жұмыстың көлемі мен мөлшерін сабақтың мақсатына сай өзіңіз белгілейсіз. Ал жалпы, кіріспе бөлімдегі берілген тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқулықтың 13-бетіндегі осы бөлім бойынша игерілуі тиіс білім толық меңгерілуі керек. Оған қалай жету, қандай әдіс-тәсілдерді қолдануды мұғалімнің өзі шешеді.

I тарау **"Шешендік өнердің тарихы"** деп аталып, оның құрамына бес параграф бойынша мағлұматтар жинақталған. Ең бірінші мәселе, егер бұл тарауда, негізінен, шешендіктану тарихы айтылар болса, онда неге тақырып "Шешендіктану тарихы" деп берілмеді?" деген сұрақ төңірегінде болмақ. Шешендік өнердің тарихы деп берілуінің себебі, біріншіден, шешендіктану ғылымынан бұрын шешендіктің өнер түрінде туып, дамығандығы; екіншіден, кез келген білім ең әуелі сол ұғым-түсініктің өз топырағындағы негізін танудан басталады. Олай болса, біздің қазақ халқында шешендіктану мәселелері сол шешендік өнер сипатындағы даналық сөздерде қалыптасып, дамыды. Ежелгі дәуірдегі әл-Фарабидің арнайы еңбегінен кейінгі теориялық еңбектер XIX ғасыр зерттеушілерінің еңбектерінде тамтұмдап көтеріліп, XX ғасырдың басында біршама зерттелгенмен, кеңестік дәуірде кең қанат жая алмады, тек соңғы жылдары ғана оның үлкен зерттеулерге нысана ретінде алына бастағаны белгілі. Сондықтан шешендіктің ғылым ретіндегі ерекшелігінен гөрі оның өнер ретіндегі даму тарихы көбірек қамтылғандықтан, тарау осылай аталды. Үшіншіден, біздің курсымыздың түпкі мақсаты шешендіктің практикалық жағын дамыту болғандықтан, оның теориялық мағлұматтарының тек осы оқушының білігіне, іскерлігіне қатысты жағына басымдылық берілуі көзделді. Сол себепті де бұл тарау шешендік өнердің тарихына қарай бағыттальды. Тараудың басты міндеті — шешендіктің өріс алған арналары туралы, бағыттары туралы түсінік беру.

Оқушының оқу уәжін туғызу үшін және оның жалпы тарауда игерілуі тиіс білім мазмұнын білуі үшін ой қозғау сипатындағы кіріспе сөз берілген. Тараудың кіріспесі осы сөзді саналы түсіндіруден басталады. Алғашқы параграф **"Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі шешендіктану арналары"** деп атынан көрініп тұрғандай-ақ, шешендіктің қоғамдық маңызының, әлеуметтік мәнінің айрықша

екендігін көрсететін негізгі факторларға назар аударыла отырып түсіндіріледі. Шешендіктанудың шешендік сөздің қоғамдық қажеттікке айнала бастаған кезінде пайда болуының себептері талданады. Мұны әр дәуірдегі шешендіктанудың даму сипаттарымен бірлікте саралау ұтымды. Оқушыларға әрі түсінікті, әрі қызықты болуы үшін Грекия мен Римдегі бұл ғылымның дамуын кесте түрінде түсіртуге болады немесе төмендегідей үлгіні мұғалім өзі дайындап алып, сол бойынша сөйлегені де білімнің сапалы меңгертілуіне оң ықпал етеді. (№ 1, № 2 кестелер). Бірақ көрнекіліктің бұл түрін оқушылардың өздік ізденістеріне қарай бейімдеу үшін оны дәптерлеріне сызғызып, оқу процесінде үй тапсырмасы түрінде бос бөліктерді түрлі әдебиеттерді қолдана отырып толтырылуын қадағалау қажет. Сонымен қатар оған өзі тапқан жаңа мағлұматтарды қосу үшін кесте бөліктерін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндіктерінің мол екеніне бағдар берілгені дұрыс. Мәселен, әр ритордың тұсына, яғни сол жағына олардың еңбектерін зерттеушілер жөніндегі бөлікті қосуға болады. Немесе солармен қатар өмір сүрген не кейініректе олардың ізін жалғастырған көрнекті шешендіктанушылардың есімдерін көрсететін бөлік енгізуге де болады.

Мұндай сызбалар теориялық мағлұматтарды барынша жинақы әрі жүйелі меңгертуде маңызды рөл атқарады.

Бұл параграфтағы ерекше көңіл бөлінетін мәселелер:

— шешендіктанудың тұңғыш соқпағы;

— ежелгі замандағы шешендіктанудың көрнекті өкілдері;

— шешендіктанудың негізгі бағыттары, даму арналары;

— шешендікке арнайы үйретудің мәні.

Түсіндіру бөлімін оқулықта берілген қызықты деректермен сабақтастыра қорытындылаудың әсері күшті болуы тиіс.

11-сынып оқушыларының деректерді салыстыруға, жекелеген сөздерден өзіндік ой қорытындыларын жасауға мүмкіндіктерінің мол екені ескеріліп, бұл параграфқа орайластырыла берілген тапсырмаларды даралап, саралап оқыту мақсатына практикалық арнайы сабақ бөлген жөн. Оның оқушының жеке көзқарасын қалыптастыруда, өздігінен ізденіс жасауға ұмтылуында атқарар жүгі аз емес. Мәселен, *15, 18-тапсырмаларды* топтық жұмыс түрінде орындату қолайлы. Мұнда олар бір-бірін тыңдауға, ортақ ой тұжырыға үйренеді. Ал *16, 19-тапсырмаларды* мұғалім

оқушының тілегі мен таңдауына қарай жеке шығармашылық жұмыс сипатында бергені жөн. Себебі ол тапсырмаларды барлық оқушы орындауы міндетті де емес әрі дайындалған рефератты я хабарламаны жеке оқушылардың көпшілік талқысына салуы нәтижесінде өзгелердің қосымша мағлұматтар алуына қолайлы жағдай туғызылуы шарт.

1-кесте

Ежелгі Грекиядағы шешендіктанудың кезеңдері мен даму арналары

№	Шешендіктанудың ағымдары, өкілдері	Кезеңдері	Басты бағыттары	Теориялық еңбектері
1.	Софизм — шешендіктанудың негізін қалаған ағым. а) Гораций	б.з.д. V ғасыр	"әлсіз пікірді күшейту", "сөз көркемдігі", "шындықты ашу мақсат емес, мақсат — таңданушыны сендіру"	
2.	Шынайы сөз теориясы. а) Сократ	б.з.д. 470—399 жж.	"абсолюттік шындық адам танымынан жоғары", "ақыл-ойды сату — сұлулықты сату"— софизмге қарсы бағыт	
	ә) Платон	б.з.д. 427—347 жж.	"сөз шындыққа негізделуі тиіс", "шешен өз пәнін жетік білуі тиіс", "сөз адам жанына әсер етуі қажет", "сөздің тыңдарманға тигізер оң ықпалы болуы керек"	
	б) Аристотель	б.з.д. 384—322 жж.	"шешендіктің пәні — айқын болуы тиіс", "сөз сенім туғызуы тиіс", "тыңдарманға әсер ететін басты фактор — стиль", "сөз анық болуы керек", "сөз мәнерлі болуы тиіс"	

2 кесте

Ежелгі Римдегі шешендіктанудың кезеңдері мен даму арналары

№	Шешендіктанудың ағымдары, өкілдері	Кезеңдері	Басты бағыттары	Теориялық еңбектері
1.	Цицерон	б.з.д. 106 — 43жж.	"сөзде жаңашылдық айқын көрінуі керек", "сөз — кісілік бейнесі","сөздегі ой жұмыр болуы тиіс"	
2.	Квинтилиан	б.з.д. 35 — 100 жж.	"шешендік белгілі бір дәрежелерге негізделуі тиіс", "шешендік — табиғи дарын, үйрену", "сөз сұлу әрі таза болуға тиіс", "нағыз өнер — суырып салып айту".	

Мүмкін практикалық сабақтың үштен бір бөлігін сол рефераттарды талқылауға арнаған дұрыс болар. Оны сыныптың мүмкіндік деңгейі, мұғалімнің ұйымдастырушылық қабілеті біледі.

19-тапсырманың соңында • белгісімен көрсетілген жұмыс та даралық сипатта орындалғаны ұтымды. Тіпті бұл тапсырманы осы тараудың соңындағы қорытындылаушы сабақ үлесіне қалдыруға да болады. Сонда жауапты оқушылардың көбірек ізденуіне уақыт жағынан қысым жасалмас еді.

"Ресейдегі шешендіктанудың дамуы" тақырыбының кіріспе бөліміндегі шешендік теориясының қалануын Ресейдің I Петр патша билік құрған дәуірдегі мемлекеттік реформаларды түсіндіруден бастаған орынды. Бұл, бір жағынан, оқушының тарихи даму үрдісінде халық мәдениетінің маңыздылығын түсінуіне бағыт берсе, екінші жағынан, қоғам дамуы мен шешендік өнердің өзара тығыз байланыстылығын тереңірек ұғынуына жол ашады. Яғни

тілдің өркениетпен, мәдениетпен бірлігі жөнінде ой түюіне негіз қалайды.

Ресейдегі шешендіктанудың көрнекті өкілдерінің еңбектері ежелгі шешендіктанушылардың ұстанымдарымен сабақтастырыла отырып талдануы қажет. Оқушыларды кітаппен жұмыс істеуге дағдыландыру мақсатында оларға осы теориялық тақырыптан түсінгендерін конспект я тезис түрінде жазғызу немесе алдыңғы кестені үлгі ете отырып толтырту секілді жұмыстарды орындатуға болады (бұл жұмысқа ұжым болып жұмылдыру да оң нәтиже береді деп сенеміз).

Көрнекілік ретінде аталған шешендердің портреттерін, олардың шешендік туралы даналық сөздерін пайдалануға болады. Мұғалім оқушылар орындайтын жұмысты жеңілдету үшін оқулықта аты аталған барлық шешендіктанушылардың туған, өлген жылдары көрсетілген, шешендікке қатысты еңбектерінің аты жазылған кестені алдын ала дайындауы керек. Сондай-ақ оқу-әдістемелік кешенінің ішінде "Шешендік — өнер" атты хрестоматиялық сипаттағы жинаққа енгізілген В.Белинскийдің шешендіктің маңызы, оны үйрену қажеттігі жөнінде айтылған пікірін алып, бала санына қарай көбейтіп таратуы да тапсырмалардың жылдам әрі қызықты орындалуына мүмкіндік береді. *21-тапсырманы* әр оқушы жеке орындап, өздері жасаған тұжырымдарды соңынан ортаға салғаны тиімді. Ондай жұмыс оқушылардың өзін-өзі бағалау, бір-бірінің пікірін тыңдау дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

20-тапсырманы 3 — 5 мин дайындық бере отырып, ойбөліс түрінде ауызша жүргізген тиімді.

"Ұлттық шешендіктанудың алғашқы бастаулары" тақырыбы да халық тарихындағы " өрлеу дәуіріне" қатысты толғаныспен нақты айғақ-дәлелдермен, маңызды деректермен, тіпті осы кезеңге қатысты ақындардың өлеңжырларымен басталғаны әсерлі. Оқулықтағы ақпарат сипатында берілген мәліметтерді сабақта қосымша құрал ретінде қолданылатын еңбектермен жұмыс істету барысында жандандыруға болады. Ежелгі дәуірдегі шешендіктанушылардың пікірлеріндегі ортақ негізді табу қажет. Ол негіз, олардың бәріне ортақ ой — сөзді бар өнердің басы деп тану екені дәйектелуі керек. Шешендерді құрметтеу туралы қағидалардың өзі осындай қасиеті бар

адамдардың талантын, еңбегін бағалау қажет деген тұжырымнан туындағанына көңіл бөлінгені жөн. Бұл тұста шешендіктің адамдық болмыспен бірлігі ашып көрсетілгені орынды.

Сабақтың көрнекілігі ретінде Орхон-Енисей жазбаларының үзінділері, оның қазіргі тілдегі аударма мәтіндеріндегі сөзге қатысты тұжырымдар плакатқа жазылып қойса құба-құп. Сондай-ақ аты аталған ғұламалардың портреттерінен тұратын буклеттерді, ашықхат жинақтарын да пайдалануға болады. Осы топтағы ғалымдардың *23-тапсырмадағы* жинақталып беріліп отырған сөздерін шешендік өнер табиғатын таныту тұрғысынан талдату жұмысын жұптық түрде жүргізуге болады. Себебі жұптық жұмыс оқушылардың өзара пікір алмасып, бір-бірінің ойын толықтыру дағдыларын, басқаның ойымен санасу іскерліктерін шыңдауға әкеледі.

24-тапсырманы үй жұмысы түрінде екі-үш оқушыға арнайы беруге болады.

Жоғарыдағы тақырыптың заңды жалғасы **"Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің дамуы"** тақырыбында тереңдей түседі. Мұғалім тақырыптағы "шешендік өнерінің дамуы" деген сөзге ерекше тоқталып кеткені жөн. Яғни сөз болатын мәселе — қазақ топырағындағы шешендіктің өнер ретінде, қоғамдық құбылыс ретінде дамуы. Оның да түпкі бастау бұлақтарының, дәл уақытының белгісіздігінің себептері анық берілуі тиіс. Пәнішілік байланыстарды жүзеге асыру үшін XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ даласында шешендіктің өрістеуіне негіз болған факторлардың Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі жағдайлармен ұқсастығына назар аудартудың мәні зор.

Қазақ шешендерінің қоғамдағы орны "дала демократиясы" ұғымымен ұштастырылып айқындалғаны жөн. Сондай-ақ сөзді бүкіл өнердің басы деп таныған халықтың шешендерді дәріптеудегі, құрметтеудегі үрдістерін Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі шешендерге жасалған түрлі қастандықтармен салыстыра көрсету ұлттық болмысымызды мақтан тұтуға деген сезімді тәрбиелеудің бір шарты болар еді. Патшаның тағынан шешеннің бағын артық санаған бабалар дәстүрінің өзегінде жатқан адамгершілік негіздерін танытуға қатысты ойларды да осында сыналап жеткізуге мүмкіндік мол. Ұлттық құндылықтардың жалпы адамзаттық биікке көтерілер негіздерін түсіндіруге де

қолайлы сәт бұл сабақта барынша мол. Оған осы тақырыпқа сай ұсынылған қызықты деректердегі мәліметтер де, мәтіндердің мазмұны да, орынды қолдана білсе, үлкен мүмкіндік береді. Шешендерін еркелете білген халықтың дәстүрі (Майқының қосалқы атына қатысты), шешенге деген шексіз құрмет (Өз Жәнібектің Жиреншеге қамқорлығы), шешен сөзінің мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді шешуде ескерілуі (Төле бидің "Жеті жарғыға" қатысы) секілді мәселелерді түйіндей отырып, қазақ шешендерінің өзара сыйластығын атақты үш би туралы Ә.Кекілбаев сөзімен дәлелдеу, ал оның сөзін *26-тапсырманы* орындату арқылы дәйектеу мұғалімнің жалаң сөзден гөрі оқушымен бірлесе атқаратын қызықты да танымдық мәні ерекше жұмыстарды жүргізуі нәтижесінде мүмкін болады.

28, 31, 32, 33-тапсырмалар мәтіндеріндегі ой-пікірлерді бір-бірімен жалғастыра, сабақтастыра отырып қазақ шешендік өнерінің өзіне ғана тән өрнектерін, өнегелі дәстүрлерін оқушының өздігінен пайымдауына бағыт беріледі. Осылардың барлығын талдай, парықтай отырып, ондағы негізгі ойларды тірек етіп, соңында оқушылардың қазақ шешендігі жөнінде ой толғау сипатында шығарма жазуына немесе түйдекті түйін сөздер, тиянақты тұжырымдар жазуына тапсырма берудің танымдық та, тағылымдық та мәні үлкен. Мысалы, Н.Потаниннің, В.Радловтың пікірлерімен, Н.Төреқұловтың қазақ билерінің, билік кесімдерінің гуманистік негіздері туралы тұжырымдарымен орайлас өзінше ой түю арқылы оқушының тілі де, ойы да, дүниетанымы да дамиды. Ал сол сөздерді өзі құраған мәтін ішінде орынды қолдана білуді міндеттеу оның ішкі мәдениетін, ғылыми дағдыларын, мәліметтерді сараптау іскерліктерін жетілдіруді көздейді.

Шығармашылық жұмыс үшін даралап оқытуға арналған *26, 27, 32-тапсырмалар* да оқушының ойын ұштап, танымын кеңейтуге бағдарланып беріліп отыр. Біз бұл тақырыпты 2 сағ-қа сыйғызуға болады деп отырмыз. Егер мұғалім қажет деп тапса, оның сағатын азайтуға да, көбейтуге де еркі бар.

Бұл тақырыптың мазмұнын тереңдетіп, тартымдылығын арттыру үшін мәтін мазмұнына қарай дарынды балаларға арнайы тапсырма беріп, сурет салдырудың да тиімді болары даусыз. Және оқушылардың есті сөзді есте сақтауына мүмкіндік беретін қызықты жұмыс түрінің бірі — *32, 33-*

тапсырмалар мәтіндері негізінде Бөлтірік пен Тезектің, Байдалы би мен Айғанымның сөз қақтығыстарын рөлге бөліп, алдын ала дайындап, сахналау.

Теориялық дәптерге түсірілуі тиіс негізгі тұжырымдарды осы тақырыпқа қатысты берілген ең соңғы, яғни *34-тапсырмамен* жұмыс нәтижесінде анықтау үйге берілсе, оқушы сыныпта алған барлық мағлұматтарын жүйелеп, қорытындылауға үйренеді әрі саналы түрде өзіндік түйін жасауға дағдыланады.

Осы тараудағы соңғы параграф "Қазақ шешендіктану ғылымы: қалыптасуы мен дамуы" деп аталады. Мұнда туған топырағымызда бұл ғылымның дамып, өрістеуіне жол ашқан Ш.Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, С.Сейфуллин еңбектерінің маңызы, кеңестік кертартпа саясаттан халықтың өнерін қорғаған Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Б.Адамбаев, Б.Кенжебаев, Ә.Мәметова сынды зерттеушілердің ұстанған бағыттары, жаңа заман талабымен үндес шешендік мәселелерінде зерделі ой білдіріп жүрген ғалымдар Н.Уәлиевтің, Р.Сыздықованың, т.б. өрелі ой тұжырымдары түсіндіріледі. Олардың еңбектері аталып өткенмен, негізгі бағыттары сараланып берілген теориялық мағлұматтарды әрі қарай анықтап, кеңейту үшін әр қазақ ғалымының еңбектері бойынша рефераттар дайындатуға болады.

Ал тақырыпқа қатысты ұсынылған қызықты деректің танымдық та, тәрбиелік те тұрғыдан берері мол. Әсіресе қызыл империя тұсында адамзаттың көсемі деп асыра дәріптелген Ленин мен қазақ арысы Әлімхан Ермековтің пікірталасына қатысты Ахмет Байтұрсынұлының сөзінің астарында қаншама ой бар?! Осыны мұғалім аса бір мұқияттылықпен, зерделі түрде түсіндірсе, оқушыға берер тағылымы аз болмас еді.

Шешендіктің бұрынғы қалпы мен бүгінгі жайын ұштастыра сөз еткен ғалым С.Негимов сөзі алынған *35-тапсырмада* оқушылар ойын қозғайтын дүниелер аз емес. Ал *37-тапсырманы* жұптық я топтық жұмыс түрінде орындатқан ыңғайлы. Сол сияқты *38-тапсырманы* негізге ала отырып жасалатын шығармашылық жұмыс та жеке-дара орындаудан гөрі бірлесе, топтаса жүргізуге сұранып тұр.

Тарау бойынша өтілгендерді тұжырымдап, қорытындылауға арнайы сағат бөлінгені дұрыс. Бұл жердегі басты

мақсат — оқушы нені білді деген мәселемен шектелмейді; оқушы шешендік өнер тарихы туралы қандай ой түйді, нендей тұжырым жасай алады деген мәселені анықтау. Сондықтан пысықтауға арналған сұрақтарға берілетін ауызша жауаптармен қатар *36-тапсырманың* теориялық тұрғыдан талдау түрінде орындалуы, *39-тапсырманың* барлық шарттарының шешілуі, сондай-ақ алдыңғы сабақта берілген "Көне Үндістан мен Қытайдағы шешендіктің дамуы" туралы рефераттарды талқылау нәтижесінде "Тарау бойынша түйіндерді" әрі қарай тереңдетіп, толықтырып жаздыру — оқушының сапалы білімі мен саналы түсінігінің басты кепілі. Мектептің техникалық-базалық мүмкіндігіне орай соңғы қорытынды немесе алдыңғы сабақтарда қазақ билері, шешендерінің өмірінен түсірілген сюжеті бар көркем фильмдерден, телеспектакльдерден үзінділер көрсетуге де болады.

Оқулықтың екінші тарауы **"Шешендік сөздің табиғатын"** танытуға арналады. Тарау құрамына шешендік сөз туралы, оның жалпы ерекшелігі мен түрлері, тектері жайындағы тұжырымдар, шешенге қойылатын талаптар, шешен мәдениеті туралы теориялық мағлұматтардан хабардар ететін он параграф енгізілген.

Шешендік өнер тарихынан мағлұмат берілгеннен кейін оқушыны шебер сөйлеудің сырларына қанықтыратын негізгі мәселе ең әуелі шешендік сөз туралы жан-жақты білім беру деп санадық. Өйткені оқушы өзінің үйренетін нәрсесінің қыры мен сырын, оған қойылатын талаптарды тануы керек. Осыған дейінгі теориялық материалдар мазмұнынан, практикалық жаттығу жұмыстары жүйесінен шешендік сөз туралы біршама түсінік алған оқушы енді бұл тақырып аясында шешендіктің таныс та бейтаныс шиырларынан, оның қалыптасқан қағидалары мен заңдылықтарынан хабардар болады. Шешендік сөздегі ортақ белгілердің жеке адам қабілетімен, дарынымен ұштастырылу жолдарын таниды. Шешендік сөздің сазы, көріктеуіш құралдары жөнінде қажетті мағлұматтарды алып болған соң, шешендіктің нақты түрлері, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері жөнінде білім алады. Тарау шешеннің болмысы, өзін ұстау әдебі мен мәдениеті туралы мәселелерді баяндайтын тақырыптармен түйінделеді. Мұғалім өзінің кіріспе сөзінде тараудың мазмұндық-құрылымдық жүйе-

сінің осындай реті мен тақырыптар аясын түсіндіреді. Бұл алдыңғы тараудағы дәстүрдің жалғасқанын көрсетеді. Оның үстіне бітіруші сынып оқушысына таяу болашақтағы білім жоспарымен танысу, оның негізгі мақсатынан хабардар болып отыру артық емес.

Тараудың бірінші тақырыбы — **"Шешендік сөзге қойылатын талаптар"**. Бұл тақырыпқа кіріспе сөз ретінде оқулықтың 42-бетінде берілген Шал ақынның "Сөйлейін сөзді ерінбей..." деп басталатын өлеңі мәнерлеп оқылса. Оқушыларға арадағы азғана үнсіздік арқылы ойлануға мұрсат берілсе. Сосын тақтаға үлкен әріптермен "СӨЗ" деп жазып қойып, қайтадан Шал ақынның сөзге қояр талаптарын сол СӨЗ-дің айналасына ретімен жазса. Мысалы, оның көрінісі былай болып шығар еді:

1-диаграмма



Міне, қазақтың сайын даласының аузымен құс тістеген бір дүлдүлі сөйлер сөзге осындай талап қойыпты. "Шешендікті арнайы мектеп ашып оқытпаса да, ашық аспан астында өткен сан қилы сөз сайыстарда, көшелі жиындарда көсемдігін көсегелі ойымен астастыра жеткізген аяулы асылдарымыздың бірі — Шал ақын сындарлы сөздің сымбатын, салтанатын арттырар талаптарды осылай толғапты..." деген мазмұндағы түсінікті сабақ тақырыбымен жалғастырып жіберу мұғалімге көп күшке түсе қоймайды. Тек басты мәселе — негізгі арқауды қолға берік ұстату.

Осыдан кейінгі жай — оқулықтың алғы сөзіндегі, 1-параграфындағы сөз мәдениеті мен шешендіктің байланысын көрсететін сөйлемдерді, абзацтарды қайта бір парақтата келе шешендік сөз туралы берілген теориялық материалды оқыту. Ол тұста оқушыға өз түйіндеулерін "Теориялық дәптерге" тезис түрінде не қысқа конспект түрінде бірден

жазып отыру тапсырылғаны жөн. Конспектіде шешендік сөздің анықтамасы (4-5-беттердегі мағлұматтар негізінде), шешендік сөзге қойылатын талаптар, шешендік сөз сапасына әсер ететін факторлар, шешендік сөзде ескерілуі тиіс қағидалар бөлек-бөлек түсірілгені тиімді. Оқулықта А.Байтұрсынұлының сөзі мүмкіндік деңгейдегі мәлімет болғандықтан, оны бірден қамтып кетудің реті жоқ. Оны соңынан, яғни негізгі мәселелер түсіндіріліп болған соң, жекелеген дарынды оқушыларға өзіндік байлам жасату үшін ұсынуға болады.

Мұғалім есінде болуға тиіс тағы бір аса мәнді нәрсе — оқулықтың 1-параграфында да, 7-параграфында да шешендік сөзге қойылатын талаптар көрсетілген. Бірақ ол екеуі екі түрлі. Оның себебі 1-параграфта шешендікке қойылатын талаптар оның қызметі тұрғысынан қарастырылған, ал 7-параграфтағы талаптар шешендіктегі сөз сапасы тұрғысынан сараланған. Сондықтан мұғалім бұл екеуін өзара тығыз бірлікте танытуы қажет. Ал қатар танытудың ең ұтымды жолы — сызба түрінде жеткізу. Оның формасын, берілу жүйесін ойластырған жөн.

"Сөз мәдениетінің ең жоғарғы формасы — шешендік" деген М.Балақаевтың тұжырымына сүйеніп, *41-тапсырманы* орындауға бағыт беріледі. Себебі бұл сызбадағы талаптар 10-сыныпта толық өтілген. Бірақ онда олар шешендік сөзге қатысты деп арнайы көрсетілмей, жалпы сөз сапасы түрінде тиянақталған болатын. Бір жағынан, өткенді қайталау, екінші жағынан, осында көрсетілген әрбір белгінің шешендікпен тоғысар тұстарын өз бетімен тұжырымдау сипатындағы күрделі міндетті барлық оқушы бірдей орындап шығады деу артықтау болар. Сондықтан тақтаға көрнекілік түрінде ілінген бұл сызбадағы әр терминге түсінік беру оқушылардың өз еркімен берілетін жауаптары арқылы жүргізілсе, бұл олардың бір-бірінің жауаптарын тыңдай білуге, қарсы немесе қоштаған уәждерін айтуға дағдыландырары сөзсіз. Яғни айтылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім секілді сөйлеу әрекетінің төрт түрлі компонентін қатар жүргізуге жол ашылар еді. Мұндай тапсырма одан әрі қарай *42-тапсырмада* заңды жалғасын табады да, шешендік сөз сапасы туралы оқушының жалпы ойы *43-тапсырма* аясында орындалатын шығармашылық жұмыста тұжырымдалады. Алғашқы сабақтың практикалық жағы *45-тапсырманы* орындау арқылы аяқталады.

Осы тақырыптың екінші тіл ұстарту сабағында мұғалім *46, 47, 48-тапсырмалардың* қайсысын орындатуды өзінің қалауына, оқушылардың еркі мен білім деңгейлеріне қарай шешкені жөн. Олардың қай-қайсысы да шешендік сөз сапасын анықтау мақсатын көздеп жүргізілгені қажет. Егер *46-тапсырманы* орындауды көздесе, А. Байтұрсынұлы мен М. Көпеевтің "сөздің әсерлілігі қайткенде күшейеді?" деген сауалға қатысты пікірлерін екі бағанға тізе отырып салыстыру нәтижесінде әр автордың сөз сапасы деңгейін бағалаттыру оқушылардың ойын, танымын дамытуға да жол ашады. Егер *47-тапсырманы* орындауға ниет болса, онда Мұхтар Мағауиннің шешендік қасиеттерін нақты дәлел, дәйектермен көрсеткен орынды. "Мәтінге ат қойыңдар" деген талапты мұғалім өзі тест түрінде ұсынылатын тақырыптарды таңдату арқылы жылдамдатуына болады. Содан соң мәтіндегі негізгі ойды тапқызу қажет. Тек соңғы кезекте мәтінді шешендік сөзге қойылатын талаптар тұрғысынан бағалату жөн.

Біздіңше, *48-тапсырманы* алдын ала берілген баспасөз материалдарын сыныпта талдату арқылы немесе үйге берілетін жұмыс ыңғайында орындату тиімді. Себебі бұл тапсырманы барлық оқушыға ұсыну қиындық келтіреді. А.Байтұрсынұлының талдау жүйесіне қатысты сұрақтарының мәнін ашудың өзіне кез келген оқушы дайын болмауы мүмкін. Олай болса, бұл тапсырма мүмкіндік деңгейіндегі тапсырма ретінде беріледі. Ал егер қабілетті оқушылардың өзіне қиындық тудыруы мүмкін деп санасаңыз, онда бұл тапсырмаға жыл соңында, оқушылар шешендік негіздерін толық игерген кезде практикалық жұмыс түрінде қайта айналып соғуға да болады. Қалай болғанда да мейлі сыныптағы, мейлі үйдегі орындалатын жұмыстардың ешқайсысы да баланың мүмкіндігінен аспауы ойластырылуы керек.

Шешендік сөздің табиғаты оның ауызша айтылуына орай орфоэпия нормаларына сәйкес анықталары сөзсіз. Шешен ойының тыңдаушыға әсерін арттыратын талаптардың бір саласы сөз сазына қатысты болуы — табиғи заңдылық. Соған орай шешендік сөзге қойылатын талаптар жөніндегі тақырып **"Шешендік сөздің сазы"** деп аталатын параграфпен жалғастырылады. Тақырыптың маңыздылығын сезіндіру, сабаққа қызығушылық тудыру мақсатында

оқушы әуезін оятуға түрткі тудыратын бір жол — әңгімені оқулықтың 54-бетіндегі қызықты деректерді жатқа оқумен не мәнерлеп оқумен бастау. Оқушыны елең еткізерлік деректердің, атап айтқанда, атақты Қазыбектің "қаздауысты" аталуына немесе Ежелгі Грекия шешені айтулы Демосфеннің шебер сөйлеуге жаттығуына қатысты деректер, сондай-ақ әйгілі ұстаз А.С.Макаренконың бойды тітіркентер сөзінің астарына үңілту оқушы санасында тақырыптың маңызын түсінуге деген ұмтылысты оятады. Ондай сөз әрі қарай "Сөз сазы" ұғымының шешендік сөзбен байланысын танытуға қарай ыңғайландырылады.

Түсіндірме сөздікке сүйене отырып "сөйлеу техникасы" деген терминнің мағынасын ғылыми тұрғыда таратып түсіндірудің де маңызы зор.

Одан әрі сөйлеу техникасының құрамды бөліктері ретретімен түсіндіріледі. Бұл жұмысты басқаша да ұйымдастыруға болады. Ондайда оқулықта курсивпен берілген ұғымдардың мағынасын түсіндірме сөздікпен жүргізілетін жұмыс арқылы жандандыра жалғастыру да оқушыға ұсынылатын тапсырмалардың түрлендірілуіне негіз болады.

Орфоэпиялық нормаларға қатысты ұғымдардың оқушының негізгі сатыдағы алған білімдерімен сабақтастыру арқылы саналы меңгертілетіні ескерілуі тиіс.

Теориялық мағлұматтың нақты дәлелі үнтаспаға жазылған белгілі өнер шеберлерінің көркемсөз оқуын тыңдату арқылы нақтылана түседі. Егер ондай жағдай болмаса, мұғалім не өзі, не көркемсөзді мәнерлеп оқитын бір оқушының даусын арнайы жазып алуына болады. Оған қажет мәтінді *49, 50, 51, 52- тапсырмалардың* бір-екеуінен алуға да болады. Тіпті оқушының қызығуын дамыту үшін бір мәтіннің мәнерлеп оқылған бір нұсқасын, жай ғана атүсті оқылған бір нұсқасын жазып алып қатар тыңдату арқылы да шешендіктегі сөз сазының маңыздылығы туралы өздігінен ой қорытуға үйретуге болады. Әсіресе, қазақ тілінің мұңын, Құмнарынның мұң-зарын ауызша айтудағы сөз сазының ықпалын танытуға мүмкіндік айқын көрінеді.

Оқушының сөз сазы жөніндегі ой толғамдарын жүйелі жазуы үшін М.Балақаевтың сөзін пайдалануына болады. Сөзге шеберлік пен сөзге олақтық деген түсініктердің сөйлеу сазымен де шектесетінін ғалым тұжырымы арқылы бекіте түсу ұтымды.

Параграф соңындағы *56 — 60-тапсырмаларды* оқушылардың қызығуы мен қалауына қарай топтық, жұптық жұмыс түрінде жүргізген тиімді. Оларды үй тапсырмасына беруге де болады.

"Шешендік сөздің көріктеуіш құралдары" — шешендік сөздің тыңдаушыға әсерін күшейтетін, оның сапасын арттыратын, әр беретін, сөзге нәр беретін, сол арқылы ойға мән дарытатын басты компоненттердің бірі боп саналады. "Сөз — жібек жіп, жыр — кесте, Айшығы айқын көрінбес, өрнексіз тігіп баттаса" деген Дулат Бабатайұлының сөзі сөз өрнегінің өзі белгілі бір шек пен өлшемнен аспау керектігін, бояу әрі анық, әрі қанық болғанда ғана зерлі сөз зерделі көңілге қонақтарын көрсетсе керек. Ендеше, көпшілік алдына нақты мақсат қойып шығатын шешендердің сөзді саралауда, орынды қолдануда үлкен жетістікке жетуінің сыры осы өлшемді дәл анықтауын қажет етеді.

Сөздің көріктеуіш құралдарын атағанда әдебиеттанудың терминдерін еске түсіріп қайталатқан жөн. Себебі оқушы осы уақытқа дейін көркем әдебиет шығармаларын оқығанда, олардың көркемдік сипаттарына да қоса талдау жасап келгені аян. Бұл сабақта сол өткен материалдарды қайта жандандыра, жаңғырта отырып сөзді айшықтау, ажарлау амалдары, құбылту тәсілдері еске түсіріледі. Ол үшін оқушылардың өздеріне өлең-жырлардан, прозалық, драматургиялық шығармалардан үзінділер оқытып, ондағы айшықты сөздерді атату, олардың өлең мазмұны мен әсерлілігіне тигізіп тұрған ықпалын айтқызу керек.

Уақыт, заман өзгерген сайын ұрпақтың да талғамы өзгеретіні, сондықтан сөз шеберлерінің де тілінде соған бейімделу болатыны ескі жырлар мен қазіргі ақын лирикасындағы өлең сөздің ажарларын салыстыра отырып дәлелденсе құба-құп. Осы тұста Абайдың "сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел" деген сөзінің астарына көз жібере отырып сөздің қоғаммен бірге дамып, өзгеріп отыратынын дәлелдеу қажет.

Оқулықтағы теориялық материалды оқи отырып, онда аталған көріктеуіш құралдардың әрқайсысының мазмұны мен мағынасын ашып тұратындай диаграмма, сызба түріндегі көрнекілік жасату керек. Сол негіздегі жұмыс аяқталғаннан кейін жалпы шешендік сөз сапасын қандай белгілеріне қарап бағалауға болатыны туралы біртұтас ой тұжырымдалады.

Бұл ой *62, 66-тапсырмалардағы* академик З. Қабдоловтың пікірлерін талдай отырып, оны әрі қарай өз сөзімен жалғастырту оқушының ойын жинақтауға оң әсер етер еді. Ғалым сөзін талдау алдында сол мәтінге қатысты ұсынылған қосалқы тапсырмаларға да ден қойған дұрыс. Сонда барып оқушы өзі ұстанған бағыт қайсы, көздеген межеден шығу үшін қандай жұмыстарды орындау қажет деген мәселені де анықтап алатын болады.

Қазіргі ақын-жазушылар шығармашылығындағы сөз көркемдігі туралы айтылған жаттығу мәтіндерін берудегі ой — кез келген шешендік сөзді талдауда оқушыларға үлгі көрсетерліктей шебер жазылған дүниелерді ұсыну еді. Оқулықта ол жай үлгі үшін ғана емес, "сынға — сын" секілді ұстанымымен берілді. Біреудің сөз көркемдігіне талдау жасаған дүниенің өзі сол талаптарды қалай сақтаған деген мәселені ашу арқылы оқушы талдауды үйрене отырып өзі соған икемделе түссін деген мақсат бар. Мысалы, М. Әуезовтің Абайдың "Қыс" өлеңін талдауы (*63-тапсырма*, II), А. Егеубаевтың қазіргі ақындар шығармашылығы туралы жасаған талқыламасы (*61-тапсырма*) қай жағынан алып қарасақ та оқушыны ойлануға жетелейтін сөздер.

Ал осы тақырып аясында оқушыларды сергіту үшін де, оларды пікірталасқа шақырып ой тудыру үшін де *64-тапсырмада* "Мақал жетіскеннен шықпайды" деген тақырыптағы мәтінді ұсынып отырмыз. Осы тапсырмадағы соңғы талап "Осы оқиғамен үндес қандай аңызды білесіздер?" деп қойылған. Естеріңізде болса, еріккен бір патшаның бұйрығымен бүкіл ел өз ойынан мақал шығаруы тиіс болады. Сонда "аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен" бір бейбақтың дарға асылуына үкім шығарылады. Дәл осы соңғы сәтте "ақтық сөзіңді айт" дейді еріккен билеуші. Жаны әбден қысылған бейбақ: "Е, патшам-ай көп қорқытады, терең батырады екен ғой", — дейді. "Ә, бәрекелді, міне, мынауың тамаша мақал болды", — деп патша оған кесілген үкімді қайтып алады. Егер оқушылар таба алмаған жағдайда мұғалім осы аңызды өзі айтып беріп, әрі қарай жалғауды оқушыларға жүктегені дұрыс.

Ал *65-тапсырманы* оқушыларға өздік жұмыс түрінде ұсынуға болады. Бұл оқушыларды көркем әдебиеттерді, танымдық сипаты мол естеліктерді, өмірдеректік шығармаларды түсініп оқуға жетелейді.

Тақырыптан алған білімін түйіндеп жазу оқушының өз қалауымен жүргізілгені ләзім. Жалпы осыған дейінгі алған білімдерін бір-бірімен сабақтастыра пысықтату мақсатында тақырып соңында жеті түрлі сұрақ-тапсырмалар берілген. Оларды қандай формада және қашан ұйымдастыру мұғалім еркінде. Егер уақытты ұтымды пайдаланамын десе, ол сұрақтарды тест түрінде "жаңғыртып" жасауға да болады. Ал шығармашылық сипатта өткіземін десе, белгілі бір тақырып ұсынып, сол тұрғыда оқушының өз ой түйіндерін жаздыруына да болады.

"Шешендік сөздің тектері мен түрлері" тақырыбын оқулықтың 140-бетінде берілген Бөлтірік шешеннің баласына айтқан мына сөзімен бастаған әсерлі:

— Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе тағы жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады, әкең қапа болады, — деп ақыл беріпті.

Бұл сөздің, әсіресе, өзгенің "жүрегін жаулауды" мақсат ететін шешендік сөздің бүкіл болмыс бітімінің қолдан құйғандай шымыр, бүтін болуы үшін өбден қажет шарттар екенін түсіндіре келе, қазіргі шешендік туралы кіріспе сөзде берілген ғалым Р.Сыздықованың сөзімен сабақтастырудың ұтымдылығы ерекше болмақ.

Шешендік сөздің тектері мен түрлері туралы түсінік, қай сөз түрін өткенде де оқулықтың 97-бетіндегі кестені пайдалануға болады.

Осы теориялық бөлімді оқи отырып оқушы шешендік сөздің қандай белгілеріне қарай сараланатынын өздері тұжырым жасып, оның қай талабы жоғарыдағы Бөлтірік шешен сөзімен үндесетінін өздері табуы олардың ойын білімге қарай саналы бағытталуына мүмкіндік береді.

Осы тұста жалпы шешендік сөздің тектері туралы беріліп отырған мағлұматтарды түзуде мынадай мәселелерге жауап жазылуы тиіс:

1. Қолданыс аясы.
2. Оның түрлері.
3. Мақсаты.
4. Негізгі тілдік сипаты.

5. Тілдік құралдары.
6. Сөзге кері ықпал ететін факторлар.
7. Осы шешендік сөз тегінің маңызы.

"Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік" — өмірде жиі кездесетін, оқушылардың күнделікті тұрмысында жиі естіп, бетпе-бет келіп отыратын жағдайларда қолданылатын сөздер екені ескертіледі. Шешендіктің бұл түрінің адамдық асыл қасиеттерден бастау алатынына баса назар аударылғаны жөн. Сондай-ақ мұнда жалпыхалықтық салттар мен ұлттық әдет, дәстүрлердің өзара жымдасуы, қазіргі заманға сай бұрынғы дәстүрлердің "жаңғыруы" туралы толымды ой тастау керек. Сонда оқушылардың бұл шешендіктің ұлттық танымменен, тағылыммен қатысына өздігінен байлам жасауға мүдделілігі артады. Қазақтың сөзді құдірет деп, қасиет деп танитын болмысын, сөзге бас иетін, сөзге тоқтайтын үрдістерінің ұлылық ұлағатын мақтан етер, оның шын мәніндегі танымдық тамырларын түсінер деңгейге көтерілуіне жағдай жасалады. Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздердегі жекетұлға қасиеттерінің танылуы, тапқырлық, даналық қабілеттерінің көрінуі, тыңдаушыға әсері деген мәселелер көпке танымал қоғам қайраткерлерінің сөздерінен бастап, оқушының өз ортасындағы жағдайлармен ұштасуы оларды өзара салыстыра білуге мүмкіндік туғызады.

Осы уақытқа дейін шешендік сөздердің түрлері туралы толық білім алғандықтан, әлеуметтік-тұрмыстық шешендік бойынша ұсынылған тапсырмаларды өз қалауларымен орындауына мүмкіндігі мол. Олай болса, тақырыпқа сәйкес берілген он тапсырманың ішінен өз таңдауы бойынша 2-3-ін орындауды оқушы таңдауына берген жөн. Сонымен қатар білімділікті кеңейту мақсатында қосымша әдебиеттер тізімін ұсынып, сөздіктерден әлеуметтік-тұрмыстық шешендікке қатысты атаулардың мағынасын тапқызудың да себі мол.

Біздіңше, шешендіктің тектері мен түрлері бойынша берілген барлық білім мен білікті пысықтап бекіту үшін оқулықта қайталау сипатындағы он үш тапсырманы 2 сағ көлемінде қайталаудың пайдасы үлкен. Мұндағы мақсат тек шешендіктің тектері мен түрлерін ғана ажырата білу іскерліктерін қалыптастыру емес, ең бастысы, сол алған білімінің негізгі, түпкі мәнін, маңызын түсіну, оның қажеттігін түйсіну, өзі де соған төселуге ұмтылу. Ендеше, осы шешендік сөз түрлері бойынша айтылар сөздің түйінін

131-тапсырмадағы қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі, білімдар ұстаз, тағылымды ғалым М.Балақаевтың сөзімен үндестіру, одан оқушының өзіне байлам жасату оң нәтиже берері хақ. Егер үлгермеген жағдайда қалып қойған мәтіндерді, тапсырмаларды сыныптан тыс жұмыс түрінде ұйымдастыруға да болады.

"Әлеуметтік-саяси шешендік сөз" тақырыбындағы мағлұматтарды түсіндіруде де жоғарыда аталған 7 сипат түгел қамтылуы керек (мүмкіндік болса, олардың өркайсысы кестеде жеке бөлік ретінде көрсетілгені дұрыс). Сонымен қатар әлеуметтік-саяси шешендіктің қазіргі таңдағы өрісі, жағдайы, деңгейі, оның көрнекті өкілдері туралы дәйекті сөз айтылуы оқушының білімді өмірмен байланыстыра меңгеруіне, күнделікті өмірде әлеуметтік-саяси шешендік сөзді айыра білуге, оның мәнін түсінуіне, мазмұнын талдауға, сөз сапасын бағалай білуге деген құлшынысын оятады.

Сонымен, әлеуметтік-саяси шешендік сөздің ерекшелігі былайша сараланады:

а) әлеуметтік-саяси шешендік сөздер міндетті түрде алдын ала жоспарланып даярлауды қажет етеді;

ә) мақсаты — қоғамдық пікір қалыптастыру;

б) сипаты — ресмилік басым;

в) тілдік құралы — деректер, сілтемелер, терминдер, афоризм;

г) сазы — қуатты, жігерлі;

ғ) негізі — дәлдік, сауаттылық, т.б.

д) шешендік сөздің әсерлілігін төмендететін факторлар: артық сөз, негізсіз, болжаммен жасалған жалпы сөз, дәйектіліктің аздығы, сөйлеу сазының әсерсіздігі, т.б.

Оқушылар орындайтын жұмысты белгілі қоғам қайраткерінің белгілі бір даталы күнге қатысты сөйлеген сөзі жазылған бейнетаспаны талдаудан бастаса ұтымды болар еді. Егер мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда *81-тапсырмадағы* академик М.Қозыбаевтың "Ана тілім — айбарым" деген сөзін мәнерлеп оқып, оның шешендік сипатын, оның ішінде саяси-әлеуметтік шешендік сөз екенін дәлелдейтін қырларын саралату орынды. Осы жерде мынадай нәрсеге мұғалімнің ерекше назар аударғаны орынды: 1) академик М.Қозыбаевтың тарих ғылымының маманы екені; 2) ғалым сөзінен ана тілінің тағдыры — қоғамдағы барлық мүшенің, сол ұлттың өкілдерінің бәрін толғандыруы тиіс мәселе екені; 3) ғалымның бұл мәселеге

деген көзқарасының дәйектілігі; 4) өзіндік пікірі мен ұсыныстары бар екені; 5) ана тілінің болашағын мектеппен, оқушымен байланыстыруы. Бұлайша сөз мазмұнымен қатар оның авторына қатысты мәселені қоса түсіндірудің тәлімдік, тәрбиелік мәні зор. Егер мұғалім айтулы ғалымның Қазақстан тарихын жаңаша танытуға қатысты сіңірген еңбектері жөнінде ізденіп, көбірек мәлімет бере алса, нұр үстіне нұр.

Ал ендігі талданатын мәтін қазіргі шешендердің көш-басшысы, жазушы Ә.Кекілбайұлының қазақтың дарабозы, қасиетті қаракерей Қабанбай батырдың кесенесін ашу кезінде сөйлеген сөзі берілген *90-тапсырманың* да тағылымдық мәні үлкен. Бұл екі мәтінді мүмкін бір кезеңде сыныпты екі топқа бөліп орындатуға болар. Әр топтағы балалар өз тапсырмаларына қатысты оның авторлары туралы өз ойларынан бастап, олардың шешендік сөздеріне әр қырынан талдау жасағаны да тиімді болар еді. Бір-бірін тыңдай отырып екі топ әлеуметтік-саяси шешендік сөздің екі түрі туралы біршама мәселелерді өзара пікірлесе отырып білер еді.

Келесі кезекте *87-тапсырмадағы* С. Негимовтің пікірі мен "Қызықты дерек" айдарындағы айтылған деректердің негізінде өзіндік ой қорытындыларын жасатуға болады.

Оқушылардың осындай сара сөздің сырын түсінгеннен кейін өзінің жеке пікірін, көзқарасын сынау үшін *85-тапсырманы* орындатуға болады...

Бұрынғы шешендік пен қазіргі шешендікке тән ортақ сипаттар мен жаңа талаптарды дұрыс ажырата білуді көздей берілген *82, 86, 88, 89-тапсырмаларды* қалай біріктіріп жіберуге болады деген мәселе де мұғалім үлесіне қалдырылады.

86-тапсырманың көлемі де, көтерген мәселесі де ауқымды болғандықтан, оны үй жұмысы түрінде беруге болады.

Оқушыларға ұсынылған барлық тапсырмадан шығатын негізгі білім-біліктердің нәтижесін *91-тапсырманы* орындату арқылы тексеруге мүмкіндік бар.

Шешендіктің тектерінің ішінде **"Академиялық шешендік сөздің"** де өзіндік маңызы өте зор. Тегеурінді ойды, терең білімді, ғылыми негізділікті, логикалық жүйелілік пен қисындылықты айрықша қажет ететін шешендіктің бұл түрі кез келгеннің еншісіне бұйыра бермейді. Тіпті әйтеуір белгілі бір ғылым саласында

жүргізген зерттеулері, еңбектері бола тұра көпшілік алдында өз ойын шешендікпен жеткізер тұлғалардың аздығының өзі бұл саланың өзіндік қиындықтары мен күрделі екендігін танытса керек. Сыныптағы мұғалімнен бастап, халықаралық деңгейдегі сан мыңдаған тыңдаушысы бар дәрісханаларда дәріс беретін белгілі ғалымдардың арасында бір қарағанда көп айырмашылық болғанмен, оларға қойылатын талап арасында үлкен алшақтық жоқ. Өйткені оларға жаңашылдық, терең білімділік, сол өзі білгенін түсінікті етіп айта білу, дәрісхананы "ақылмен билеу", дәлелді, дәйекті сөйлеу, берік түйіндеулер жасау, объективтілік, түрлі танымдық әдістерді жүйелі, ретті қолдану, сөз мазмұнын тағылымдық-тәрбиелік мәнмен көмкеру, педагогикалық мәдениет шарттарын сақтау, т.б. тән. Осындай мазмұндағы ұғым-түсінікті оқушылар теориялық мәліметтермен танысу үстінде алады. Осы кезде олар академиялық шешендіктің өзіне тән белгілерін жоғарыда көрсетілген пункттер бойынша теориялық дәптерлеріне жазады.

Оқушылардың ой, таным өрісін кеңейту үшін XX ғасырдың басында жазылған Х.Досмұхамедұлының ана тілі туралы айтқан сөзі мен XX ғасырдың соңында А.Сейдімбектің көшпелілер танымы жайлы толғаныстарын салыстыра отырып, ол екеуіндегі шешендік сипаттарды талдатқан жөн. Шешендер сөзіндегі дәйектілік сипаттарға басым көңіл бөлу қажеттігін баса айтқымыз келеді. Себебі екі автордың да көтеріп отырған мәселелері — халықтың, ұлттың танымына, тағдырына қатысты мәселелер.

Ал келесі берілген *96-тапсырма* да қазақ тарихына қатысты М.Мағауин мен А.Нысаналиннің ғылыми-көпшілік еңбектерінен алынған үзінділерді өзара салыстырту арқылы оқушының өзіндік ой түбіне бағдар беретін сұраулар бар. Оларды ретімен орындату алдыңғы тапсырмалар арқылы жасалған тұжырымдарды бекіте түсуі тиіс.

Оқушылардың өміріне жақын, өздеріне етене таныс жайттарды теориялық білімдерімен ұштастыра талдауы алдында "Қызықты дерекпен" танысып, *100-тапсырманы* орындағаны тиімді. Солардағы ой түйіндерден тәлім ала отырып өз ортасы жөнінде, мұғалімдері туралы пікір жазудың жауапкершілігін сезінері хақ. Сондай-ақ шешен сөз бен көсемсөздің аражігін ажырату үшін *97-тапсырма*

аясында ұсынылған А.Байтұрсынұлы сөзін оқып алу артықтық етпейді.

Мұғалімге де, оқушыға да үлкен сын болатын тақырыптың бірі — **"Соттағы шешендік"**. Себебі мұндай материалдар олар үшін қолға түсе бермейді, екіншіден, бізде шешендіктің бұл түріне деген сұраным болған да жоқ, сот процестерінің бәрі орыс тілінде жүрді. Енді ғана қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты сотта қазақша сөйлеуге мүмкіндік беріліп келеді. Сондықтан сот, билік айту ісіндегі шешендіктің барлық талаптарына айқын жауаптарды бұрынғы жер дауы, жесір дауы, халықаралық таласты мәселелерді тартыстар үстінде айтылған шешендік сөздерден табуға болады. Оқулықтағы теориялық материалдар орыс шешендіктанушыларының еңбектерінен алынуының себебі де бұл саланың өзімізде көп зерттелмеуіне байланысты. Дегенмен соңғы жылдарда жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдары ана тілімізде дайындалып отыр. Қажетті қосымша материалдарды сол еңбектерден табуға да болады.

Сонымен, соттағы шешендіктің ерекшелігі неде? Соттағы шешендік батылдыққа, жылдамдыққа,ептілікке, қырағылыққа сүйенеді. Мұнда пікірталастыруға икемділік, жеңіске деген сенімділік, қызуқандылық, эмоциялылық пен салқынқандылықты тең ұстау үлкен рөл атқарады.

Сот шешені үшін түйсік, "қоламтадан от жаға білу" іскерлігі өте қажет. Алғырлық, алыстан байқау секілді қасиеттер керек. Міне, сонда ғана оның өз мақсатына жетуіне мүмкіндік мол болады. Осы мәселелерді оқулықтағы берілген мәліметтермен толықтыру — мұғалімнің міндеті. Оның қолданыс аясы, түрлері, тілдік сипаты, маңызы, т.б. жөнінде оқулыққа сүйеніп оқушы өзі тұжырым жасайды.

Қазақ даласындағы шешендіктің өріс алуына негіз болған дау-шарлар әділ билік, кесімді өкім айтатын билердің өзара бақталастығы негізінде адалдық пен тазалықтың ерекше ескерілуіне табиғи жағдай тудырды. Бірақ тарих көші үнемі қозғалыс үстінде. Ол өзінің жолында талай кезеңдерден өтіп, өзге халықтармен араласып жатады. "Ал олардың әсері қандай болды?" деген сауалға *102-тапсырмадағы* алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың пікірі толық жауап берер еді. Сондықтан оның пікірін халық өміріндегі қалыптасқан салт-үрдістерді өзгертудегі факторларды біліп анықтау мақсатында талдата отырып,

оның қазіргі күнмен сабақтастығына мән бергізу арқылы оқушылардың жеке пікірлерін айтқызуға мүмкіндік беріледі. Әрине, асыра сілтеуге, артық байбаламға тоқтау сала отырып, мұғалімнің дұрыс бағыт беруіне көп мәселе тәуелді екенін есте тұтқан дұрыс. Егер осы пікірді *104-тапсырмадағы* мәтінмен тұтастыра берсе, сөздің дәйектілігі арта түседі.

Оқушылар үшін етене таныс әрі тәрбиелік қуаты ерекше болар мәтіндер *105, 106-тапсырмаларда* қамтылған. Оларды сабақтастыра қолданып, ұтымды үйлестіруге мәтін соңындағы тапсырмалар да септесуі тиіс.

Оқушылардың өздік ізденіс жасап, құқықтық ережелерді практикада дұрыс пайдалануына *107, 109, 112-тапсырмалардың* әсері болады. Мұның ішінен де үй тапсырмасы түрінде қайсысын орындатуды, ал тарау соңындағы қайталау кезінде қайсысын іріктеуді, әрине, мұғалім өзі шешеді. Дегенмен дайын мәтіндерден үйрене отырып, оқушының өзінің мүмкіндігін байқауына, көпшілік алдында шешіліп сөйлеуіне, шешендік сөзге төселуіне ықпал ететін тапсырмаларды бірге, қатар алып жүру керек. Сонда ғана В.Белинский айтқандай, "өзі бастан кешпей, өзі дәмін татпай өзге сөзді бағалауға асықпайтын, дәл сөйлеп, дәйекті ой айтатын адамдарды тәрбиелеуге" жол ашылады.

"Діни шешендіктің" қоғамдағы маңызы, діни уағыздың адамдардың имандылық тәрбиесіндегі рөлі, дінге бүгінгі көзқарас, қазіргі жастардың діни мәселелерге деген көзқарасы секілді жайттар туралы әңгіме, сұхбат түрінде оқушылармен пікірлесе отырып, енді бұл саланың қаншалықты дамуы, қанат жаюы шешендердің сөзіне, олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға деген көзқарастарына, мәдениетіне де байланысты екені айтылғаны дұрыс. Содан кейін барып оқулықтағы көрсетілген діни шешендіктің өзіне тән белгілері сараланууы балалардың оны саналы түсінуіне әкеледі. Діни уағыздардағы шындық, қиялдан гөрі ғылыми негіздерінің күштілігі нақты деректермен дәлелденіп отырса, діннің мәні мен маңызын айыра білуге жол ашылады.

Діни шешендердің жеке діни ерекшеліктерді жалпыадамзаттық, гуманистік мәселелермен ұштастыруының қоғамдық санаға әсері дегенді де сөз мазмұнында қамтып кетудің артықтығы жоқ.

Діни уағызды айтушы шешеннің өзінің бойындағы адами қасиеттердің ықпалы да ерекше аталуы керек. Оған нақты мысалдарды қазақ тарихындағы ұлылардың өмірінен алынған нақты деректерден келтіру оқушылардың сенімін орнықтырады. Мысалы, Қожа Ахмет Иасауи, Абай тағдырларындағы, шығармашылығындағы діннің орны мен маңызы туралы дәйектемелерді дұрыс кіріктірудің жөні бар.

Сабақ тартымды болу үшін теле-радиодан "Жұмадағы жүздесу" секілді хабарлардың бірінен үзінді жазып алып, оқушыларға тыңдату немесе алдын ала сол хабарды көруге тапсырма беруге де болады. Онда әңгімені сол хабарда айтылған мәселелермен сабақтастыра өрбітуге мүмкіндік молаяды.

Оқулықтың *116, 117-тапсырмаларын* орындату салыстырмалық сипатта да немесе екеуіндегі ортақ ойларды біріктіріп бір мәтін түзу түрінде де болуы мүмкін. Ондай жағдайда оқушы өздік жұмыс орындайды, ал мәтінді арнаулы әдебиет материалы ретінде дәйексөздер, ой-тұжырымдар келтіруі талап етіледі. Осыған қатысты ойларды *114-тапсырмадан* да табуға болады. Бұл мәтінді мұғалімнің түсіндірмесіне де кіріктіруіне көп мүмкіндігі бар.

Оқушылардың "Құран-көрімге" қатысты орындайтын жұмыстарын *115, 118, 121, 122-тапсырмаларға* сай жүйелі түрде ұйымдастыра отырып, халық ұғымындағы қасиеттілікті, қастерлілікті сезіндіру де мұғалімнің өзінің бойындағы қабілетке де байланысты. Егер оған өзі дайын болмаған жағдайда оқушыларға қалай болса солай атүсті тапсырма беруге болмайтынын ескертеміз.

Діни шешендік туралы әңгіме әрі қызықты, әрі мазмұнды болу үшін өз жеріміздегі қазіргі жағдайларды батыл көтерген баспасөз материалдарын іздеттіру, сол туралы сыныпаралық, мектепішілік деңгейдегі пікірталасын, танымдық сабақтар, диспуттар, дәрістер өткізу де артық емес. Бұл қайта пәндік білімнің нақты білікке айналуының бір дәлелі болып шығар еді. Ал егер тақырып айтулы дін мейрамдары — Құрбан айт, Ораза айт күндеріне, айларына сәйкес келсе, тіпті жақсы. Онда бұл сабақта өздері тұрған жердің дінбасыларымен бірлесе өткізетін тәрбие сағаттарына ұластыруға болады.

"Шешендік сөздің табиғаты" оны айтушы шешеннің жеке қасиеттері мен қабілеттеріне қатысты әрі біртұтас болып қабылданатындықтан, осы тарауға **"Шешен. Шешенге**

қойылатын талаптар" тақырыбын енгізуге себеп болды. Бұл жердегі басты мәселе табиғи талант, ерінбейтін еңбекқорлық, үздіксіз үйрену секілді үш тағаннан тұратын шешендік негіздеріне қатысты мәселелер қозғалады.

Оқушы тақырыпқа қатысты берілген теориялық материалды төмендегідей кесте түрінде ықшамдап түсіріп алса, өздігінен ой жинақтау дағдысы арта түсер еді (ол үшін шешендік сөздің барлық түрінде шешенге қатысты айтылған материалдарды пайдаланған дұрыс).

Шешенге қойылатын талаптар

Шешеннің адамдық болмысына тән қасиеттер	Шешеннің тілдік қабілетіне тән сипаттар	Шешеннің танымдық қабілетіне тән сипаттар	Шешенге қойылатын талаптар
адалдық, парасаттылық, ізгілік, талант-тылық, білімділік... рух биіктігі	тілмарлық, тапқырлық...	байқампаздық, алғырлық...	шешен тіл, шыншылдық

Осы кестені толтыру оқушының алған білімдерін бір арнаға тоғыстыруға, тақырыпты өздігінен толықтыра отырып түсінуіне де көмектесетіні сөзсіз.

136, 140-тапсырмалардағы М.Балақаевтың сөздерін талдау арқылы қазіргі шешендіктің дамуы, өрісі жөнінде көптеген мағлұматтарды жинақтауға болады. Ғалымның М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтердің шешендік қасиеттеріне қатысты айтылған сөздерін таразылай отырып, олардың шешенге қойылатын талаптармен байланысын ашқызуға болады.

Келесі параграфтың — **"Шешеннің өзін ұстау әдебі мен мәдениеті"** деген тарқырыптың оқушы үшін берер тағылымы өте мол. Шешендік сөз көбінде көпшілік қауыммен бетпе-бет айтылатындықтан, өзін-өзі ұстауы, тыңдарманмен дұрыс қарым-қатынас жасай білуі оның шешендік қабілетінен бөлек қаралмайды. Тіл қаншалықты шұрайлы, таза, шебер болса, оны айтушының жеткізуі, өзін-өзі игеруі соншалықты әдепті болуы тиіс. Осыған қатысты ой-пікірлер шешеннің сыртқы келбетінен бастап бет-жүз, қол, дене қимылдарын мәдениетті, үйлесімді түрде қолдана білуіне дейінгі мәселелер осы параграфта толық айтылады. Оларды қолданудың өзіндік талаптары мен ұстанымдары

белгіленген. Оның ең негізгісі шешендік сөздің мақсаты мен сипатына қарай анықталатындықтан, бұл тақырыптағы мәліметтер де шешендік сөздің тектері мен түрлерін қайталай отырып тереңдетілуге сұранып тұр.

Тақырып ауқымындағы тапсырмалар, өздік жұмыс, ізденіс, шығармашылық түріндегі жұмыстарға бейімделіп берілген. Мәселе — оларды қалай сабақтастырып, жүйелеп, түсініктерін дамытатындай етіп беруде. Мәселен, оқушылардың өздігінен ізденістерін ұйымдастыруға *141, 143, 149-тапсырмаларды* ұсынуға болады. Мұнда оқушылар талапқа қатысты материалдарды өздері іздеп тауып, олардың дұрыстығын өздері дәлелдейді. Ал шығармашылық қабілетті керек ететін тапсырмалар қатарында *147, 148, 150, 151-тапсырмалар* тұр. Бұл жердегі мақсат дайын материал туралы дәлелдеме айтудан күрделірек. Себебі мұнда оқушының өзіндік ой-пікірлерін, тұжырымдарын білдіруі сұралады. Топтық, ұжымдық түрде кеңесе, ақылдаса отырып орындауға лайықты біршама тапсырмалар қамтылған. Атап айтқанда, *149, 152, 153, 144, 146- тапсырмалардың* мазмұны да, орындалу жүйесі де осыған орайластырылған.

Соңғы тақырыптардың дені алдыңғылармен үнемі бірлікте, тығыз байланыста өтілетіндіктен, тарауды қайталауға 1 сағ бөлсе де жеткілікті. Осы кезде берілген сұрақ-тапсырмалардың барлығы дерлік тарауға қатысты түйіндерді таратып немесе толықтырып жаздыру арқылы бір арнаға тоғыстырылады. Немесе оқыту әдісін түрлендіру үшін оқулықтағы әр түйінді жеребе секілді бөлек қағаздарға жазып ортаға тастап, оқушыларды алты не үш топқа бөліп, әлгі қағаздарды таңдауға мүмкіндік беру (егер алты топ болса 1 қағаздан, ал үш топ болса, екі қағаздан алады) керек. Қай топтың тапсырманы дұрыс орындағанын алдын ала тағайындалған сарапшылар тобы анықтайды. Бұл әдіс жарысу сипатында жүзеге асырылады.

диаграмма

РИТОРИКАЛЫҚ КАНОНДАР



III тарау. Шешендікке машықтану жолдары

Бұл тараудың маңыздылығы оқушыларды енді шешендік сөзге тән белгілерді, олардың түрлерін ажырату немесе дайын сөздердің шешендікке қатысты қырларын табу секілді мәселеден өзінің тікелей атқаратын, шешендік қабілеттерін шыңдайтын нақты практикалық дағдыларын дамытудың алға шығарылатынында. Сондықтан мұғалім де тарауға қатысты тапсырмаларды орындатуда, негізінен, даралап, саралап оқытуға көңіл бөлуі тиіс. Шешендік біреуді қайталау, яғни сол қалпында қолдану арқылы емес, естігеннен есті ой түю, көргеннен көсегелі пікір тұжырымдау арқылы жетілетінін ескерту ләзім.

Шешендікке машықтану жолдары туралы тараудың бірінші параграфы **"Шешендік сөздегі риторикалық канондар"** деп аталады. Ең әуелі оқушыға мұны білудің қажеттігі түсіндіріледі, содан кейін риторикалық каноннның қандай мағынаны беретіні, оған қандай компоненттер кіретіні түсіндіріледі. Бұл компоненттердің әрқайсысының орны, реті, жүйесі, олардың қандай мәселелерді қамтитыны 72-беттегі **диаграмманың** негізінде айтылады. Сол сияқты бұл тақырыпта жұрт алдында сөйлейтін сөздің осы канондарға қатысты және бір ескерілуі тиіс мәселе, жұрт алдында сөйлеудің өзіндік қағидалары. Анық та нақты жазылған плакатқа оқулықта берілген сөздерді көрнекілік ретінде іліп қою. Бұл қағидалар тіпті қазақ тілі кабинетінің көрнекті жерінде тұрса да артықтық етпейді. Себебі оны оқушы күнделікті өмірде зердесіне тоқи беруі керек. Сол сияқты шешеннің Цицерон көрсеткен міндеттерін де көрнекі етіп жаздыруға болады.

Теориялық мәліметтердің сенімділігін бекітетін материалды *156-тапсырмадағы* филолог-ғалым Ф.И.Буслаев пен Ғ.Мүсіреповтің өміріне қатысты жайттармен байланыстыра сөз еткен орынды. "Дәріскер мен жазушы дайындығында қандай ортақ ұқсастық, қандай кереғар мәселені атауға болады?" деген сұраққа оқушылардың өздері жауап іздеуі тиіс. Олардың өзіндік тұжырым жасауына ғалым Зейнолла Серікқалиевтің пікірін тірек етіп алуына болады.

154, 158, 159-тапсырмалар оқушылардың өздік жұмыстары үшін ұсынылады, ал *155, 157-тапсырмалар* риторикалық канондардың жүйесін сақтай отырып, балалардың шығармашылық әрекетін ұйымдастыруға бағытталады. Бұл жердегі ескерілуі тиіс бір мәселе сөйлейтін сөз тақырыбын оқушы өзі таңдауы тиіс. Егер олар өздері оқулықта берілген тапсырмадан тыс тың тақырыптарды қаласа, оған да рұқсат берілуі керек. Себебі неғұрлым бала өзі сүйетін, өзіне жақын мәселені алса, оның еңбегінің де нәтижелілігі арта түседі.

Он сегізінші **"Жұрт алдында сөйлеуге дайындық жолдары. Психологиялық дайындық"** деп аталатын параграфтың оқушы үшін маңызы да ерекше. Мұнда, әдетте, көп ескеріле бермейтін дайындық мәселесі сөз болады. Жасыратыны жоқ, тәжірибесі мол шешендердің өзі де көп жағдайда сөзінің мазмұнына көбірек ден қойғанмен,

тыңдаушылар жайына мән бермейтін кездері болады. Ал шешендік сөз өз нысанасына дәл тиіп, өзінің оң нәтижесін беру үшін шешен сөзінің кімге арналатынын егжей-тегжейлі анықтап алғаны пайдалы. Әсіресе жаңадан жұрт алдына шығып жүргендер үшін ол өте қажет. Әрине, барлық уақытта Шешен ескеруі тиіс жоғарыдағы қағидалар қашан да есте тұруы керек.

Психологиялық дайындық кезінде ескерілуі тиіс мағлұматтар

тыңдарман жөнінде мағлұмат (ұлты, жасы, жынысы, білімі, кәсібі)	дәріс өтілетін орын туралы мағлұмат (көлемі, қандай құрал-жабдықтар бар)

Психологиялық дайындық сатылары:

I. Тыңдарман туралы алдын ала хабардар болу;
II. Кездесу орнын анықтау;
III. Арнаулы дайындық жасау (репитиция);
IV. Қойылуы мүмкін сұрақтарды болжау, оларға жауап әзірлеу;
V. Өзіне сенімділік білдіру деп жіктеп көрсетуге де болады.

Практикалық сабақтар *160-тапсырмадағы* Бөлтірік шешеннің баласына айтқан ақыл сөздерін талдаудан басталады. Арнайы оқу орнында дайындықтан өтпеген қазақ шешендерінің қапыда тауып айтқан ұйқасты сөздеріндегі ұлағатты ойлардың көне дәуірден бері қарай жалғасып келе жатқан шешендіктану қағидаларымен қалай үндесетінін бағамдатудың өзі тәрбиелік мәнге ие.

Сол сияқты тапсырмалардың шарттарында көрсетілгендей психологиялық дайындықтың нәтижелілігіне қол жеткізетін бір шарт — әр адамның ең әуелі өз бойындағы ұяңдығын жеңуі. Оқулықта ол мәселеге де көңіл бөлінді. Оның бірінде (161) француз ғалымы Ф.Зимбардоның ұяңдықты жеңуге байланысты тоғыз түрлі кеңесі беріледі. Оның ішінде, әсіресе 8-пункттегі кеңестер оқушыға жақсы бағыт-бағдар берерліктей сипатта ұсынылған деуге болады.

Ал осыған қатысты екінші тапсырмада (162) оқушылардың мәтін мазмұнын рөлге бөліп орындауы сұралады.

Өздік жұмысқа *163-тапсырма* берілген. Ал есту, тыңдау қабілеттерін жетілдіру мақсатында *164-тапсырма*, зейінділік қабілетті шыңдауға *165-тапсырма* ұсынылған. *166-тапсырманың* мақсаты да оқушының өз қабілетін бағалауына жол ашу. Бұл тапсырманы топқа бөлініп, жарыс түрінде өткізуге болады. Ал сөйлеушілер тек жеке емес, жұптасып та, топтасып та орындауына болады. Жұптық, топтық баяндауды балалардың кезектесіп, бір-бірінің айтқанын қағып алып жалғастыруға болады. Бұл да балалардың қызығуын, ой жылдамдығын арттырудың бір тәсілі.

"Нақты сөзге дайындық" тақырыбы риторикалық кәндардың әрқайсысының орнын, орындалу жүйесін мейлінше дәл сипаттауды көздейді. Мұнда тақырып екшеу, мақсатты нақтылау, сөздің жоба жоспарын құру, әдебиеттермен жұмыс, материалдарды сөзге айналдыру, сөйлеу түрін айқындау мәселелері қарастырылады. Олардың әрқайсысының мейлінше ең қажетті деген тұстары таратылып беріледі. Мысалы, бір ғана әдебиетпен жұмыстың елене бермейтін, ескеріле бермейтін ұсақ-түйек шарттарының көбін қамтуға тырыстық: әдебиетті мазмұнына қарай топтау, оның ішінен қажеттілерін іріктеу, дәйек сөздерді таңдау, конспект жасау, қажетті қиындыларды тігу, реттеу мәселелерінің әрбір детальдарына тоқтала отырып саралауға ұмтылдық. Сондықтан мұндай әрбір ұсақ-түйек нәрселердің өзін мұғалім оқушы назарынан тыс қалмауын қадағалағаны дұрыс. Оған нақты бағдарды *168-тапсырманы* орындау үстінде алуға болады.

169-тапсырманы орындау алдында *170-тапсырманы* ауызша талдап алған жөн. Сонда ғалым Қ.Өмірәлиевтің тарихтағы мәңгілік тұлғалардың сақталуы жөнінде тағылымы терең ойларының мәнін түсінуге де жол ашылады, екінші жағынан, теориялық білімін нақты мәтінді талдау кезінде бекіте түседі. Сондай-ақ теориялық бөлімге қосымша ақпарат беруді көздейтін *173-тапсырманың* міндетті түрде орындалуы сұралады. Өйткені оқушы үшін көпшілік алдында сөйленетін сөздің даму ретін, оған енетін әр бөліктің әрқайсысының нақты мақсатын біліп алудың өмірлік қажеттілігі дау тудырмайды.

Қалған тапсырмалардың бәрі берілген мәтіндерді өздігінен таңдап, талғап қолдануға үйрету; бар дүниені өз

талғамына сай қайта өңдеу, дайын сөз үлгілерін өз сөзімен қабыстыра пайдалануға дағдыландыру; өлеңсөзді қарасөзге айналдыру; қарапайым мәтінді көркемдеу деген сияқты тапсырмалар төңірегінде топтастырылып отыр.

Әр сабақ үстінде біліммен қатар тәрбиенің де қатар қамтылып, оқушылардың ойын, тілін, көзқарасын, дүниетанымын жетілдіріп отырудың жолдары бұл оқулықта барынша ескерілді. Соның бірі жастардың өз тілінің болашағына деген сенімін арттыратын пікірді, Брюггеден шыққан полиглот Иохан Вандерваленің түркі тілі туралы айтқан пікірін әдейі бөлектеп беруіміздің мәні осы тақырыптағы барлық жинақтаған машықтарын белгілі бір тақырыптағы сөз аясына топтастыру еді. Ол тақырып, әрине, өлмейтін, өшпейтін тақырып — ана тілінің бүгіні мен болашағы.

Ал "Қызықты дерек" айдарындағы Цицерон тағдырына, оның тағылымына қатысты деректер де оқушылардың өз істеріне жауапкершілікпен қарауына ықпалын тигізері сөзсіз. Неге десеңіз, бұл — бүкіл елі ардақтаған аяулы тұлғаның өмір бойы өзіне биік талап қойғандығының куәсі. Ондай төлімнен алар өнеге де аз болмаса керек.

Ендігі бір қызықты тапсырманы мынадай жолмен орындатуға болады. Мысалы: осының алдындағы тақырыпқа қатысты берілген *172-тапсырмадағы* М.Мағауиннің Абай туралы сөзі мен *177-тапсырмадағы* М.Әуезовтің сөздерін оқи отырып, өздеріне тақырып қойғызып, нақты сөзге дайындық жасатудың пайдасы мол.

Өткен тақырыптарды қайта жаңғырту бағытында *178-тапсырманы* орындатуға болады.

Оқушының нақты сөзге дайындықтан кейінгі игеретін білімдері **"Күнделікті дайындық"** тақырыбында топтастырылған. Бұл тақырыптағы басты мәселелерді былайша беруге болады:

а) үздіксіз ізденіс: оқу, тыңдау, жинау, қорыту;
ә) төселу: күнделік арнау, хат, пікір жазу;
б) талдау: әр сөзінен кейін өзіне-өзі есеп беру;
в) зерделеу: өзге шешендердің сөзін тыңдап, бақылау;
г) жаттығу: өзін-өзі шыңдап отыру.

Бұл тақырыпқа ұсынылып отырған *179, 183-тапсырманың* барлығы шығармашылыққа бағытталған. Сондықтан оларды деңгейлерге бөліп ұсынуға әбден болады. Ескеретін мәселе — бұдан ешқандай оқушы қалыс қалмауы қадағаланды.

"Бүгінгі күні ел тәуелсіздігімен бірге келген ой еркіндігі, сөз бостандығы өз деңгейінде өріс алып отыр ма?" деген сауал төңірегінде ойланар болсақ, бірнеше түрлі үрдіс көзге түсер еді. Бірі — ашық айтамын деп асыра сілтеуге бой алдырған ұрда-жық, талғамсыз, таяз тұжырымдар, екіншісі — ауызды құрғақ шөппен сүртіп, құр айғай мен байбалам салған, не ұсынысы, не түйіні жоқ, жоқтау сарынындағы бойкүйез жылаңқы өңгімелер. Ал үшіншілері — "жауырды жаба тоқуға бейім", жалаң ұран, жалған дақпыртқа үйір сыны мен шыны үйлеспейтін жасанды, "жалпақшешей" көзқарастар. Бұған себеп, біріншіден, қоғам мүшелерін білім беру жүйесінің ешқандай сатысында сөз мәдениетіне үйретететін арнайы пәннің өз деңгейінде, қоғамдық-әлеуметтік сұранымға сай дәрежеде жүргізілмеуі; екіншіден, қазіргі әр адамға күн сайын жан-жақтан ағылып жатқан ақпараттардың шексіздігі, ал адамдардың олардың ішінен өзіне ең қажеттісін, дұрысын таңдап алуға бейімділігінің қалыптаспағандығы. Үшіншіден, кез келген тосқауылға төтеп берер тиянақты, тұрақты көзқарастардың тамырына негіз болатын мемлекеттік идеологияның орнықпауы. Төртіншіден, сөзінің тыңдалатынына, ұсынысының тиімділігіне деген сенімсіздіктен туған "бәрібіршілік". Міне, осындай кереғарлықтар мен қайшылықтар арпалысы бұл мәселеге басқаша қарауды талап етеді. Қоғам мүшелерінің өз құқықтарына сай өзіндік көзқарастары мен пікірлерін ашық, мәдениетті түрде шеберлікпен танытуына жол ашатын арнайы пән мазмұнын жаңа талап тұрғысынан қайта саралауды міндеттейді. Сондықтан соңғы жылдар ауқымында ғана жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарына енгізілген "Қазақ тілі" пәнінде оқушының сөйлеу мәдениетін, сөз шеберлігін ұштауға тірек боларлық білім мен білікті меңгертуге басымдылық беріліп отыр.

Шешендік сөздің табиғатын, оның тектері мен түрлерін, оны меңгертудің жолдары мен тәсілдерін теориялық тұрғыдан да, практикалық жағынан да дұрыс үйретпейінше, қоғамдық сана мен қоғамдық сапалы ой-пікірлерді қалыптастыру да мүмкін емес. Олай болса, шешендік шеберліктің негізі үш таңаннан тұрады, олар: *этос, логос, пафос.*

Атақты ділмар Цицерон: "Нағыз шешен зерттеуге де, көп тыңдауға да, көп оқуға да, көп талдауға да, дұрыс саралауға

да үйренуі тиіс. Оған қоса шешен өзіне өмірлік материал ретінде қызмет ететін барлық нәрсемен бетпе-бет келуден де тайсақтамауы керек. Сындарлы сөз — адамның адамгершілік қасиеттерінің көрінісі. Шешен өз біліміне сүйене отырып, сөздің құдіретімен тыңдаушыларын билеп өкетеді. Сөз құдіретін одан сайын мәнді ету үшін оның адалдықпен, даналықпен ұштастырылуы қажет. Ал осы екі арнадан нәр алмаған қызыл сөз шешеннің қолданысында ақылсызға қару ұстатқандай әсер берер еді", — деп жазады. *(Цицерон. Три трактата об ораторском искусстве.— М.: Наука, 1972. Стр.215.)*

Сөз шеберлігі — пафос (рух), этос (әдеп), логос (идея)

Әркімнің "өзіндік идеясын жасауы" арнайы дайындықтардан өтуді қажет етеді.

Сөзге дайындық, ең әуелі осы тақырыпқа өзің қаншалықты дайынсың деген мәселені анықтаудан басталады. Бұл саты — аналитикалық немесе тұжырымдамалық деп аталады. Мұнда сөйлеушінің ішкі мүмкіндігі, құндылық бағдары, біліктілігі және қатынасы сараланады. Қойылатын сұрақтар:

1. Мені толғандыратын ең басты мәселе не?
2. Маман немесе насихатшы ретінде зерттеудің қандай мәселелері ерекше қызықтырады?
3. Тыңдаушыларды аса толғандыратын қандай сұрақтар?
4. Мұндағы қандай мәселелер айрықша дау, таластар туғызады? Ең жиі және өткір талқыланатын қандай сұрақтар?
5. Осы мәселе бойынша жалпы қоғамды толғандыратын нәрсе не?
6. Бұл жөнінде ғылымда, қоғамдық санада қандай қарама-қайшылықтар бар?

I сатыда — осы сұрақтарға жауап іздестіріледі. Тұжырымдарға қалыптастыру:

— қандай кеңес алуға болады?
— қандай әдебиеттер оқу қажет?
— қандай жүйемен жүру керек?

Сызба

1. Проблеманы білу 2. Өз көзқарасына сәйкес таңдап, дәйектей білу Тек осы тұрғыда ғана	Сөйлеушінің позициясы Тұжырым — іргетас қаланады

II сатыда — сөзді нақты тыңдаушыға *бағдарлау*, дәл мақсат қою, басты идеяны, тезисті *құру*. Бұл саты — бағдарлау мен стратегиялық деп аталады.

III саты — тактикалық, құрылымдық кезең.

Стратегия мен тыңдаушылардың ерекшелігі сараланған соң тезистің ақиқаттығын дәйектеу қажет. Ол үшін дәлелдер мен тыңдаушының көзін жеткізудің құралдары таңдалады; тыңдарманның зейінін белсендіру мен ойлау әрекеттерін арттырудың құралдары қарастырылады; сөз барысында қолданылатын техникалық және көрнекі құралдар, сөздің құрылымы айқындалады.

IV саты — сөйлеу кезеңі.

Тіл мен стильдік мәселесі сөйлеу пафосымен бірлікте қаралады. Пафос — дауысты көтеріп, ұрандап сөйлеу емес (*pathos* — грек тілінен аударғанда *сезім, құмарлық* (страсть) — страстное воодушевление), тыңдарманға сөз әуенімен әсер ету, идеяны сөйлеу құралдары арқылы жаттықтыру, сөйтіп, олардың қызығуын тудырып, рухтандыру, құлшындыру.

V саты — нақтылау кезеңі дайындық пен көпшілік алдындағы сөздің *аралық* кезеңі болады. Ойды нақтылау мен оны жүзеге асырудың сәйкестенуі. II, III, IV кезеңдерде аудиторияның параметрлері жасалады.

VI саты — орындаушылық кезеңі. Мұнда нақты сөз айтылады. Сөйлеу барысында кем-кетігі түзетіліп отырылады.

VII саты — қорытынды — бақылау кезеңі. Өзіне-өзі есеп беру.

Мұның сызбасы төменде ұсынылып отыр:

Кезең аттары	Нәтижелері
Дайындық	
I. Аналитикалық, тұжырымдау кезеңі	1. Сұрақтар мен қайшылықтардың бірлігі 2. Теориялық тұжырымдар 3. Позицияның нақтылануы
II. Бағдарлау, стратегиялық кезең	1. Аудиторияны нақтылау 2. Мақсатты бағдар қою 3. Тезис жасау 4. Басты идеяны негіздеу
III. Тактикалық, құрылымдық (композиционный)	1. Негіздеу мен дәйектеу құралдары 2. Тыңдармандарды үйіріп әкетудің жолдары мен құралдары 3. Техникалық және көрнекі құралдар Сөз құрылымы
IV. Сөйлеу кезеңі	1. Стиль, дауыс әуені 2. Тіл құралы 3. Ойды мәнерлеп жеткізу құралдары
Орындалу	
V. Нақтылау (аралық) кезең	Нақты аудиторияға сөздің сәйкестендірілуі. Алдын ала жоспарлаған сөзінен ауытқу болса, оны қарым-қатынас процесінде жөндеп отыру
VI. Орындаушылық	Сөз сөйлеу
VIII. Рефлексиялық	1. Тұжырымның және сөз құрылымының жетілдірілуі 2. Өз шеберлігін көтеру

Аудиторияны шешенді қабылдауына қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

1. "Қолдаушы" аудитория — ықыласпен тыңдаушы.

2. Таласушы (конфликтное) — шешенге қарсы бағыттағы. Мұндағы басты мәселе — қарсыластардың ниеті, түпкі ойы, мүмкіндігі, позициясы қандай? Олар не үшін қарсы? Міне осыларды білу керек.

3. Келісімпаз — бәріне мақұл, көнгіш. Бұлар ең қауіптілер.

4. Инфантальді — бәріне қарсы, бәрібіршілдер.

Осы тыңдармандар өзінің көпшілік алдындағы сөзге дайындығына қарай да бірнеше топқа бөлінеді:

1 тип — мәселені бұлыңғыр ғана білетіндер. Олардың санасында қате, жалған пікір болуы мүмкін. Бірақ олардың білім-білігі кез келген дені сау идеяны түсінуге және қабылдауға бейім болса, оны "түзеп алу" да оңай. Ал қабылдауға бейім болмаса, "тоңмойын" қалып көрсетеді. "Білме, білгеннің тілін алма".

2 тип — мәселеден хабардар, бірақ өзіндік ойы, тұжырымы жоқтар. Олар барлық идеяларды қабылдауға дайын.

3 тип — өзіндік тұжырымдары барлар:

— тек өз ойын жақтаушылар;

— дұрысты мойындай алатындар.

Тыңдаушыларда қажеттік, қызығушылық туғызу кімнің қай мақсатта, қандай мотив жетегімен келгенін білу:

1. Интеллектуалды-танымдық сарын — білгісі, түсінгісі келетіндер.

2. Моральдық-этикалық — өзін келуі міндетті дейтіндер, курсқа бару керек болғандықтан келгендер.

3. Құмарлықпен келгендер — тек дәріскерді көру үшін.

Қалай, кім болғанда да шешеннің басты міндеті — сөзін өткізу.

Мақсатты бағдар — не үшін сөйлеймін, олар не үшін тыңдайды?

Сұрақтар:

1. Тыңдарманды не үшін қозғаймыз?

2. Немен қызықтырамыз?

Адамның сезіміне әсер ету, оның еркіне қозғау салу — басты мақсат.

Тезис — ең басты идеяға басқа ойды "байлау". Ең ұят әрі жиі кездесетін жай — не білсе соны қойыртпақтап айту.

Тезис — ойдың бүкіл сығындысы, мәйегі. Сөз мақсатының жүзеге асуы осының дәлелдемелер мен дәйектемелер арқылы таратылуы деген сөз. Сөйлеуші үшін ең маңыздысы — сөзінің өзегін, тінін табу. Ол, әрине, жаңа ой болса, тіпті жақсы. Тезис жұрт алдында сөйлеудің төмендегідей (барлық) компоненттерінің басын қосады:

— мәселелер;

— тұжырым;

— аудиторияның образы;

— мақсаттылық (целевая установка).

Қазіргі шешендердің ең басты кемшілігі бір мәселе туралы не біледі, соның бәрін "жіпке тізіп" береді. Сөйтіп, олар келсін, келмесін араластырып "қойыртпақ" жасайды.

Екінші бір кемшілік, "идеялар" тым жоғары пафоспен айтылады, бірақ оларды дәлелдеу, негіздеу, дамыту жайы ұмыт қалады.

Үшінші кемшілік, өз ойынан бұрын халық әбден мойындаған "беделділердің" аузымен айтылған сөзге жүгіну, көбінде соларды алға тарта сөйлеуге құмарлық. Тіпті қарсы пікірдің өзін сол "алпауыттардың ықпалымен" ықтыруға тырысушылық та жоқ емес.

"Сөз тек қана сол мәселені толық білгенде ғана гүлденіп, түрленіп қоя береді, егер сөз белгілі бір мазмұнға негізделмеген болса, онда ол ауа қармаған бос сөз немесе баланың бытпырағы сияқты нәрсе болып шығады". *(Цицерон. Три трактата об ораторском искусстве. Стр. 81.)*

Негіздеу және дәйектеу құралдары:

1. Мәселенің түпкі мәнін табу.

2. Өз позицияңды өзге құралдармен (ой-пікір, көзқарас, деректермен) дәлелдеу. Сөзге қатысты деректер үзік-үзік болмай, біртұтас қалпын сақтауы тиіс.

Дәйектемелер түсінікті, жиі ұшырасатын, тыңдарман өміріне жақын болуы керек.

Білуге, тануға деген **қажеттік** туғызу. Тыңдаушының ұмтылысын туғызу — ең негізгісі.

Оның басты құралы: проблемалық жағдаят. Оның басты нәтижесі — түсіну.

Дәлелдемелер мен дәйектемелерді іріктеудің принциптері:

1) тыңдармандардың құндылық бағдарына сай келуі, олардың түсінуіне қолайлылығы;

2) олардың өміріне жақын, шындыққа сай болуы;

3) сөздің қолданылатын дерекпен, көрнекі құралдармен қабысуы;

4) тыңдаушылардың жанына жақын, беделді адамдардың пікірімен орайластығы;

5) тепе-теңдік, яғни сөздің шындықпен байланысының ақиқатқа құрылуы. Яғни мәселенің жағымды да, жағымсыз да деректермен, мысалдармен байланыстылығы. Мұндайда бұра тартып кетуге де, не біржола жоққа шығарып, не біржола мадақтауға да жол берілмеуі тиіс.

Тыңдаушылардың қабылдауына жағымды әсер ету үшін шешен олардың зейінін, назарын өзіне аудара білгені жөн. Бұл шешен мен аудиторияның қарым-қатынасының алғышарты болып саналады. Тыңдаушылардың әрқайсысын аудиторияға неше түрлі уәж жетелеп келсе де, олардың ойын бір арнада тоғыстыру, "үйіріп әкету" тек шешеннің шеберлігіне байланысты. Ондағы ең басты тәсілдер не? Олар: стратегиялық кезеңде: тақырыптың таңдалуы, тақырыптың аудитория үшін өзектілігі, мәнділігі; мақсаттың нақтылығы, шындыққа жанасымдылығы; тыңдармандардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндігіне сәйкестігі; тезистің бүтіндігі, логикалық ойластырылуы, аяқталуы.

Тыңдаушы назарын аударудың тактикалық тәсілдері: тыңдаушы назарын үнемі аударуды ескеру; дәлелдемелер мен дәйектемелердің мейлінше айшықты, әсерлі болуы; теориялық ой мен практикалық материалдардың шебер қиюласуы; сөзсайыс, пікірсайыс тудыратын элементтердің кіріктірілуі, әрқилы сұрақтардың тоғыстырылуы, образды, көркем тіл; сөз саздылығы, мәнерлілігі, т.б.

М.Горький: "Борьба за чистоту, за смысловую точность, за остроту языка есть борьба за орудие культуры", — дейді.

Сөз дәлдігі — стильдік талап қана емес, ол — ой мәнділігінің талабы. Әр зат атымен аталуы тиіс. Дәлдік ақиқатпен астасып жатады.

Шешеннің тілі, сөйлеу мәнері. Шешен тілі — өз ойын өзгелерге жеткізе білудің ең негізгі құралы. Мұнда сақтанатын нәрселер:

1. Сөз эмоционалды болуы керек. Одан тыс болмауы керек. Жалпылама, ығыр болған фразадан бас тартқан жөн.

2. Тым ақылгөйсіп, "терминшіл" де болмау керек. Одан шешеннің білгішсінуі көрінеді.

"Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы" тақырыбындағы мәселелерді осыған дейінгі айтылған білімдерді еске түсіре отырып түсіндіруге болады. Мәселен, жоспар құру, сөз құрылымы дегендер оқушыға біршама таныс. Бұл жерде енді сол білім әрі қарай тереңдетіліп, кеңейтіле түседі.

Сөз құрылымының (композициясының) жоспардан өзіндік айырмашылықтары да бар. Оны С.А.Минееваның "Основы мастерства устного выступления. Как подготовить полемиста *(Пермь, 1991. Стр. 54.)*" атты еңбегінде сызбамен көрсетеді.

Сөз бөліктері әртүрлі болғанмен, олар өзара тұтасып, ортақ ойға қызмет етіп тұруы тиіс. Сөз құрылымы біртұтас,

үйлесімді, қарым-қатынас жағдаятына орайластырылған; оның бөліктері, ауқымы, деңгейлері өзара сәйкес (сообразный), бір-біріне қайшылас, бірақ өзара тығыз байланыста болуы тиіс.

Сөйленетін сөзді немесе композицияның типтерін логикалық-психологиялық жағынан ұйымдастырудың түрлі тәсілдері бар. Олар В.В.Одинцовтың еңбектерінде нақты көрсетілген *(Структура публичной речи. М.; Знание, 1976; Какой быть методике лекционной пропаганды. М., Знание, 1984).* Олар: логикалық-бірізділік (немесе бірізді-бейнелілік) және жүйелі-логикалық (немесе проблемалық) тәсілдер.

Сөз психологиялық, мазмұндық және құрылымдық қызмет атқарады.

Ю.Трифоновтың айтуынша, "сөз басы мәселенің барынша тыңдаушы назарын аударарлықтай сазды, әуенді болуы қажет, себебі мұнда сөйлеуші өзінің мақсатына қарай тыңдаушыны елтітіп, еліктіріп әкетуі тиіс, оларды "жүгендеп" алуға ұмтылуы керек те, ал негізгі бөлімде осы сиқырланған топқа бүкіл ойын, пікірін нақтылап, дәлелдеп, дәйектеп беруге назар аударылады... ал сөз соңында — саз да, әуен де қажет емес, мұндағы басты нәрсе — мәнді қорытынды" *(Ю.Трифонов. Нескончаемое начало. Избр. произв. в 2-х томах. Т.2. М., 1978. Стр. 502—503).*

Қалай болғанда да сөз дұрыс жүйелі шығу үшін шешеннің қолында міндетті түрде жоспар не жекелеген карточкалар болғаны тиімді. "Мен не айтатынымды түгел білем, әбден жатталған нәрсе ғой" деген астамшылық, бәрібір, сөзге кері ықпалын тигізбей қоймайды. Мұндай сөз, қалай десек те, үстірт, жалпылама болып кетеді. Өзгенің де, өзінің де басын құрметтейтін, уақытын сыйлайтын, әр сөзі мен ісіне биік жауапкершілікпен қарайтын адам ешқашан да мұндайға жол бермейді. Дайындық негізінде шешеннің қай тұста нендей мәселеге ерекше көңіл бөлетінін, ой бөліктерін қалай орналастыру тиімді екенін айқындау көзделеді. Мәселен, сөзді тұтас оқып бермей, ауызша дұрыс айту үшін оның карточкаға өте сыйымды әрі түсінікті түрде түсірілгені жөн. Онда ең басты ойлар түрлі-түсті сиялармен белгіленіп отырса, сөйлеушіге көп жеңіл болады.

Сөз құрылымының "Кіріспе бөлімі" туралы мағлұмат та осымен бірігіп беріледі. Кіріспе сөздің компоненттері деген мәселені де өткен тақырыптарды еске алудың көмегімен жүйелі жеткізуге болады. Ол үшін оқулықтың *173-тапсырмасындағы* Квинтилиан тұжырымдарының ішінен кіріспе сөзге қатысты деген бөліктеріне (қаратпа сөз бен сөз тақырыбын атау) тоқталып, олардың мақсатын таратып отырып, кіріспе сөзбен сабақтастыру ұтымды.

Бұл жердегі тапсырмалардың дені — 190—192 аралығындағылар, *194-тапсырма* шығармашылық қабілеттерді шыңдауға арналған. Яғни оқушы өзінің шамасы жеткенінше ізденіп жұмыс жасайды.

Қазақтың өнер жұлдыздарының бірі, қыршын кеткен актер Сағи Әшімовке қатысты екі автордың, екі мамандық иесінің сөздеріндегі кіріспе бөлімдердің тілдік сипатына талдау жасату оқушылардың құрмет сезімін оятуға, дайын мәтіндерді өз бетінше талдауға үйренуге әкеледі.

Шешендік сөздің бүкіл мәні мен нәрі, мазмұны айқындалатын бөлімі — **"Негізгі бөлім"**. Олай болса, осы бөлімнің міндеті, тілдік ерекшеліктері талдаудың логикалық тәсілдері, баяндаудың түсіндіру тәсілдері біртұтас теориялық мәлімет түрінде бір жерде жинақталып берілді. Өйткені оларды бір-бірінен бөліп, жіктеп қарастыруға болмайды.

Негізгі бөлім негізгі ой желісін өзек етіп ұстанатындықтан, оларды *талдау, жинақтау, салыстыру, синтез* тәсілдерінің әрқайсысына жеке түсінік берілді. Оларға жалғас енді сол талданған дүниелерді қалай жеткізудің, яғни баяндаудың тәсілдері: *дедукция, индукция, анология, дәлелдеме* сөз болады.

Негізгі бөлім шешендік сөздің ең орталық мәселесі болғандықтан, оған берілген тапсырмалардың саны аз болғанмен, орындалуы күрделі. Соған орай бұл тақырыпты 2 сағ-тан кем ұсынбауы керек. Егер оқулықтағы тапсырмалар қиындық келтірсе, онда оқушыларға баспасөз бетіндегі дайын шешендік сөздерді талқылата отырып пікір жаздыруға болады. Оның өзі де оқушының білімін, сынай білу қабілетін шыңдауға төселдіру.

Шешендік сөз құрылымының және бір маңызды бөлігі — **"Қорытынды бөлімнің"** өзіндік рөлі де үлкен. Қорытынды сөзге енетін бөліктерді айқындап көрсеткен соң, оның маңызы дәлелденеді. Әрбір шешендік сөздің тектері мен түрлеріне сәйкестендіре отырып, оларды қорытудың жолдарын үйретуді көздейтін әдіс-тәсілдер туралы берілетін мағлұматтар ендігі жерде оқушының жалпы шешендік сөздің бүкіл құрылымын тұтас талдауын қамтамасыз етеді.

Олай болса, бұдан кейінгі берілетін тапсырмалар да талдау жұмысы болсын, өзі дайындайтын мәтіндер жазсын, бәрібір, тұтас орындатуға арналады. Мысалы, *192-тапсырмада* әр оқушы өзі сөз дайындаса да, *193-тапсырмада* теле-радио хабарларындағы белгілі бір шешен сөзін талдаса да, *194-тапсырмада* қалаған тақырыбында реферат дайындаса да, *195-тапсырмада* "Сөз әдебі" тақырыбында баяндама мәтінін жазса да оқушыдан талап етілетін нәрсе — бүтін талдау жүргізу.

Әрине, білім тек берілген мәліметті қайта айтып берумен игерілмейді. Оның және бір ұтымды жолы — дұрысқа кері факторларды, себептерді оқушының өздігінен іздеп табуы. Осыған орай оқулықта *195-тапсырма* ұсынылды. Оның шарты: "Сөз құрылымын сақтауға кері ықпал ететін себептерді ойланып, санамалап жазыңдар. Өз сөзіңде, жазған шығармаларыңда оны болдырмауға тырысыңдар", — деп берілген. Бұл, екінші жағынан, оқушылардың бір-бірінің, я бөгде біреудің жазғандарын болашақта да дұрыс талдауға үйренсін деген мақсатпен де ұсынылып отыр.

Енді осы сөздің бүкіл өн бойындағы түрлі ойларды, абзацтарды бір-бірімен байланыстырып, сабақтастырып, желісінің үзілмей сақталуын қамтамасыз ететін сөз тіркестері мен сөз оралымдарын таныту — **"Сөздерді байланыстырудың әдістері"** тақырыбының негізгі мақсаты.

Сөздегі ой толқындарының шебер қиюласуына әсер ететін, сөйлеушінің жеке, субъективтік көзқарастарын білдіретін көптеген сөздерді қолданудағы ерекшеліктер, әдістәсілдер осы тақырып ауқымында сөз болады.

Оқушының теориялық білімдерін қорыту я бекіту үшін берілген тапсырманың бірі — *198-тапсырма*. Оқулықта оның үлгісі көрсетілгендіктен, тәптіштеп түсіндіріп жату артық деп санаймыз. Оған жалғас, тіпті оны әрі қарай тереңдетіп өрбітуге мүмкіндік беретін тапсырма — *200-тапсырма*.

Ал танымдық та, тәрбиелік те, сөз саптау жағынан үлгі боларлық та мәтін — Әлкей Марғұланның "Қозы Көрпеш — Баян сұлу" жырына қатысты сөзі. Оны шешендік сөз құрылымына сәйкес толық талдату оқушының сабақ алуына мол әсер етеді. Осыған ілесе берілген • мүмкіндік деңгейдегі оқушыларға ғана лайық тапсырманы орындаудың өзіндік қызығы да, қиындығы да жетерлік. Сондықтан оларға үлгі ретінде жазушы Мұхтар Мағауиннің "Абай суреті" тақырыбындағы суреттемесі берілді. Егер дәл

тапсырмада көрсетілген өнер туындылары табылмаса, онда қолыңыздағы барды пайдалануыңызға болады.

Оқушының білімін тексеру үшін әрі олардың танымдық қызығушылығын тудыру үшін *203-тапсырмада* жартылай жазылған пункттерді толықтыру тапсырылған. Егер бұларды орындау жеңіл соғып жатса, ондай оқушыларға *206-тапсырманы* орындатқан қолайлы. Себебі оның да басты міндеті алдыңғымен орайлас берілген. Осылармен үндес және бір тапсырма — *208*.

209, 210-тапсырмалардың мақсаты да шешендік сөздің әр түрінің нақты ерекшелігін дәл басып, дөп бағалауға үйретуді көздеген.

Шығармашылық тапсырмалар қатарында А.Сүлейменовтің Ғ.Мүсірепов жөніндегі сөзінің әрі қарай жалғасу жайын болжауға арналған *211-тапсырма*; журналист Н.Ораздың қасиетті Түркістанның 1500 жылдық тойы қарсаңында жазылған сөзін талдауға арналған *212-тапсырма*; "Алпамыс батыр" жөнінде шығарма жазуды жүктейтін *213-тапсырма*; *214—216-тапсырмалардағы* оқушыны әр сипаттағы ізденістерге жетелейтін жұмыстар бір-бірімен байланыса өрбіп, дамып отырылады. Осы материалдар бойынша жинақталған барлық білім 177-беттегі **"Тарауға қатысты түйіндерде"** нақтылана түседі. Әр бөлігі әрі қарай тарата түсіндіруді, тереңдете талқылауды қажет етіп тұрған бұл түйіндердің оқушының білім-біліктерін шыңдауда да, олардың өзіндік көзқарасы мен дүниетанымын қалыптастыруда да берер көмегі көп. Себебі әр тарау соңындағы бір- ауыз сөзбен берілген қорытындыны дұрыс түсіну, саналы түйсіну бұған дейінгі білімді қорыту үшін қаншалықты маңызды болса, бұдан кейін алатын, меңгеретін білімді дұрыс бағамдауда да соншалық мәнді. Өйткені бір-бірімен үздіксіз жалғасып отыратын бұл мәліметтердің жаңа білім қақпасын еркін ашуға әсері ерекше.

Оқулықтағы соңғы тарау — **"Пікірталас мәдениеті"**. Кіріспе сөз пікірталастың демократиямен қатысы, оның қоғамдағы жағдайы, әлемдік өркениеттілікте пікірталастарының рөлі туралы айтылады. Пікірталастың шешендікпен байланысы да сөз болғаны жөн. Олардың айырмашылығы көбінде жеткізілу түрінде екені атап көрсетіледі. Мәселен, көпшілік алдындағы сөз монологтік сипатта болса, пікірталас міндетті түрде не диалогтік, не полилогтік түрде жүзеге асырылатыны ескертіледі. Ал

дайындық кезеңдерінде, сөзді айту, оны қорыту кезеңдерінде шешендік пен пікірталасының ортақ мәселелері көп екені дәйектеледі.

"Пікірталастың қоғамдағы орны, маңызы, қажеттігі" тақырыбында қазіргі қоғамдық санадағы өзгерістер, даму тенденциялары: демократиялылық, ізгілендіру, гуманитарландыру бағыттарының жүзеге асуындағы басты бағыттар сөз бола келіп, "сөз еркіндігі" деген терминнің мағынасы таратып түсіндіріледі.

Пікірталастың өзіндік белгілері, онда ескерілуі тиіс мәселелер оқулыққа сүйене отырып, бес пункт бойынша жүйеленіп көрсетіледі.

Сонымен қатар пікірталас түрлерін анықтайтын факторлар сараланып беріледі:

— мақсаты;

— әлеуметтік мәні;

— қатысушылар саны;

— өткізілу сипаты, — деген мәселелердің әрқайсысына жеке тоқталып, жан-жақты түсіндірілгені жөн.

Кіріспе сабақты пікірталасқа қатысты түрлі қанатты сөздерді іріктеп, оларды көрнекілік түрінде дайындаған дұрыс. Себебі бұл жаңа пән болғандықтан, оған деген көзқарас та дұрыс қалыптастыруға көп көмегін тигізетінінде сөз жоқ. Ал оқушының өздік жұмыстары тұрғысынан келсек, оларға алдын ала тапсырмалар беріп, ұлтымыздың сөз таласына, пікір айтуға қатысты, тыңдауға қатысты мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін теріп жазып келіп, оларды теориямен ұштастыра талдауға да болады.

"Пікірталас мәдениетінің талаптары" тақырыбында оқушыларға түсінікті етіп барлық талаптарға арнайы тоқталған. Әсіресе пікірталасына қатысушыға артылар міндет пен жауапкершілік, пікір таластырушының тілдік қабілеті, адалдық қасиеттері айқындалған.

Пікірталасқа дайындық кезеңдеріне қатысты нәрселер, айтыскерден тікелей талап етілетін мәселелер де санамаланып берілген. Мұғалім осы аталғандардың бәрін топтап, жинақтап бергенде ғана оны оқушы дұрыс жүзеге асыратын болады. Біз осы жерде мұғалімге пайдасы тиер деген үмітпен жалпы пікірталасқа оқушыларды дайындау туралы зерттеушілердің ойларын тоғыстыра отырып, мынадай ұсыныстар арнайы енгізілді. Оның пікірталас түрлерінен бұрынырақ жалпы шолу түрінде берілгені жөн деп санадық.

ПІКІРТАЛАСҚА ДАЙЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Пікірталасқа қатысу дайындығы, әрине, ең әуелі сөз шеберлігі негіздерін білуден басталады. Әйтсе де жұрт алдында сөйлеуге үйренетін адам пікірталасқа қатысты барлық элементтерді қолдануы тиіс.

"Тыңдаушылардың ерекшелігін талдау және оларды сөзге дайындық кезінде ескерту". Аудиторияның демографиялық, формальдық және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Қаралатын я айтылатын мәселенің дәл осы топ деңгейіндегі жайы сөз болады:

1. Осы тақырыпқа қатысты болашақ тыңдаушылардың ойында қандай шикі, қарабайыр я алдамшы көзқарастар бар?

2. Бұл көзқарастың қайсысы осы аудиторияға көбірек тән және оларды міндетті түрде жоққа шығару керек пе?

3. Өз көзқарасың олармен сәйкеспесе, қандай жолмен жеткізуді қалар едің?

4. Сол көзқарастың түрлі нұсқасын әрқилы сипатта: ұстамды, елеусіз, өктем, шұғыл (резко — жағымсыз дауыспен) айтып көру.

Егер сөз сөйлеу кезінде шығармашылық ахуал қалыптастыруға қол жеткізілсе, онда әдістемелік тапсырмалар мен сұрақтардың жаңа нұсқалары туындайды. Бұл жұмыстың мазмұндық жағына жатады.

Өткізу формалары: 1. Топтардың жарысы: әр топ өз нұсқасын ұсынады, қалғандары оны талдай отырып өз сөзін дәлелдейді. 2. "Жұрт алдында сөйлеудің стратегияларын белгілеу". Бұл сабақтың 2 түрінде жүзеге асырылады: семинар-сабақ және практикалық сабақ.

Семинарда белгілі бір шешеннің сөзі талданады. Оның аудиторияны өз соңынан ертуге қандай әдіс-тәсілдер қолданғаны талданады. Ол үшін:

1. Сөз қандай мақсатта қолданылады?

2. Сөз қандай қоғамдық-әлеуметтік жағдайда қолданылады деген мәселерді зерттеу қажет.

3. Дәл осы әдіс-тәсілді қолданудың мәні неде?

Мұнда мәселенің тек танымдық емес, психологиялық жағы да қарастырылады.

Практикалық сабақтың міндеті: семинарда алған білімі мен білігін өз сөзінде пайдалануға үйрету.

1. Аудиторияның ерекшелігін ескеру.
2. Мақсатын анықтай алу.
3. Алдын ала сұрақтарды белгілеу.
4. Сөзінің тезисін жаза білу дағдыларын қалыптастыруға назар аударылады. Осы элементтердің әрқайсысын айқындағанда, болашақ сөздің қандай сипатта болатыны және оның негізгі бағыты үнемі есте болуы тиіс.

Осындай жолмен "Жұрт алдында сөйлеудің тактикасын анықтау", "Тыңдаушының зейіні мен ойлау әрекеті белсенділігін арттырудың әдіс-тәсілдері", "Сөздің құрылымын анықтау", "Сөздің тілі мен стилін анықтау", т.б. мәселелерге назар аударылады.

Мұның бәрі жұрт алдында сөйлеудің шеберлігінің негіздері боп саналады. Бұлардың орны мен рөлін білмейінше, оларды дұрыс қолдана алмайынша, оқушы өз ойын дұрыс жеткізуі мүмкін емес.

Полемисті жаттықтыру. Жаттығу жұмыстары міндетті түрде оқушының шығармашылық тапсырмаларды дұрыс орындай білуімен байланыстырылып жүргізіледі. Әдетте, мұндай жаттығулар ең әуелі шағын топпен біріге отырып жасалған ой қорытындыларын, тұжырымдарын сол топтың атынан жеке сөзді айтудан басталады.

Жаттығу жұмыстарында:

I. *Сөздің қысқа, нұсқа, көркем болуы.* Бұл, негізінен, полемистің өз қабілетіне байланысты болады. Мұнда сөйлеушінің өз шығармашылығына сүйенуіне немесе өзі ұнататын бір шешен қолданған әдіс-тәсілдерді негізге ала отырып сөйлеуіне қарай 2 түрлі міндет қойылады:

1-міндет: сөздің қысқа, нұсқа, көркем болуының өлшемдерін анықтау. Осы анықталған өлшемдерді өзге топ алдында дәлелдеу, дәйектеу, өзгелердің орынды пікірлерімен, ойларымен санасу. Нәтижесінде бәрі ортақ ойға келіп, дұрыс шешім жасау.

Жұмыс құрамында 3—7 адам бар шағын топтар бойынша жүргізіледі. Әр топ өз ойын, көзқарасын ұсынады. Ол сызба, тезис, ереже түрінде берілуі мүмкін. Мұғалім осының ішінен ең бір дұрысын таңдайды. Сол ұсыныстың иесі болған топ сөз алады да, қалғандары оны талқылайды.

2-міндет: әр топтың өз ұсыныстарын, ойларын ортаға салуға мүмкіндік бере отырып, ең негізгі өлшемдерді айқындау. Мұнда сөйлеушілердің тек өз сөзін дәлелдеуіне

ғана емес, жеңілгенін мойындауы да, әдемі шегініс жасау мәдениеті қалыптастырылуына да мән беріледі.

Бұл бағыттағы жаттығу жұмыстары пленарлық мәжіліс түрінде жүргізіледі. Белгіленген регламентке сәйкес әр топ визуальды материалдарын (сызбаларын) пайдалана отырып өз ойларын дәлелдейді. Өзгелер сұрақ қояды. Ең соңынан бұл топтар бір-бірінің сөздерін талқылауға көшеді. Пікірсайысы нәтижесінде 5—7 өлшем анықталады. Болашақ полемистер бұл өлшемдерді өз сөздерін дайындау кезінде де, сондай-ақ қарсыластарының сөзін бағалауға да қолданатын болады.

Осыған жалғас жүргізілетін келесі сабақты қандай формада ұйымдастыру мұғалім мен оқушылардың өз таңдауларына қатысты болады. Онда дайын сөзді талдауға да, топтың бір мүшесінің дайындығын талдау түрінде де, бірнеше қатысушының ортақ шешімдерін талқылау түрінде де өткізуге мүмкіндік бар. Солардың бірнеше нұсқасын берелік:

I нұсқа. Мұғалім дайын мәтінді ұсынуы мүмкін. Ол белгілі бір шешеннің жиында сөйлеген сөзінің стенограммасы болуы тиіс. Мәтінді көбейтіп әр оқушыға жеке таратуға да я кодоскоп арқылы үлкейтіп қолдануға да болады.

Жұмысты әр топ өз бетінше жүргізеді. Осының алдындағы сабақта іріктелген өлшемдер бойынша әр топ мүшелері өзара пікірлерін ортаға салады. Өз іштерінен ең қысқа, дәл, көркем тілмен жеткізе алатын бір өкілін жалпы мәжілісте сөйлеуге ұсынады.

II нұсқа. Үнтаспаға жазылып алынған шешен сөзін тыңдай отырып, оның белгіленген өлшемдеріне сәйкестік деңгейі анықталады. Бұл оқушылардың тыңдау мәдениетін және есту қабілеттерін дамытуға жол ашады.

III нұсқа. Бейнетаспаға мектеп ішінде өткен бір жиында сөйленген сөз түсіріліп алынады. Оны барлық топтар бірге отырып көреді. Алдымен алған әсерлері туралы қысқаша пікір алысу жүргізіледі, сосын әр топ жеке талқылауға көшеді. Мұнда оқушылардың өздеріне етене таныс мәселе жөнінде сөйлеген таныс адамның шешендік қабілеті ғана емес, соның орнында болса осы сөзді қалай жетілдіріп, толықтырып айтқанда ұтымды болар еді деген мәселелерге назар аударылса ғана, ол әр оқушы үшін нақты сабақ болар еді.

Пікірталас кезіндегі тыңдау мәдениетін қалыптастыру

Пікірталаста сөздің дұрыстығы тек өз ойын қысқа, нұсқа және көркем тілмен жеткізумен ғана шектелмейді. Онда басқаларды тыңдай білу де үлкен рөл атқарады. Мәселен, өзгелердің сөзінің мазмұнын дұрыс түсіну, оны бұрмаламай өз мағынасында есте сақтай білу, сол сөзге жылдам талдау жасай алу, оған өз көзқарасын білдіре алу: келісетінін, жоққа шығаратынын, өз ойына қосымша ретінде қолданатынын таңдай алу, сөйтіп, айтылған ойлардың, естігендерінің төңірегінде өз пікірін өрбіту іскерліктерін меңгертудің мәні үлкен. Мұндай жағдайда "домбырам не дейді, мен не деймін" деген адасу я ауа жайылушылыққа жол берілмейді. Сөйлеуші мен тыңдаушының бірін-бірі сыйлауы, уақыт үнемдеуі, мәдениетті түрде қолдау көрсету я тойтарыс беру мәселелері жарасымды шешім табары сөзсіз.

Бұл іскерлікті қалыптастыру үшін сыныптағы оқушылармен жеке-дара да, жұптық та, топтық та жұмыс түрлерін орындатуға болады. Алдын ала қазақ тілінде жүргізілген пікірталастардың бірін үнтаспаға я бейнетаспаға жазып алып, оны тыңдата отырып, соған сай кезекті сөзді өздері айтатындай жағдай тудыру тиімді. Мысалы, "Азамат" хабарындағы түрлі тақырыптағы пікірталастырушылардың не жақтаған, не даттаған сөздерін тыңдатып, оған қарсылас рөлінде жауап бергізу. Сабақ соңында теледидардағы қарсыластың талдау-пікірін тыңдатып, өздеріне қорытынды жасату оқушының өзіне сын көзімен қарауына, басқаның пікіріне зейін қоя дұрыс қабылдауына үйретететін әдістемелік жол болып табылады.

Бұл жаттығу түрін басқаша етіп құруға да болады. Мұнда да бейнетаспаны пайдалана отырып, "Азамат" жүргізушісі ұсынатын тақырыпқа екі оқушы алдын ала дайындалып, пікірталастырып, соңынан оны теледидардағы жұптар арасындағы пікірталаспен салыстырту ұтымды. Айтысушылардың тіл жүйріктігімен қатар психологиялық көңіл-күйлерін де жіті бақылап, бағалау артық болмайды.

Пікірталасты бағалауда тек ойды жеткізу ғана емес, қарсыластың қойған сұрақтары мен қайтарған жауаптарының сапасы да ескерілгені дұрыс.

Мүмкіндігіне қарай, радиодағы, теледидардағы тікелей эфир арқылы шығатын бағдарламаларды да жазып алып, хабар кейіпкері мен тыңдармандардың, көрермендердің

арасындағы сұрақ-жауаптарды "өңдеу", толықтыру, басқаша құру сияқты жұмыстарды ұйымдастыруға әбден болады.

Пікірталас кезінде сөйлеушінің сөзінің дәйектілігін арттыратын бір тәсіл — шешеннің түрлі **дәлелдемелерді, қорытындыларды, деректерді, мысалдарды, статистикалық және әлеуметтік материалдарды, түрлі көрнекіліктерді қолдану.** Бірақ бұл тек өз ыңғайына қарай емес, аудиторияның я қарсыластың сол сәттегі мүмкіндігі мен жағдаятын ескере отырып кіріктірілгенде орынды болмақ. Ең негізгі дәйектемелерді сөздің ретіне орай пайдалану үшін, шешеннің өз пікірін жоққа шығармайтындай, керісінше, оның білімділігінің, мәдениетінің, шеберлігінің ерекше көрінуіне ықпал ету жағы алдын ала ойластырылуы керек. Пікірталастырушылардың бір-бірінің жекебасын құрметтей отырып, кінә мен кемшілікті тек айтылған оймен сабақтастыруын, өз пікірін дауыс көтермей, екпіндемей орнықты жеткізуін бағалау оқушыны өзін-өзі үнемі артық сөз бен қимыл-әрекеттерден алшақ ұстауға дағдыландырады.

Пікірталас үстінде жеңісті жақындататын және бір тәсіл — сұрақты дұрыс қоя білу. Ой қақтығысында түрлі проблемалық, риторикалық, танымдық сұрақтарды ретіне қарай таңдау көтеріліп отырған мәселені шешудің негізгі кілті болып табылады. Сұрақ қояр алдында әркім мынадай мәселені ескеруі талап етіледі: сұрақты қандай мақсатты көздеп қоясың? Неге сұрақтың дәл осы түрін таңдайсың? Оған жалғас тағы нені білгің келеді? Осы сұраққа берілетін жауаптың саған берері бар ма? Сұрақ шешенді сүріндіру үшін бе, әлде оны оң жолға салып жіберу үшін бе және т.б.

"Белгілі қоғам қайраткерлерінің, үкімет басшыларының жасаған баяндамаларын, сөйлеген сөздерін оқи отырып, солармен кездесу кезінде қандай сұрақ қояр едің?" деген тұрғыда жаттығу жұмыстарын жүргізетіндей тілдік жағдаяттар туғызуға да болады.

Бүгінгі нарық заманы, білім беру үрдісіндегі демократиялылық оқушылардың өкімшілік өкілдерімен, мектеп басшыларымен кездесулер ұйымдастыру арқылы өз ойларын, пікірлерін бөлісуге, көкейкесті мәселелерді ортаға салуға кедергі келтірмейді. Сондықтан жинақтаған білімдерін нақты жағдайларда сынап көру үшін арнайы кездесулер, кештер, жарыстар өткізуге әбден болады. Ал

жоғары лауазымды адамдарға қойылатын сұрақтарды да жұптық, ұжымдық түрде құраудан жарыс өткізуге болады. Әркімнің қалауына орай өздері таңдаған қайраткерлер бойынша топтасуына да болады. "Қайраткерлермен сұхбаттың" түрін (интервью ме, баспасөз конференциясы ма, жалпы пікірталас па) оқушылар өзі таңдап, сұрақтарын да соған сай іріктейді. Ең таңдаулы, қызықты, мазмұнды, өзгеше, мәдениетті құралған сұраққа байқау жариялау — оқушының белсенділігі мен ынталылығын тудырудың, оқу әуезділігін тудырудың бір әдісі.

Кез келген дайындықта мәселенің тақырыбын анықтап, мақсатын айқындап алған соң оған қатысты әдебиеттермен жұмыс жүргізіледі. Талқыланатын жайтты әр қырынан танытатын әдебиеттермен танысу оқушының өз көзқарасын нақтылауына ықпал етеді. Сынып ішінен өз еріктерімен қатысатын оқушылардан топ құрылады. Олар пікірсайыстың сценарийін құрады: тақырып төңірегінде болуы мүмкін бірнеше көзқарастардың үлгісін жасайды, оның ішінен ең кең таралғандарын таңдап алып, соған қатысты өз пікірлері мен дәйектемелерін негіздейді, осы тұрғыдан басқалармен сөз қақтығыстардың түрлі тәсілдерін ойластырады, жалпы процестің құрылымын жасап, кей тұста одан ауытқудың мүмкін нұсқаларын алдын ала қарастырады: өздерінің қорытынды пікірлерін жүйелейді.

Осы дайындық кезінде олардың ішінде ерекше белсенділері мен басқаруға лайық мүшелер өзінен-өзі табиғи түрде іріктеліп шығады. Егер ондай топтар екеу я үшеу бола қалған жағдайда өзара жарыстырып сын өткізуге әбден болады. Бұл білім философиясындағы рефлексияның (оқушының өз ортасы ықпалында, яғни солардың әсерімен дамуына жол ашу құбылысының) жүзеге асырылуының бір шарты болып табылады. Бұл кезеңдегі жарыс топтардың бірін-бірі ғана емес, өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беруімен де құнды. Әрбір жарыс-сайыстың жетістігі мен кемшілігі бірдей сарапталып, ашық талқылануы тиіс. Әсіресе белең алған сәтсіздіктердің себептерін нақты көрсету келешектегі қателіктерден сақтандырудың бір жолы болып саналады.

Ал енді жалпы пікірталасты жүргізушінің атқаратын рөлі ерекше екенін ескерсек, оларды да алдын ала белгілеп, әбден ысылдыру керектігі дау тудырмайды. Жүргізушіге тым қызба да, өте үстірт жылдам шешім жасайтын ұшқалақ та, өзіне бет қаратпайтын асау да, жеңіл ойлы, сабырсыз да

жарамайды. Таластың болашағын алдын ала сезе қоятын, дұрыс жолға бағыттап отыратын "көріпкелдік" — жүргізушіге өбден керек қасиет.

Пікірталас, әдетте, екі қалыпта: монологтік және диалогтік болып жүзеге асады.

Ойталқыда **монолог** сипатындағы сөздің аясында не қамтылуы тиіс? Бұл мәселені де тақырыпты оқыту барысында оқушыға дұрыс түсіндіру қажет. Олар:

1. Толып жатқан тақырыптар мен проблемалардың ішінен тыңдаушыларды ерекше толғандыратын саяси, экономикалық, құқықтық және адамгершілік мәселелерді нақтылы дәл таңдай алу.

2. Болашақ тыңдармандардың образын барынша дәл анықтау. Онда олардың әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері мен психологиясы ғана емес, мүмкіндігіне қарай саяси көзқарастарын, құндылық бағдарын, ой-пікірлерін де білген дұрыс.

3. Оларға ортақ көзқарастардың ең типтік түрін анықтау да керек жерінде белгілі бір еңбектер мен авторлардан нақты ой-тұжырымдарды кірістіріп отыруға жол ашады. Болжамды я адрессіз жобалап айтқан пікірлер сөздің әсерін төмендетеді.

4. Түрлі көзқарастарды жалпылау да тиімді.

5. Біреуді я өзіңді-өзің жарнамалаудан бойды аулақ салу қажет.

6. Сөздің дұрыс дәйектелуі, шындықпен дәлелденіп отырылуы да сөз мазмұнын тереңдете түседі.

7. Ойталқының барысын жалпылау, оны ой қорытындысы ретінде беру де тиімді.

Келесі кезектегі қарым-қатынастың диалогтік қалпы әртүрлі болады. Диалогтік қалыптың адамдар арасындағы өзара пікірлесудің әрқилы нұсқалары негізінде ажыратылатынын оқушыға нақты түсіндіру ұтымды.

Егер **әңгіме** мен **"дөңгелек үстелді"** бірнеше адам (бірақ олардың саны үштен аспауы керек) жүргізсе, олар бірбірімен тең жағдайда, өзара қарым-қатынасына бірдей көңіл аударып, мәдениетті түрде, ең бастысы, өз кезегінде сөзге кірісіп, бірі айтқанда екіншісі "іліп әкетіп" жарасымдылықта жүргізуі шарт екені ескертілуі тиіс. Екеу болса да, үшеу болса да өзара ақылдасып, сөз жүйесін де, ой жүйесін де үйлестіріп, үндестіріп жеткізуі қажет. Мұғалім оқушыларды бір-бірден ғана емес, әңгімені жұптасып, топтасып жүргізуге үйретуі керек.

Оқулықта берілген пікірталас түрлерін меңгертуде олардың ішкі ерекшеліктерін *кесте, сызба түрінде, диаграмма бойынша үнемі салыстырту арқылы меңгерткені* әсерлі әрі білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Пікірталасқа қатысатындарды дайындау, әрине, жұрт алдында сөйлеу шеберлігіне қойылатын талаптарды үйретумен қоса пікірталас үстінде қолданылатын нақты элементтерді де қамту арқылы жүргізіледі.

Енді солардың бірнешеуіне тоқталалық.

"Тыңдаушылардың ерекшеліктерін талдау мен оларды сөзге дайындық барысында ескеру" тақырыбы бойынша практикалық сабақ.

Мұнда болашақ тыңдаушылардың демографиялық, саяси, экономикалық, формальды, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері айқындалады. Пікірталасқа қатысушы бұл жерде болашақ қарсыласының "нобайын" дұрыс жасай білуі басты рөл атқарады. Ол үшін: осы мәселе бойынша әлі қандай дұрыс "піспеген", қарабайыр немесе жалған көзқарастар болуы мүмкін? "Осы анықталған болжам пікірлердің ішінде, әсіресе қайсысы көбірек төн деп ойлайсыз және соларды жоққа шығару міндетті ме?". "Айтылуы мүмкін пікірлердің бірімен мүлде келіспейтін болсаңыз, я жартылай келіспейтін болсаңыз, оған қалай жауап бергенді жөн деп есептейсіз? Әлде оны қайткенде де қолдау керек деп санайсыз ба?". "Өз пікіріңізді әртүрлі етіп айтып көріңізші: ұстамды, жігерлі, кесіп айтып, т.б. сипатта жеткізгенде қалай шығатынына назар аударыңыз".

Бұл тапсырмалар әрі қызықты, әрі бәсеке, әрі оқушы белсенділігіне жол аша отырып, шығармашылық деңгейде орындалуы үшін жұмысты жекелеген топтар арасында жарыс түрінде өткізген де тиімді. Онда оқушылардың бірін-бірі қайталамауын, тым шектелмеуін қарастырудың да түрлі жолдары ескерілгені дұрыс.

Бұл жұмысты жүргізудің мазмұндық жағы, яғни нені талқылауға болады деген нәрсені көрсетеді.

"Ауызша сөйлеудің стратегиясын жасау" тақырыбындағы сабақ. Бұл сабақты практикалық сабақ түрінде де, семинар сабақ түрінде де өтуге болады.

Семинарда дайын үлгілер талданады, яғни өзгелердің көпшілік алдында сөйлеген сөздеріне жан-жақты талдау жасалады. Онда шешеннің сөйлеу мәнеріне, сөз саптау шеберлігіне, тыңдаушылар берген сұрақтары мен айтқан

пікірлеріне қалай жауап бергендеріне баға беріледі. Сөйлеушінің негізгі міндетін, түпкі мақсатын анықтайды, көтеріп отырған мәселелерін айқындап, тезис түрінде нақтылайды. Олардың ойын жеткізуде қолданған әдіс-тәсілдерін анықтауға ерекше назар аудару талап етіледі. Мұндай тапсырмаларды әрі жүйелі, әрі қызықты етіп орындату үшін теледидардағы айтыстарды бейнетаспаға түсіріп алып талдатуға да немесе "Шешендік — өнер", "Дидактикалық материал" оқу құралдарындағы көмекші материалдарды да оқушылардың талғамына қарай таңдатуға болады. Ескеретін бір жайт: ой-пікір әрі таласты, әрі жүйелі болу үшін барлық топқа бірдей материал ұсынылғаны жөн. Ал сұрағанда үлгерімі я жалпы дайындығы төмендеу топтардан бастап үздік оқушыларға қарай ауысқаны тиімді. Себебі сөйлеушілер бір-бірін мұқият қадағалап, бір-бірін толықтырып, ойдың дамытылып отырылуы қажет. Ең белсенді, үздік оқушылардың соңына қарай қалдырылуының себебі, біріншіден, олардың осыған дейін айтылған пікірлерді салыстыра талдауға шамасы жететіні ескеріледі; екіншіден, өздерінің ой түйіндеулерін олар басқаларға қарағанда әлдеқайда кең әрі дұрыс беруі мүмкін. Ал, керісінше, талдауды жақсы оқитындар бастаса, орта не төменгі топтағылар дайын пікірді қайталаудан аспай қалуы мүмкін немесе өздерінің айтатын пікірлерін білдіруден тайсақтап, жалпыға еріп кетуі де ғажап емес. Себебі өзіне сенімділігі әлі тұрақтап болмаған оқушылардың одан тез бас тартуы жиі ұшырасады.

Семинар-сабақтағы талдау жұмыстары бойынша топтар жеке-жеке сөйлеп біткеннен кейін, әр топтың бір-бір мүшесіне өзінен кейінгі сөйлегендердің сөздеріне, пікірлеріне талдау жасауға және өз тұжырымдарына айтылған сын-пікірлерге жауап беруіне мүмкіндік беріледі. Бұл олардың психологиясына да жағымды әсер етеді. Себебі кез келген топ пікірталастыруға, өз ойларын қорғауға тең құқылы.

Бұл, бір жағынан, оқушылардың көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі негіздерін тағы бір қайталап пысықтауына жол ашса, екінші жағынан, өзінің де белгілі бір деңгейде сөз жарыстыруға, пікірталастыруға қатысты қарапайым заңдылықтарды нақты тәжірибе үстінде жүзеге асыруына көмектеседі. Тіпті оларды білдіртпей, елеусіз ғана пікірталасына тартуға да ең қолайлы шақ осы жерде туады.

"Ауызша сөйлеудің тактикасын белгілеу", "Тыңдаушының назары мен ойлау әрекетін белсендірудің әдістері мен тәсілдері", "Сөз композициясын құру", "Сөздегі тіл мәдениеті мен стильді дамыту жолдары" деген тақырыптарда да дәл осы жүйемен семинар жүргізіліп барып, әрі қарай нақты практикалық жұмыстарға жалғастырылса, оқушылар пікірталасына үйренудің табиғи үрдісіне ешқандай қиындықсыз тартыла түсетіні сөзсіз. Мұндай сабақтар да ешқандай күштеусіз, оқушының сапалы түрде әрекет етуіне жол ашар еді. Пікірталасына қажетті іскерліктер, дағдылар осылайша өзінен-өзі "пісіп-жетіле" береді.

Әрі көпшілік алдында сөйленген сөзді талқылау, әрі ұжымдық жұмыстар жүргізу барысында әркімнің ең әуелі сол шағын топ аясында өзіндік пікірлерін айтуға ұмтылдыру, бірте-бірте сол топтағы барлық оқушының ортақ ойды жеткізуіне жеке-жеке түрде сөйлеп қатыстырылуының міндеттелуі оқушылардың, әсіресе бұйығы, ұялшақ оқушылардың белсенділігін арттырудың тиімді әдісі болып саналады.

ПІКІРТАЛАС ТҮРЛЕРІ

Көпшілік алдындағы пікірталас қатысушылардың санына қарай диалогтік және полилогтік болып бөлінеді. Қазіргі қоғамдағы жағдайлар, реформалар — пікірталастың өрістеуінің алғышарты. Пікірталастардың жүргізілу тәртібіне, қатысушылардың санына, көтерілетін мәселелерге байланысты іштей бірнеше түрге бөлінетінін түсіндірген соң, олардың бұлай сараланууы мақсатына, тіліне, ұйымдастыру сипатына қарай ерекшеленетіні ескертіледі. Ал шешендік мәдениет ең әуелі осы мәселелерді анық, айқын білуден басталатынын әр оқушы білуі тиіс.

Оқулықта пікірталастың түрі ретінде **әңгіме** мен **"Дөңгелек үстел"** ұсынылады. Мұнда, ең алдымен, оларды ұйымдастыруға қатысты, жүргізушіге қатысты мәселелер айтылады, олардың дұрыс өтуіне кері ықпал ететін факторлар санамаланып көрсетіледі.

"Дөңгелек үстелдің" тақырыбын таңдаудың ережелері айтылады. "Дөңгелек үстелге" қатысушының білім-білігіне қойылатын талаптар нақты аталып өтуі тиіс.

Оқулықтағы *222, 223, 224-тапсырмалар* оқушылардың "Дөңгелек үстел" мақсатын, ұйымдастырылу ерекшеліктерін

қаншалықты түсінгендігін анықтау үшін беріліп отыр. Мұғалім оларды біріктіріп жіберуіне де, я оқушының өз қалауы бойынша орындауына еркіндік беруіне де болады. Мүмкіндік болса, мерзімді басылымдардағы "Дөңгелек үстел" материалдарының бірін сыныпта талдатуға болады. Ал егер талқылау жанды болсын десеңіз, онда теледидардағы бір "Дөңгелек үстелді" жазып, сыныпта көрсете отырып талдатқан ұтымды. Сонымен қатар "Дөңгелек үстелді" алдын ала тапсырма беріп, рөлге еніп орындатуға да әбден болады.

Пікір алмасу (дискуссия) — пікірталас түрлерінің ішіндегі ең бір бейбіт түрде жүргізілетіні. Мәселе оның мақсатында, яғни пікір алмасу бір мәселе төңірегінде әртүрлі көзқарастарды тоғыстыра отырып, ортақ шешім жасауды көздейді. Оған қатысушылардың өздері де бұл мәселенің оң әрі дұрыс шешілуіне мүдделі болатындықтан, бір-бірін құрметтеуге, мұқият тыңдауға бейілді. Қатысушылардың құқықтарының тең болуы да психологиялық жағынан жағымды атмосфера туғызады. Пікір алмасуға кері ықпал ететін факторлардың бірі — қатысушылардың дайындығының төмендігі, тыңдау мәдениетінің төмендігі, өзін ұстау әдебінің дұрыс қалыптаспауы.

Оқулықтың 185-бетінде пікір алмасудың ерекшелігін көрсететін сызба берілген. Онда талданатын тақырыптың маңызын, қажеттілігін, қатысушылардың аты-жөнін тораганың түсіндіретіні, ал басқа қатысушылардың бір-бірінің айтқанын жалғастыра, дамыта отырып, өз ұсыныстарын айтатынын көрсетуге тырыстық.

Пікір алмасуға қатысты ұсынылған үш тапсырма да (*227, 228, 229*) оқушылардың ұжымдаса, топтаса жұмыс істеуіне бағдарланған.

Ойталқы (диспут) — бір қарағанда пікір алмасуға ұқсайтын секілді, ал шындап келгенде, бұл мақсаты жағынан да, ұйымдастырылуы жағынан да мүлде бөлек. Арнайы талқыланатын мәселе жеке адамның баяндамасы түрінде ұсынылады. Оған қатысушылар тікелей сол баяндама туралы өз пікірлерін білдіреді. Онда өзіне дейінгілерді қолдау, не мансұқтау деген болмайды. Сөйлеушілер өз еріктерімен қатысады. Соңында баяндамашы айтылған сын-ескертулерге жауап береді. Ал соңғы шешімді жалпы пікірлер мен баяндамашының жауаптарына қарай төраға айтады.

Тақырыпқа қатысты берілген тапсырмалардың қайқайсысы да оқушы үшін қызықты болуы тиіс. Себебі оларда жалаң орындалатын тапсырма жоқ, керісінше, бәрі де шығармашылыққа, өзіндік ізденіске бағытталған. Мысалы, Н.Кошанскийдің сөзінде пікірталас түрінің қажеттігін дәлелдейтін қаншама мән бар. Бала соны өзі тауып, өзі дәлелдеп жатса, нұр үстіне нұр болмас па?! Сол сияқты *231, 232-тапсырмаларды* орындау табиғи таласты ұйымдастыруды көздесе, *233-тапсырмада* оқушыға ой саларлық мәселе ұсынылады. Шындығында, бүгінгідей алмағайып дүние дұрыс пен бұрысты дәл бағамдап, жаңаша қарауды талап етіп отырған тұста болашақ қоғам иесінің оған дайын болуы осындай тапсырмаларды орындаудан басталатыны даусыз. *236-тапсырманы* берудегі ой да осымен сабақтас, автордың ойымен келісу, келіспеуді оқушы өзі шешеді.

Ал *237-тапсырмада* пікірталастың нақты мысалы ұсынылып, шешендер сөзіне талдау жасалды.

"Ойкөкпар" (дебат) осыған дейінгі бағдарламаларда "ойбөліс" деп беріліп келген-ді. Бірақ пікірталасының бұл түрінің мақсаты да, оның ұйымдастырылу ерекшелігі де, жалпы сипаты да ой бөлісуден гөрі "ойкөкпарға" толық сай келетіні байқалды. Сондықтан оны осылай атағанды жөн көрдік. Шынында да, оның мақсатының өзі әр топтың қалай да қарсы жақты жеңе отырып, жеңіске ұмтылуына құрылады. Ол үшін олар ой додасына түсіп, жеңісті — көкпарды өз жағына қарай аударуға мүдделі болады. Оқулықта оны жүргізу егжей-тегжейлі баяндалғандықтан, біз оған түгел тоқталмаймыз. Ең дұрысы — оның ретін санмен белгілей отырып, оқушының өзін конспектілеуге үйрету. Шын жүргізілетін де, арнайы ойын түрінде ұйымдастырылатын да ойкөкпарлар болады. Қайсысының болмасын түпкі мақсаты — көпшілік ойына қозғау салу.

Ойкөкпар мәдениетіне қатысты мәселелер "ескерту" ретінде анық берілген, сондықтан сабақ үстінде ол міндетті түрде қамтылғаны жөн.

239-тапсырма оқушылардың қызығуымен байланысты қалаған тақырыбында ұйымдастырылуы тиіс.

31-параграфтағы **"Сөзталас"** көлемі шағын, мақсаты мен міндеті де алдыңғы пікірталас түрлерімен салыстырғанда өлдеқайда жеңіл. Екінші жағынан, бұл оқушыларға әрі жақын, әрі қиын. Жақын болатыны оны күнделікті өмірде көріп жүр. Ал қиын болатыны сөзталастың ұлттық әдет-

салттармен қатысты тұстарын жете түсіндіру мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қазақы әзіл-қалжыңға құрылатын бұл пікірталастың мәнін, сырын ұғынудың тәрбиелік, тағылымдық мәні де өте жоғары. Сондықтан мұғалім оған жіті көңіл бөлгені жөн. Әзіл-қалжыңның жарасымдылығы, табу, эвфемизм, дисфемизм сөздермен қатысы деген мәселелерді орайластыра түсіндіру де мұғалім еншісінде. Оған оқулықтағы *242, 243- тапсырмаларды* мысал ретінде алып түсіндіруге, дәлелдеуге болады. Тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы сөз мәдениеті тұрғысында сөзталастың түрін көрсететін *244-тапсырманың да* оқушы үшін берері аз емес. *240, 241, 242-тапсырмаларды* үйге берген жөн. Өйткені онда қосымша әдебиеттермен жұмыс қамтылған.

Пікірталастың ең бір қиын да күрделі түрі — **"Пікірсайыс" (полемика)**. Оның мақсаты — тек жеңу. Ал жеңу үшін сайысушы бар күшін, мүмкіндігін жұмсап бағады. Ымыраға келмейтін бұл сайыста да, әрине, мәдениет жеңеді. Ол қандай мәдениет? Біріншіден, білімділік мәдениеті. Екіншіден, өзін-өзі ұстау әдебі. Үшіншіден, өзін қарсыласына мойындату мәдениеті. Төртіншіден, ең сын сәтте де сыр бермей сырбаз қалпын сақтай білу мәдениеті. Бесіншіден, ең бастысы — сөз мәдениеті. Алтыншы, ең соңғысы — тіпті жеңіле білу мәдениеті. Осыларды мықтап ескерген сайыскердің жеңбеуі мүмкін емес екеніне оқушы ойында сенімділік тудыру шарт. Одан әрі қарай пікірталастың бұл түрінің ұйымдастырылуына қатысты оқулықта айтылған белгілер сараланады.

Жасыратыны жоқ, қазақ тіліндегі теле, радио хабарларда мұндай сайыс-хабарлар жоқтың қасы. Бірақ мерзімді басылымдарда жекелеген тұлғалардың пікірталастары, оның ішінде пікірсайыстары жарияланып жатады. Бөлкім, мұғалім сондай материалдарды жинап оқушыға ұсынғаны жөн болар. Бірақ бұл жерде оның біршама олқылық жақтарын айта кеткен жөн: 1) пікірсайыс бетпе-бет өтпейтіндіктен, сайысушылардың ішкі мәдениеттерін бақылауға мүмкіндік болмайды; 2) сайысушылар бірден жауап қайтармайтындықтан, олардың сайысу қабілетін дөп басып бағалау қиын, яғни олардың аяқастынан жол тауып кетер шапшаңдығын бағалау қиын; 3) жеңілгенін мойындауға әлі жетпегендігіміздің салдарынан, екі жақтың ешқайсысынан ондай тағылымды көре қоюға деген үміт аз, сондықтан олардың соңғы сөзінің айтылған, айтылмағанын ажырату да қиындау. Дегенмен оларды оқып танысу арқылы оқушы

біршама үлгі алатыны сөзсіз. Сайыскерлердің сөз саптау, ой таластыру, пікірін дәйектеу жағына назар аударып, одан нені үйренуге болатынын өздері шешкені жөн.

246, 249-тапсырмалар оқушының білім-біліктерін сынауға арналған. Бұлардың бәрі де жеке-дара жұмыс түрінде орындалғаны тиімді.

Ұлттық дәстүрмен тамырласып жатқан үлкен өнердің — **"Айтыстың"** пікірталас түрі ретінде танылуы оқушылардың ендігі жерде оған үлкен дайындықпен талдау жасауына бағыт береді деп сенеміз. Оның өзіне тән ерекшеліктері теориялық мәліметте толық берілген. Дегенмен айтыстың мақсаты қоғамдық пікірді туғызудан гөрі сол қоғамдық пікірлерді жеткізу. Сонымен қатар айтыстың өнермен өзектестігіне басымдылық берілгені дұрыс. Мұнда әдебиетпен байланысқа иек арта отырып, айтыс туралы алған білімдері қайта еске түсіріледі. Сонда ғана *251, 252-тапсырмаларды* көзделген мақсатқа сай орындауға қол жеткізіледі.

253-тапсырманы орындау да қиынға соқпайды. Өйткені қазір айтысты теледидар күн сайын дерлік беріп отырғандықтан, оның ішіне ең әсерлілерін, озықтарын жазып алуға әбден болады.

254-тапсырманы мейлінше үлкен жауапкершілікпен қолға алған жөн. Оның үстіне бұл дәл сол сағатта емес, біраз дайындықты қажет етеді. Ендеше оны бірлесіп, ақылдасып жүзеге асырған дұрыс.

Пікірталастың қай түрінде болса да қолдануға бейім, олардың бәріне ортақ пікірталас тәсілдері **"Пікірталасында жиі қолданылатын тәсілдер"** тақырыбында шоғырланған. Олардың әрқайсысының рөлі, мәні, ерекшелігі, қолданылу сипаты туралы оқулықта кең айтылған. Бұл параграфта берілген барлық тапсырма (*255—258*) оқушының өзіндік ізденістеріне бағдарланған. Бұларды дұрыс әрі тиімді ұйымдастыру оқушыға көп көмегін тигізеді.

Сонымен, біздің мақсатымыз қай тақырыпты қалай ұйымдастыруға болады деген тұрғыда ой тастау. Одан өз мүмкіндігіңізге, өз талғамыңызға сай қажетті пікірлерді саралап қолдану — өзіңізге сын. Еңбегіңізге сәттілік тілейміз, мұғалім.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3

I бөлім. "Сөз мәдениеті және шешендік" курсын оқытудың ғылыми-теориялық мәселелері

1.1. 10-11-сыныптарда қазақ тілін оқытудың тұжырымдамалық бағыттары 4
1.2. "Сөз мәдениетін" оқытудың заман және қоғам талабымен үндестігі 8
1.3. "Сөз мәдениеті және шешендік" курсын оқытудың ұстанымдары 13
1.4. Жеткіншек дамуының ерекшеліктері және қоғамдық-әлеуметтік талап 21
1.5. Жеткіншектің (бозбала) жас және психологиялық ерекшеліктері 26
Жеткіншек (бозбала) кезеңдегі танымдық өзгерістер 28
Жеткіншектің психологиялық-әлеуметтік дамуы 31

II бөлім. "Сөз мәдениеті және шешендік" курсы материалдарын оқыту

2.1. Күнтізбелік жоспарлардың үлгі-жобасы 34
2.2. Оқу материалдарын түсіндірудің негізгі бағыттары 41
2.3. Оқу материалдарын меңгерту жолдары 44
Кіріспе сабақ 45
Шешендік өнердің тарихы 47
Шешендік сөздің табиғаты 55
Шешендік сөздің тектері мен түрлері 62
Шешендікке машықтану жолдары 72
Пікірталасқа дайындау әдістемесі 89
Пікірталас түрлері 98

Учебно-методическое издание

Даулетбекова Жанат Турарбековна

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК
Культура речи и ораторство

Методическое руководство

Пособие для учителей
11 классов общественно-гуманитарного направления
общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Второе издание, переработанное

Редакторы *А. Тюлепердинова*
Корректоры *Ж. Баймагамбетова*
Көркемдеуші редакторы *Ж.Болатаев*
Техникалық редакторы *А. Садуақасова*
Компьютерде теріп, беттеген *А.Баймбеков*

Баспаға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ №2824

Басуға 25.05.11 қол қойылды. Пішімі 84x108$^{1}/_{32}$
Әріп түрі "мектептік". Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 5,46. Шартты бояулы беттаңбасы 5,56.
Есептік баспа табағы 5,63. Таралымы 1 500 дана.
Тапсырыс № 24

"Мектеп" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz

ISBN 978-601-293-346-8